Бобур ҳаётида икки марта ҳеч қандай талофатларсиз худудни кўлига киритган деган тушунча юқорида зикр этилди. Шундан бири Кобул ва Ғазни вилоятидир. Шунинг учун ҳам **Тенгри таоло фазл ва карами билан** муяссар ва мусаххар қилганини «Бобурнома»да баён этилган. Ушбу **Тенгри карам қилмоқ** асарда яна бошқа жойида ФБ орқали ўз ифодасини топган: *Неча кундин сўнгра эр ўғул Тенгри карам қилди, хабардин бурна уч кун туққондин сўнгра онаси олидин хоҳи ва нахоҳи олиб уйимизга келтуруб сахлабтурлар. Чун валодатининг хабарини йибордук. Бҳирани олгонда бу хабар етар, таяммунан ва тафаъулан отини Ҳиндол қўйдилар* [5]. – Бир неча кундан сўнг **Тангри карам қилиб**, ўғил фарзанд берди. Хабар юборишдан бурун туғилганига уч кун бўлганида онаси олдидан унинг хоҳиш-иродасига қарамай, уйимизга олиб келиб асрадилар. Туғилганлигини эшитганимиз ҳақида юборган хабаримиз Бҳирани олган пайти етиб боради. Қутлуғ билиб ҳамда **яхшиликка**

йўйиб отини Ҳиндол кўйдилар [65]. Ушбу мисолнинг таржимаси фақатгина табдилда тўлиқ акс этган лекин русча, уч хил кўринишга эга инглизча таржималарда тўлиқ акс этмаган.

Тенгрининг карам қилишини Ғайбулла Саломов ва Неъматилла Отажоновларнинг «Жаҳонгашта Бобурнома» монографиясида Бобурнинг Бҳира устидан қозонилган ғалабасига нисбатан Аллоҳнинг «Бобур Ҳиндни ол!» дея чорлагани ва шу туфайли *шугун тутиб* (яхши ният қилиб) фарзандига Ҳиндол деб исм қўйгани таъкидланган. Илоҳий тушунчалар реал воқеа-ҳодисалар билан боғланиб, муаллиф фалсафаси акс этганини кўрамиз. *Тенгрининг карам қилишини* эса Бобур Ҳиндни забт этган маҳалда рўй бергани учун ўғлининг исмини Ҳиндол деб қўйган ва ушбу ҳодисани яхшиликка йўйганини ўзи баён этган, лекин таржималар даврини босиб ўтган «Бобурнома»нинг инглизча таржималарининг ҳеч қайси бирида бу тушунча учрамайди. Мисол учун Ж. Лейден ва В. Эрскин таржимасини олайлик.

While we remind here, I received a letter from Maham, in which she said, «Whether the expected child be a son or daughter, I shall take my chance; I will regard the child as mine, and educate it as my own». On the 26th, in this same camp, I gave up Hindal to Maham, and, writing an answer to her letter, sent it to Kabul by Yusef Ali Rikabdar [9]. – Биз бу ерда эслатиб турганимиздек мен Маҳамдан хат олдим, унда ёзилишича «Кутилаётган бола ўғил ёки қиз бўладими, мен шу имкониятдан фойдаланиб болани ўзимники деб билай ва уни ўз фарзандимдек тарбиялай». 26-куни, худди шу қароргоҳда мен Ҳиндолни Моҳимга топширдим ва унинг хатига жавоб ёзиб, уни Юсуф Али Рикобдордан Кобулга жўнатдим, дейилади. Аслият мисоли С.Бевеержда қуйидагича берилади:

While we were in those parts, came a letter from Mahim in which she wrote, «Whether it be a boy, whether it be a girl, is my luck and chance; give it to me; I will declare it my child and will take charge of it». On Friday the 26th of the month, we being still on that ground, Yusuf-i-ali the stirrup-holder was sent off to Kabul with letters bestowing Hindal, not yet born on Mahim [2]. – Биз ўша ҳудудларда бўлганимизда, Маҳимдан бир мактуб келди, унда у шундай деб ёзган эди; «Ўғил бўлсин, ҳо у қиз бўлсин, бу менинг омадим ва имкониятим; уни менга беринг; мен уни ўз фарзандим деб овоза қиламан ва унга ғамхўрлик қилишни ўз зиммамга оламан». Жума куни ойнинг 26 – сида биз ҳали ҳам ўша ерда эдик, чопар эгаси Юсуф-и-Алидан ҳали Ҳиндол туғилмаган пайтда Кобулга Маҳимга мактуб юборилди. В.Текстонда аслият мисоли қуйидагича берилади:

After Humayun several infants were born to Humayun's mother, but none survived. Hindal had not been born yet. While in this region a letter came from Mahim in which she wrote, «Whether it be a boy or a girl, I will take my chances. Give the child to me and I will raise it as my own». (Babur's wife Mahim is asking him to give her Dildor's unborn child, who turned out to be Hindal Thackston 496). On Friday the twenty-six, at this same camp, I gave the as – yet-unborn Hindal to Mahim and wrote letter for Yusuf Ali Rikabdar to take to Kabul. [13]. – Ҳумоюндан кейин унинг онаси тарбия қилиши учун бир неча чақалоқлар дунёга келди аммо уларнинг ҳеч қайси бири омон қолмади. Ҳиндол ҳали туғилмаган эди. Ушбу минтақада бўлганимда Маҳимдан мактуб келиб, у хатда шундай ёзган эди: «Ўғил ёки қиз бўлсин, мен имкониятимдан фойдаланаман. Болани менга беринг, мен уни ўзимникидек тарбиялайман». (Бобурнинг рафиқаси Маҳим Дилдорнинг ҳали туғилмаган боласини ундан беришни сўрамоқда). Йигирма олтинчи сана жума куни, худди шу қароргоҳда мен ҳали туғилмаган Ҳиндолни Маҳимга бердим ва Юсуф Али Рикабдорга Кобулга элтиши учун хат ёздим.

Демак уч турдаги таржималардан кўринадики, инглиз тилида чиройли ва мазмунли таржима бўлган бўлса ҳам аслият матни адекват тарзда акс этмаган. «Бобурнома» матнининг қайта тикланишида аввалги нусхалар таржимонларнинг кўлида бўлган, деган тахмин бўлиши мумкин, лекин аслиятда *Неча кундин сўнгра эр ўгул Тенгри карам қилди, хабардин бурна уч кун туққондин сўнгра онаси олидин хоҳи ва нахоҳи олиб уйимизга келтуруб сахлабтурлар. Чун валодатининг хабарини йибордук. Бҳирани олгонда бу хабар етар, таяммунан ва тафаъулан отини Ҳиндол кўйдилар*, деб берилгани аён бўлиб турибди. Ушбу матнни биз инглиз тилига қуйидагича таржима қиламиз:

A few days later to God's willing and gave birth to a son. Three days before the message was sent, she was brought our home in front of her mother, despite her wishes, and adopted. The message we sent that we had heard of his birth that would reach the moment he received Bhira. Knowing the remembrance and spreading the news for good, named him Hindol in good faith.

«Бобурнома»да қўлланган диний терминлар инглизча таржималарнинг барчасида акс этган. Айниқса В.Текстон таржимасида Аллоҳ лексик майдонидаги ФБлар тўлиқ очиқ берилган.

Хулоса сифатида айтиш лозимки, мумтоз асар “Бобурнома” ўзида таржимашунослик ва тилшунослик учун жуда катта манбани сақлайди. Йиллар ва асрлар ўтса-да, унинг лексикаси ҳеч қачон эскирмайди. Архаизм қаторига кириши мумкин лекин маълумотлар манбаи сифатида янада кадр қиммати ошади. Йиллар аро амалга оширилган инглизча таржималари эса таржима муаммолари ечимига сифати қаралади.

Adabiyotlar

1. Алишер навоий. 2000. Муҳокаматул луғатайн // Муламал асарлар тўплами. XVI том. – Тошкент: Фан.
2. Beveridge A.S. The Babur-nama in English. Emperor of Hindustan Babur / A.S. Beveridge. – London, 1921. – 880 p.
3. Кошғарий М. Девону луғотит-турк. I-III / М. Кошғарий. – Т: 1960-1963. – I–500 б. – Б. 369.
4. Бобур З.М. Бобурнома / З.М. Бобур. – 2002, Тошкент: Шарқ НМАК. – 336 б.
5. Бобур З.М. Бобурнома / З.М. Бобур. – 2008. – Т: «Шарқ» НМАК. – 336 б.
6. Заҳириддин Муҳаммад Бобур хазиналари. Мубайян ва насрий баёни. «Шарқ», Тошкент, – 2014. Ҳамд баёни. – 373 б.
7. Заҳириддин Муҳаммад Бобур энциклопедияси. «Шарқ» нашриёти матбаа акциядорлик компанияси бош таҳририяти. – Тошкент, 2017. – 688 б.: Б. 31.
8. Leyden J. Memoirs of Zehir-Ed-Din Muhammed Baber: Babur Emperor of Hindustan / J. Leyden – London, 1826. – 432 p.
9. Олимов М. «Бобурнома» да Аллоҳ исмлари ва сифатлари талқини / М. Олимов. – «Фан», Тошкент, 2002. – Б.9, 76 б.
10. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков / Э.В. Севортян. – М.: Наука, 1974-1989. – I-VIII т.
11. Раҳматуллаев Ш. Ўзбек тилининг этимологик луғати (туркий сўзлар). Т.: «Университет», I т. – 200-600 б., Б. 371.
12. Thackston Wh. The Baburname / Wh. Thackston // Memoirs of Babur, Prince and Emperor. The modern library. New York. – 2002. – P. 267.
13. Thackston Wh.M. The Baburnama / Wh.M. Thackston // Memoirs of Babur, Prince and Emperor. – «New York», 1996. – 554 p.
14. Ўзбек тилининг изоҳли луғати. М.: Рус тили, 1981. Икки томли. II–715-б, Б.224.
15. <http://islamdag.ru/vse-ob-islame/25098>

FTAHP: 14.15.17

А.Ж. Турикпенова

PhD, аға оқытушы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы Университеті,
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САПА РЕЙТИНГІЛЕРІ: PIRLS, TIMSS ЖӘНЕ PISA

Сауаттылық – адамның өз ана тілінде жазу және оқу дағдыларының болуы. Дәстүр бойынша, «сауатты» сөзі оқи алатын және жаза алатын немесе тек қандай да бір тілде оқи алатын адамды білдіреді. Қазіргі мағынада бұл грамматика мен емленің белгіленген нормаларына сәйкес жазу қабілетін білдіреді. Тек оқи алатын адамдарды «жартылай сауатты» деп те атайды. Статистикада сауаттылық деп адамның күнделікті өміріне қатысты қысқа, қарапайым мәтінді оқу, түсіну және жазу қабілетін айтады. Ересектердің сауаттылық деңгейі – 15 және одан жоғары жастағы сауатты адамдардың үлесі.

Ал функционалдық сауаттылық – ол оқу мен жазудағы сауаттылықты, жаратылыстану ғылымдарындағы сауаттылықты, математикалық сауаттылықты, компьютерлік сауаттылықты, отбасы өміріндегі мәселелік сауаттылықты, денсаулық мәселесіндегі сауаттылықты, қаржылық сауаттылықты, заң туралы сауаттылықты қарастырады.

1965 жылы Тегеранда өткен сауатсыздықты жоюға арналған Бүкіләлемдік конгресте «функционалды сауаттылық» термині ұсынылды, ал 1978 жылы Білім беру саласындағы статистиканы халықаралық стандарттау туралы ұсыныста ЮНЕСКО тарыпанан ұсынылған түсініктеме қайта қарастылып, «функционалды сауаттылық – барлық әрекет түрлерінде болады, тиімді қызмет ету үшін қажет сауаттылық, өзін-өзі және қоғамды дамыту үшін оқу мен жазуды пайдалану мүмкіндігі» деп анықталды.

Елдің білім беру сапасының нысаналы көрсеткіштерін анықтау үшін әлемдік педагогикалық қоғамдастық PIRLS (пирлс), TIMSS (таймс), PISA және т.б. халықаралық тестерді әзірледі.

PIRLS (пирлс) – әлемдегі әртүрлі елдердің бастауыш сынып білім алушыларының мәтінді түсіну және оқу сапасы мен деңгейін салыстыратын, сонымен қатар ұлттық білім беру жүйелерінің айырмашылығын анықтайтын халықаралық зерттеу;

TIMSS (таймс) – математикалық және жаратылыстану білімінің сапасын халықаралық зерттеу;

PISA – халықаралық зерттеудегі функционалды сауаттылық деңгейі.

Жасөспірімдердің білім деңгейін бағалайтын мұндай зерттеулерге әлемнің 50-ге жуық елі қатысады

Сондай-ақ, PISA – оқу, математика және жаратылыстану сауаттылығы бойынша 15 жастағы білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға арналған халықаралық зерттеу.

Зерттеуге 15 жастағы балалардың қатысуы көптеген елдерде оқушылардың осы жасқа дейін міндетті оқуын аяқтағанымен түсіндіріледі. Оқушылардың дамуының дәл осы кезеңінде болашақта оларға пайдалы болуы мүмкін құзыреттерді анықтау маңызды. Қазақстанда 15 жастағы жасөспірімдер негізінен 9-10 сыныптарда оқиды, колледж студенттері де бар. Зерттеуді Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы әр үш жыл сайын өткізеді.

PISA алғаш рет 2000 жылы жүргізілді. Мысалы, PISA бағдарламасы 2009 жылы оқу сауаттылығына, ал 2012 жылы математикаға, 2015 жылы жаратылыстану-ғылыми білім сапасын бағалауға баса назар аударды.

Қазақстандық оқушылар PISA халықаралық зерттеуіне 2009 жылдан бері қатысып келеді. Қазақстанда жалпы білім беретін 184 мектептің (орыс және қазақ тілдерінде оқытатын) және 16 колледж бен кәсіптік-техникалық училищенің шәкірттері болды

2023 жылғы ақпанда Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен PISA-2025 жаңа циклі туралы келісім жасалды. 2022 жылы 80-нен астам әлем елдерінің қатысуымен PISA зерттеуінің сегізінші циклі өтті және инновациялық бағыт шеңберінде алғаш рет 15 жастағы білім алушылар арасында креативті ойлау дағдылары бағаланды.

Қазақстан алғаш рет 2007 жылы 4 сынып оқушыларының халықаралық салыстырмалы мағлұмат алу мақсатында математика мен жаратылыстанудан білім сапасын бағалайтын TIMSS зерттеуіне қатысты. Бұдан әрі TIMSS-2011 және TIMSS-2015 кезеңдеріне қатысты. 2007 жылы TIMSS зерттеуіне қатысушы 36 мемлекет ішінде қазақстандық оқушылардың білім жетістігі жоғары және халықаралық орташа көрсеткіштен айтарлықтай жоғары деп бағаланды.

2023 жылы 17 облыста және Астана, Алматы және Шымкент қалаларында 10 сәуір мен 22 мамыр аралығында TIMSS-2023 негізгі зерттеуі өткізілді. Халықаралық қауымдастығының іріктеуіне сәйкес TIMSS-2023 зерттеуіне қатысу үшін еліміздің 20 өңірінен 195 мектеп іріктелді.

2023 жылғы 26 ақпан мен 3 наурыз аралығында Прага қаласында (Чехия) TIMSS-2023 Ұлттық зерттеу үйлестірушілерінің 6-шы Халықаралық кездесуі өтті. Осы кездесуде TIMSS-2023 негізгі зерттеуінің ашық сұрақтарына жауаптарды кодтау бойынша тренинг өткізілді.

PIRLS – бұл төртінші сыныптың соңында оқушылардың мәтінді оқу және түсіну сапасын зерттеуге бағытталған әлемдегі жалғыз ауқымды зерттеу. Оқудың дәл осы кезеңінде білім алуды одан әрі сәтті жалғастыру үшін қажет негізгі білім мен дағдылар қалыптасады.

Зерттеуді Халықаралық оқу жетістіктерін бағалау қауымдастығы 2001 жылдан бастап әр 5 жыл сайын жүргізеді. Цикл сайын зерттеуге қатысуға ниет білдірген елдер саны артып келеді. 2021 жылы оған 65 ел мен білім беру жүйесі қатысты.

PIRLS халықаралық зерттеуінде оқығанды түсіну негізінен әдеби және ақпараттық мәтіндердің көмегімен бағаланады. Зерттеу сондай-ақ мәтіндермен толыққанды жұмыс істеу үшін қажет бірқатар дағдыларды зерттейді: анық түрде берілген ақпаратты табу; тікелей

қорытындыларды тұжырымдау; идея мен ақпаратты түсіндіру және біріктіру; мәтіннің мазмұны мен элементтерін сыни тұрғыдан бағалау.

PIRLS мәтіндері күрделілік деңгейлері бойынша төрт түрге бөлінеді: жеңіл мәтіндер (500 сөзге дейін), орташа мәтіндер (700 сөзге дейін), күрделі мәтіндер (850 сөзге дейін) және ePIRLS (ақпараттық оқу бойынша онлайн тапсырмалар). Сұрақтар жабық және ашық болып бөлінеді. Жауап нұсқасы бар және оқиғаларды дұрыс ретпен қоюды талап ететін тапсырмалар 1 балмен, ал ашық жауабы бар тапсырмалар қойылған міндеттің күрделілігіне байланысты 1-ден 3 балға дейін бағаланады.

Қазақстан PIRLS зерттеуіне 2016 жылдан бері қатысып келеді. 2021 жылы зерттеу республиканың барлық өңірлерінен 389 мектептің 10 230 оқушысы арасында аралас (компьютерлік және қағаз) форматта өтті. Жалпы қазақстандық балалар халықаралық орташа мәннен (500 балл) жоғары нәтижелер көрсетті (504 балл).

Дегенмен, 2016 жылмен салыстырғанда көрсеткіштердің 32 балға төмендеуі байқалады. Бұл бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдыларын дамыту бойынша мақсатты жұмыс жасаудың қажеттілігін көрсетеді.

PISA-2018 зерттеуінде қазақстандық 15 жастағы оқушылар оқу сауаттылығы бойынша 387 балл (77 елдің ішінде шартты түрде 69-орын), математикалық сауаттылық бойынша 423 балл (78 елдің ішінде шартты түрде 54-орын), жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша 397 балл (78 елдің ішінде шартты түрде 69-орын) жинады. 6 күрделілік деңгейінің ішінде қазақстандық жасөспірімдердің көпшілігі тек 1 және 2-деңгейлердің тапсырмаларын ғана орындады. Осылайша, Қазақстан осы рейтингте функционалдық сауаттылығы төмен елдер тобында орналасты. Сонымен қатар, PISA 2009, 2012 нәтижелерімен салыстырғанда, балдардың төмендеуі байқалады. ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткіштерден едәуір артта қалып, қазақстандық оқушылар кеңес үкіметінен кейінгі кеңістік елдері: Эстония, Ресей, Белоруссия, Украина-мен салыстырғанда төмен нәтижелер көрсетті. Біздің елімізде үлгерімі нашар оқушылардың үлесі (37,7%) Украинаға қарағанда екі есе жоғары (17,5%) және Ресейге қарағанда үш есе жоғары (11,2%).

Көптеген кезеңдер бойында Сингапур PISA, PIRLS, TIMSS халықаралық салыстырмалы зерттеулерінің нәтижелері бойынша көшбасшы орындарға ие болды.

2018 жылы PISA нәтижелері бойынша Сингапур сәйкесінше 556, 535 және 564 балл жинап, жаратылыстану-ғылыми, оқу және математикалық сауаттылық бойынша 1-орынды иеленді. TIMSS 2015 нәтижелері бойынша да сингапурлық төртінші және сегізінші сынып оқушылары математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша көшбасшы орындарға ие болды (математика: 4-сынып – 630 балл; 8-сынып – 621 балл; жаратылыстану: 4-сынып – 590 балл; 8-сынып – 597 балл). PIRLS 2016 нәтижелері Сингапурдың төртінші сынып оқушылары Ресей Федерациясынан қатарластарынан кейін (576 балл) оқу сауаттылығы бойынша 2-орын (581 балл) алғанын көрсетті.

ҚР PISA-2018 зерттеуіндегі нәтижелерін регрессивтік талдау әл-ауқат индикаторының қазақстандық оқушылардың оқу сауаттылығына 3,2%, математикалық сауаттылығына 1,1% және жаратылыстану-ғылыми сауаттылығына 1,8% әсер ететінін анықтады.

PISA зерттеуінде сондай-ақ үйдің АКТ-ресурстарымен қамтамасыз етілуі де қарастырылады. Қазақстандық оқушылардың 29,7%-ының үйлерінде Интернетпен ұялы телефон жоқ, 22,5%-ының үйлерінде бір телефон бар, 12,7% – екі, 35,1% – үштен астам телефон бар. 15 жастағы оқушылардың 20,5%-ының үйлерінде компьютер жоқ, 52,6%-ында үйде бір ноутбук, 21,1% – екі және 5,8% – үштен астам планшет жоқ. Оқушылардың 80,3%-ының үйлерінде электрондық риддер жоқ,

Қазақстанда PIRLS-2021 аралас форматта республиканың барлық аймақтарынан 389 мектептің (компьютер форматында 267 мектеп, қағаз форматында 122 мектеп) қатысуымен өтті. Барлығы зерттеуге әлемнің 57 елі мен 8 бөлек аумағы қатысты.

Зерттеу нәтижелері бойынша қазақстандық студенттердің орташа нәтижесі 504 баллды құрады, бұл PIRLS шкаласының халықаралық орташа мәнінен (500 балл) жоғары. Түрік студенттері де осындай нәтиже көрсетті (496). Жетекші елдер қатарына Сингапур (587), Ирландия (577), Гонконг (573), Ресей (567), Солтүстік Ирландия (566) кірді. 19 елдің мектеп оқушылары қазақстандық студенттерден төмен нәтиже көрсетті, оның ішінде Бельгияның француз бөлігі (494), Грузия (494), Әзірбайжан (440) және Өзбекстан (437).

Әрбір PISA циклі тестілеу уақытының көп бөлігі арналған бір "негізгі бағытқа" назар аударады, бұл әр тоғыз жыл сайын бағыттардың біріне мұқият талдау жасауға және динамиканы анықтауға мүмкіндік береді. 2022 жылы зерттеудің негізгі бағыты математикалық сауаттылық болды және негізгі үш бағытқа қосымша инновациялық – "креативті ойлау" бағаланды. Бұл доменнің нәтижелері 2024 жылы жарияланады. PISA-дағы математикалық сауаттылық адамның математикалық ойлау, математиканы тұжырымдау, қолдану және әртүрлі практикалық контексттердегі есептерді шешу үшін түсіндіру қабілеті ретінде анықталады.

Көптілді және көпмәдениетті ортада функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша жұмыс білім беру үдерісіне қатысушыларды байытады және әлеуметтік-мәдени орта саласындағы күнделікті мәселелерді оңай шеше алатын толыққанды тұлғаны қалыптастыруға көмектеседі.

Функционалдық сауаттылықты дамыту міндеті шын мәнінде әртүрлі пән мұғалімдері, бір білім беру ұйымының барлық мұғалімдері, озық білім беру тәжірибесін енгізетін мектептер үшін біріктіретін, біріктіретін қағидаға айналуы мүмкін. Мұндай интеграция дәстүрлі түрде жүзеге асырылатын пәндерді оқыту мен жекелеген пәндер шеңберінде қалыптасқан білім беру нәтижелерінің айтарлықтай айқын бөлшектенуі мен баланы шынайы өмірге дайындаудағы жан-жақты және үйлесімді даму міндеттері арасындағы жылдар бойы қалыптасқан күрделі қайшылықты объективті түрде жеңуге көмектеседі.

Әдебиеттер

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру (бастауыш сыныптар): Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 66 б.
2. Pisa халықаралық зерттеуі туралы қысқаша мәлімет. <https://goo.edu.kz/content/view/44/4416?lang=en>.
3. Қазақстанның 15 жасар оқушыларының оқудағы жетістіктеріне халықаралық баға берілді. – 2011. https://www.soros.kz/kk/kazakhstan_poluchil_mezhdunarodnu/.
4. «2021-2022 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқаулық хат. Ы. Алтынсарин атындағы КеАҚ. 2021.– 338 Б. // <https://uba.edu.kz/ru/metodology/>.
5. PISA-2015 халықаралық зерттеуінің негізгі нәтижелері, Ұлттық есеп / С. Ирсадиев және т.б. – Ақпараттық-талдау орталығы, 2017. – 241 б.
6. https://www.soros.kz/kk/kazakhstan_poluchil_mezhdunarodnu/
7. <https://www.gatob.kz/kz/o-teatre/istoriya-teatra/>
8. https://semeylib.kz/?page_id=151. <https://termincom.kz/articles/?id=27>

1 СЕКЦИЯ: МЕКТЕПТЕ ЖӘНЕ ЖОО-ДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

СЕКЦИЯ 1: НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЕ, ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ, ИНФОРМАЦИОННЫЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ В ШКОЛАХ И ВУЗАХ

МРНТИ: 17.07.21

Б.К. Ажибекова

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні мұғалімі
№ 117 ЖББМ жалпы білім беретін орта мектеп
(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)
e-mail: bizhamal.azhibekova@mail.ru

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ӨСИЕТТЕРІ

Абай тәрбиенің басты құралы – еңбек деп санады. Ол білімді игерудің маңыздылығын атап өтті, адамның рухани жетілуі көбінесе ағартушылыққа байланысты.

Абай Құнанбаевтың еңбегі-ол адамды жаңарту жолдарын іздеп, оның руханилығын көтеруге, адамгершілік қасиеттерін жетілдіруге тырысты. Оның жалпыадамзаттық әділеттілік идеалдарын бекітуге шақыруы Адам бол! біздің заманымызда да өз өзектілігін сақтап қалды. Абай-тәлімгер және мұғалім, адамгершілік тәрбиесінің гуманистік тұжырымдамасын алға тартады, оның мақсаты баладан еңбекқор, патриот, жан-жақты дамыған, адамгершілігі жоғары, туған халқының мүддесі, ойы мен ұмтылысы арқылы өмір сүретін адамды қалыптастыру.

Абайдың барша көпқырлы педагогикалық мұрасынан біз оның адамгершілік көзқарастарына, педагогикалық этикасына ерекше тоқталып етуге тырысамыз, өйткені бүгінгі таңда, ұлы тұлғалардың кеше ғана сөзсіз басшылыққа алынған идеялары оп-оңай құртылып, ал әр күн қоғамның әлеуметтік-экономикалық, рухани-адамгершілік өміріндегі тоқырау жайында ащы деректер әкеліп, және, әлбетте, бұл жас жеткіншектер мен жастардың адамгершілік бейнесі мен мінезқұлқына өте теріс әсер етіп (нигилизм, эгоцентризм, оқшаулану, құқық бұзушылық және қылмыс жасау орын алып) жатқанда, жас ұрпақтың жан-дүниесін қалыптастырудың өзіндік жалпыадамзаттық адамгершілік тұжырымдамасымен Абай бізге аса қажет.

Абайдың адам, оның өмірдегі орны мен атқаратын міндеті, оның адамгершілік тұрғысынан жетілуі туралы ойларына жүгіне отырып, біз олардың өзектілігіне тағы бір рет көз жеткіземіз, өйткені оларды өзіміздің кәсіптік-педагогикалық қызметімізде де, жеке басымызды адамгершілік-этика тұрғысынан жетілдіруіміз үшін де басшылыққа ала аламыз.

Абайдың пікірінше, адам дүниеге жеке тұлғаның әлдебір дайын мінез-құлық ережелерімен бірге келмейді. Ізгілік пен кемістік жайындағы түсініктер, барша мінез-құлық ережелері адамның өмір сүруі мен қызметі барысында пайда болады. Ол жастарды:

«Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң арқалан.

Сен де бір кірпіш - дүниеге,

Кетігін тап та, бар, қалан», – деп үйретті [1].

Ал адамды зерттеп, тәрбиелеу үшін, бұны қазіргі заманға сай ғылыми тұлғалық-қызметтік көзқарас емес деп айта аламыз ба? Абайды адамның: этикалық, эстетикалық тұлғасы, оның білімі мен тәрбиесі, сезімдері мен ақыл-ойының әлемі, мұраттары мен өмірлік мақсаты қызықтырып, тартады.

Адамның тәрбиесі мен қалыптасуына аса маңызды мағына бере және адамның кемістіктерін тағдырдың жазуы деп түсіндіргісі келгендерге қарсы күресе отырып, Абай адамгершілік қасиеттерді адамның табиғаттан алмайтынын, тәрбие барысында ғана оның өнегелі немесе өнегесіз адамға айналатынын баса айтқан.

Баланы тәрбиелеуші кім, сонда? Әлбетте, бәрінен бұрын, оны қоршаған адамдар. Оларды Абай үш топқа бөледі. Кейбір кемшіліктерді анықтау, сонымен қатар өсіп келе жатқан жас ұрпақтың адамгершілік тұлғасында ауытқушылықтарды болдырмау үшін, Абайдың ұстанымдарын тәрбие беру үдерісінде басшылыққа алуымыз керек. Сонымен, Абай ажыратқан топтар қандай топтар екен?

Біріншіден, Абайдың айтуынша, ол – ата-аналар, аға-інілер мен сіңлі-қарындастар, яғни баланың отбасы, туыс-туғандардың ортасы. Екіншіден, ол – мұғалімдер, тәрбиешілер, тәлімгерлер, яғни бала тәрбиесіне кәсіби жауапты ересек адамдар. Ал, үшіншіден, ол – құрдастар, достар, жолдастар...

Бірақ Абай өзгеше маңызды адамгершілік-этикалық қорытынды жасайды: адамдардың осы санаттарының ішінен балалар кімді көбірек құрметтейді, кімге көбірек сенеді, кімнің ықпалы күштірек? Баланың жақсы көретін адамы – олардың алғашқы да басты тәлімгері! Педагогикалық ойлау және балаларды адамгершілікке тәрбиелеп, қалыптастырудың тиімді жолдарын іздеп, табу үшін, Абай бізге қаншалықты көп дүние қалдырды десеңізші...

Абай адамгершілікке үндейтін жалынды шығармалары топтамасында «Адам бол!» деген өсиетін алға тарта отырып, жастарға арнап достық пен жолдастықтың, ерлі-зайыптылық өмірдегі сүйіспеншіліктің, борыш пен ұжданның, адам істеріндегі ерлік пен сұлулықтың этикалық нормаларының тұтас кодексын жасап шыққан: оларда мінез-құлықтың оң да, теріс те қасиеттері, жақсылық пен жамандық, адамның адамгершілік тұрғысынан жетілуі үшін ғылым мен ғалымдардың қандай рөл атқаратыны жайында баяндайды. Ұлы ағартушының: «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Интернатта оқып жүр» және көптеген басқа шығармаларында осындай қасиеттер сипатталады. Егер бір өлеңдеріне Абай адам болу үшін не керек екенін айтса, ал басқаларында адам болу үшін не істемеу керектігін түсіндіреді. Мәселен, «Әсемпаз болма әрнеге...», «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын...», «Болды да партия» және тағы басқа өлеңдерін атауға болады.

Адамның мінез-құлқын өзгерту үшін тәрбиенің атқаратын рөлін жоғары бағалай отырып, Абай тәрбие мен білім берудің адамгершілік мұрат-мақсаттарын айқындайды. *Тәрбиенің жоғары маңсаты, Абайдың пікірінше, – баланы еңбекқор және отаншыл етіп шығару, ал оқытудың мұраты – оның қоршаған әлемді танып білуі, білімдерге қанығып, білім мен мамандық алып шығуы.* Басты міндет – тәрбие мен оқытуды қатар жүргізіп немесе, қазір өзіміз айтатындай, бір мақсат – адамгершілігі асқақ, мәдениетті, білімді, халқына қызмет ететін, соның мүдделерімен, ойларымен, арманмүдделерімен өмір сүретін жоғары өнегелі адам қалыптастыра отырып, біртұтас педагогикалық үдеріс құру. Біздің түсінуімізше, Абай тәрбие мен оқыту ісін адамгершілік пен демократия ұстанымдарына құрудың қазіргі заманғы мақсатын алдын ала болашақтағы жүз жылға айқындап қойғандай.

Адамгершілікке тәрбиелеудің басты құралдары деп Абай еңбекті және адамдарды ағартуды атайды. Оның поэзияда да, прозада да еңбектің адам өміріндегі маңызы туралы айтпаған бірде-бір шығармасы жоқ дерлік. Абай еңбекті адамның өмірлік қажеттілігі және оның адамгершілігінің негізі ретінде жырлайды. Еңбек адамы, Абайдың ойынша, ізгіліктің шынайы иесі, яғни «адамның әулиесі».

Қорытындылай келе, ағартушы-педагог адамның бақытын адамгершілікті бағалау өлшемі деп қарай отырып, оның мағынасы жайында көп ойланып, толғанады. Оның ойынша, адам бақытқа ұмтылуға тиіс, өйткені бақытқа жетуге құлшыну адамдардың өмірін айқындайтын аса маңызы фактор болып табылады. Өмір мен бақыттың мағынасын ол білімнен, еңбектен, халық үшін өтпейтін-өшпейтін мағынасы бар игілікті істер істеуден көреді. Абайдың өзі халыққа қалтқысыз қызмет етудің осындай жарқын үлгісі бола білді.

Әдебиеттер

1. Кунанбаев А. Избранное / А. Кунанбаев. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1988. – 340 с.
2. Өтеген Қ.О. Педагогика: Оқу құралы / Қ.О. Өтеген. – Шымкент: «Әлем», 2012. – 284 б.
3. Кубесов А. Педагогическое наследие аль-Фараби / А. Кубесов. – Алма-Ата: Мектеп.

А.Қ. Айтбай

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні мұғалімі
№ 117 ЖББМ жалпы білім беретін орта мектеп
(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)
e-mail: Aitbayalina@mail.ru

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК-ЭТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тәрбие – бұл мәңгілік категория. Соған қарамастан «Педагогикадағы» қиын, күрделі мәселелердің бірі тәрбиенің мақсатын анықтау болып табылады. Әр елде тәрбиенің мақсаты мен міндеттері сол елдің нақты талаптарына сай кейбір өзгеріске ұшырағанымен тәрбиенің негізгі мақсаты – жас ұрпақты өмірге дайындау, оған өз халқының ғасырлар бойы жасап, қалыптастырған әлеуметтік тәжірибелерін үйрету негізінен сақталып келеді. Осыдан тәрбие тәжірибесін топтастыру және қорытындылау, арнайы оқу-тәрбие мекемелерін ұйымдастырып, жастарды өмірге дайындаудың қажеттігі туындады. «Тәрбие – тал бесіктен» демекші қазіргі заман талабы да осыны қалап отыр. Осы тұрғыда көп еңбек еткен, тәрбиенің қыр- сырын танып, біздерге мұра ғып тастап кеткен М. Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегі жайлы айтып кетпеу мүмкін емес.

Мағжан Жұмабаев – ақын, прозашы, аудармашы, педагог. Оның барша шығармашылығы өз халқының бақыты жайындағы ойлармен өрілген. Ал ғалымның терең ғылыми зерттеулері ерекше назар аударуға тұрарлық. Балаларға білім мен тәрбие беру мәселесіне ол көптеген жарияланымдар, оқулықтар мен оқу құралдарын арнаған. Олардың арасынан «Бастауыш мектептегі ана тілі» (1923 ж.), «Сауаттылыққа оқыту» (1926 ж.), «Ересектерге арналған әліппе» (1929 ж.) деген кітаптарын атауға болады. Ал М. Жұмабаевтың 1922 жылы жарыққа шыққан «Педагогика» атты кітабы бүгінгі таңда да тамаша оқулықтың озық үлгісі болып саналады.

«Педагогика» кітабын жазған уақытқа қарай М. Жұмабаевтың жоғары және орта мектептегі педагогикалық қызметінде айтарлықтай тәжірибесі бар-тын. Ол бейімділігі жағын айтпағанда, алған білімі бойынша да педагог болған. М. Жұмабаев өткен уақыттардағы ғана емес, сонымен қатар замандас ғалымдардың да зерттеулерімен жақсы таныс болған. Бұл жайында ол, атап айтқанда, «Педагогика» кітабының алғы сөзінде: «Мен көптеген педагог ғалымдардың еңбектерін оқыдым. Әсіресе Рубинштейннің, Смирнов пен Скворцовтың кітаптарын егжей-тегжейлі зерттедім. Бірақ бұл кітапты алдыма қойып, оны көшірдім деген сөз емес. Ғалымдардың жазғандарын сын көзбен қарап, түсіне отырып, мен қазақтардың өмірімен үндесіп жатқан, өзіміздің, іс-тәжірибемізде пайдалануға болатын идеяларды іріктеп алдым», – дел жазған [1].

М. Жұмабаевтың «Педагогикасындағы» басты тақырып – «бәрінен бұрын, адам мен адамзаттың мүдделері». Бұл оқу құралын қазақ ұлттық педагогикасын құрудың алғашқы тәжірибесі деп айтуға болады. М. Жұмабаев халықтың ұлттық тәрбиесінің ең басты, негізгі тәрбие екеніне нық сенімді, өйткені «ұлттық тәрбиенің ежелден қалыптасқан, ең ерте замандардан бастап-ақ көпжылдық іс-тәжірибелерде сыналған тәсілдері мен жолдары бар» [1]. Сондықтан әрбір мұғалім, әрбір тәрбиеші ұлттық тәрбиенің педагогикалық негіздерін білуге тиіс. Сонымен бірге М. Жұмабаев халықтық тәрбиені даралаудан сақтандырады, өйткені «...ұлттық тәрбиенің жақсы жағы көп, бірақ жаман жағы да баршылық. Кез келген ұлттық тәрбиеде ұшырасатын зиянды әдеттерден қазақ ұлты да ада емес...» [1]. Бірақ соған байланысты ол қазақ халқының педагогикасын әлемдік педагогикалық ойдан, жалпыадамзаттық ойдан, жалпыадамзаттық өнеге мен мәдениеттен оқшауламайды. Өзінің ой-толғауларында ол өткен уақыттардың тамаша педагог ғалымдарының еңбектеріне сүйенеді.

М. Жұмабаевтың авторлық ұсыныстары, педагогикалық қорытындылары мен кеңестері қазақ халқының поэзиясымен, салт-ғұрыптарымен және ең жақсы дәстүрлерімен табиғи астасып жатыр.

Зерттеудің тағы бір ерекшелігі – онда психология педагогикаға оның бөлінбес бөлшегі, тұлғаның рухани өмірінің қалыптасуына септігі тиетін бөлігі ретінде енген.

Автор еңбегінде тәрбиенің бағыттарын жіктей отырып, оның дене тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, эстетикалық және рухани тәрбие деген түрлерін ажыратады. Бұл көрсетілген бағыттардың үзілместей байланысын көрсетуге ұмтыла отырып: «Егер адам баласы тәрбиенің осы төрт түрін толық алса, оны тәрбиелі адам деп санауға болады. Егер ол шыныққан, күшті және өмірде кездесетін: ыстық, суық, аштық, кедейлік сияқты құбылыстардан қорықпайтын, ойлауға, дұрыс жол табуға қабілетті болып өссе, егер ол көркем сөзді, сиқырлы әуенді қабылдай алатын, көрген ғажайыптарынан ләззат алатын, жақсыны ғана қалайтын, мораль тұрғысынан кіршіксіз таза болып өссе, онда біз толық тәрбие алған нағыз адам туралы айта аламыз», – деп жазады [2].

Кітаптың кіріспесінде М. Жұмабаев педагогикаға жақын ғылымдарды атап көрсетеді. Дене тәрбиесімен айналысу үшін, ғалымның пікірінше, анатомия, физиология, гигиена, жаттығулар іспетті салаларды біліп, меңгеру қажет. Рухани тәрбие үшін ол: психология, логика, этика салаларын көрсетеді. М. Жұмабаев педагогиканы ғылым ретінде бес құрамдас бөлікке: жалпы педагогика, дидактика, әдістеме, мектепті басқару, педагогика тарихы деп ажыратады.

Оның еңбегінде «Жалпы педагогика» тарауы ғана баяндалса, екінші бөлігі рухани тәрбиеге арналған. Кітаптың кіріспесінде М. Жұмабаев: «Жан – адам бойындағы ең қымбат, ең жұмбақ нәрсе. Ал рухани тәрбиемен айналысу үшін, жанның қасиеттері жайында білім беретін ғылымды өте жақсы оқып, меңгеру қажет», – дейді [2].

«Педагогиканың» негізін халық педагогикасының әсері арқылы қаралған жалпыадамзаттық құндылықтар құрайды.

Оқулықтың алғашқы беттерінен-ақ баланы бесікте жатқан кезден тәрбиелеу жайында айта келіп, М. Жұмабаев халық педагогикасының дәстүрлеріне («Баланы – жастан») сүйенеді. Соған байланысты Мағжан: «Бала – талдың бұтағы. Оны қалай исең, солай өседі. Бірақ оның діңін түземек болсаң, ағашты сындырып аласың», – дейді.

Кітапта баланың адамгершілік тәрбиесінің заңдылықтары, ұстанымдары мен мақсаты, мазмұны, жолдары, түрлері мен тәсілдері ашыла көрсетілген. «Тәні саудың жаны сау» деген мәтелге сүйене отырып, автор қазақтың киіз үйі, ұлттық азық-түлік түрлері (қазы, қымыз, құрт, сорпа), тұрмыстық салттар мен дәстүрлері (баланы бесікке бөлеу, емізу, атқа мінгізу және басқалары) жайында баяндайды.

М. Жұмабаев, шынайы ағартушы ретінде, жер шары халықтары ынтымақтастығының адамгершілік ұстанымдарын жариялайды, адамның өз халқын ғана сүйіп, басқа халықтарды жек көре алмайтынын айтады. Адамгершілікке: жаны ашу, аяу, сүю сияқты қасиеттер жатуға тиіс. Педагог басқаның қайғысын сезу қабілеті адамның табиғатына тән екеніне сендіреді. Суға батып бара жатқан адамды құтқаруға ұмтылғанда, ешкім де сол ісі үшін марапат алуды ойламастан суға секіреді. Адам өмірінде қиындықтар мен ауыртпалықтарды қаншалықты көп көрсе, ол басқалардың ауыртпалығын да соншалықты жақын сезінеді Сөйтіп, баланың адамгершілік тәрбиесін бағалаудың басты өлшемі деп М. Жұмабаев жер бетіндегі барлық адамдарға бауырластық сүйіспеншілік сезімін атайды. Адамзаттың осы адамгершілік қасиетін жоғалту және ұмыту қорқынышты салдарларға: ұлттық өшпенділікке, озбырлыққа, ыза-кекке әкеліп соқтырады.

Адамгершілікке тәрбиелеудің мақсаты, М. Жұмабаевтың пікірінше, баланың бойында адамгершілік бағдарлық ойлау қабілетін, адамгершілік мінез-құлық пен іс-әрекеттер қалыптастыру болуға тиіс. «Бала, – деп жазады педагог, – жаман қылықты адамгершілік таңдау жасай алмағаннан, әрекетінің салдарын алдын ала көре білмегеннен істейді, өйткені ол міндеттердің шешімі одан белгілі бір күш-жігер жұмсауды, адамгершілік ұстанымдар мен моральдық қасиеттердің болуын талап етеді» [2]. М. Жұмабаевтың пайымдауынша, адамның бойында өз бетінше дамуға, жетілуге ұмтылу, бойында нық адамгершілік ұстанымдарын, сенімдерін қалыптастыруды, өзінің адамгершілік мұратын табуды, өзінің наным-сенімдері жолында күресу үшін қажетті ерік-жігері мен мінез-құлқын дамытуды қалау сезімін туғызу өте маңызды.

Тәрбиенің әдістері жайында айтқанда, Мағжан баланы ұрып-соғып жазалауға, тұлғаны қорлауға үзілді-кесілді қарсы тұрады. Балаға жалмауыз кемпір, мыстан, шайтан, адам жегіштер, Кашей жайында әңгімелеп, оны қорқытпау керек. Ондай бала батыл, ержүрек болып өспейді. М. Жұмабаев бала тәрбиешіге сөзсіз құлақ асуға, көзсіз сенуге тиіс дейтін өктем тәрбиеге қарсы болды. «Педагогика» авторының ойынша, бала тәрбиешінің озбырлығына емес, қажеттілікке, тиісті нәрселердің күшіне бағынуға тиіс. Әлдебір істі тапсырған кезде, балаға оның не үшін қажет екенін

түсіндіру керек. Егер бала өз еңбегінің түпкілікті мақсатын білсе, ол, қайткенде де, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тырысады. Өзінің бұйрықтарын сөзсіз бұлжытпай орындауды талап ететін тәрбиеші – нашар тәрбиеші.

М. Жұмабаев педагог тарапынан өне бойы қамқорлық көрсетудің де зиянды екенін айтады. Оқушының қайсыбір істі басқалардың көмегінсіз орындай алмайтынына көзі жеткенде ғана, тәрбиеші оған көмекке келе алады. Тұрақты бақылау және үлкеннің айтқанын орындауды талап ету, әлбетте, баланың бойында қорқыныш сезімін туғызып, оны қорқақ, тұйық және ынжық жанға айналдырады. Бірақ бала басына келгеннің бәрін істеп, ешқандай шектеу көрмесе, онда біз кейін есерсоқ өзімшіл, еркетотай, ешкіммен санаспайтын әпербақан адамды көретін боламыз.

Бір жағынан, бала еркіндікті сезінуге тиіс, екінші жағынан, бұл еркіндік міндеттілікке, жауапкершілікке және өзара сынға тәрбиелейтін тәртіпке бағынуға тиіс.

Тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынастарда сыйластық пен құрмет орын алуға тиіс. Адамгершілікке негізделген педагогика ұстанымдарын қолдай отырып, М. Жұмабаев, бәрінен бұрын, әр адамның бойында ізгі бастаулардың бар екеніне сүйене отырып, тұлғаның адамгершілік бейнесін игі істермен қалыптастыруға болатынын айтылған.

Қорыта келгенде, Мағжанның «Педагогика» оқулығын оқи отырып, мынандай ой түйіндейміз: ғылым ұлттық болмысымыз бен сана-сезімге жақын этнопедагогика, психология принциптерін негізге ала отырып жазған. Аталған еңбекті сараптай келе өткен ғасырдың 20–шы жылдарда педагогикалық–психологиялық жазба еңбектерде айтылған ойлар бүгінгі тәуелсіз мемлекетімізді дамытуда, әсіресе ұлттық байлығымызды пайдаланып, оны қажетімізге жаратауға таптырылмас мұра болып отыр. Ұлы М. Жұмабаевтың еңбектеріндегі ұстаздық – тәлімгерлік идеялары біз үшін өте құнды дүние.

Әдебиеттер

1. Антология педагогической мысли Казахстана / Сост. К.Б. Жарикбаев, С.К.Калиев. – Алматы: Рауан, 1995. – 512 с.

ҒТАХР: 14.15.01

А.А. Атаева

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні мұғалімі
№ 117 ЖББМ жалпы білім беретін орта мектеп
(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)
e-mail: Arailymataeva88@gmail.com

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ МҰҒАЛІМ ТҰЛҒАСЫ

Жаңартылған мектеп форматы мектептердің форматы біртіндеп өзгерді, цифрлық орта ұйымдастырылды. Қазақстанда бұлтты жүйелер (электронды күнделіктер), интерактивті мазмұны бар электронды тақталар, компьютерлер мен планшеттер қолданылады. Мектептерде жоғары жылдамдықты Интернетке қол жетімділік пайда болды. Барған сайын сабақ және сабақ жоспары ақпараттық технологияларға негізделген интерактивті және цифрлық технологиялардың жаңа мүмкіндіктерін қамтып отыр.

Цифрлы технологияның біздің өмірімізге етене араласып кеткені сонша, бүгінде бұл технология қоғамдық салалардың сан алуан бағытында қолданылып жүр. Қазіргі таңдағы білім мен ғылымның дамуы түрлі қоғамдық өзгерістердің туындауына әкеліп жатыр. Соның ішінде білім беру саласында осы бағытта түрлі шаралар жасалуда.

Бүгінгі күні цифрлы оқыту технологияларын қолдану аса маңызды болып саналып жүр. Бұл үшін еліміздің білім беру саласында бірқатар реформалар жүргізіліп, сабақты оқушылар үшін аса қызықты әрі пайдалы өткізу жолдары қарастырылып, өз кезегінде нәтижесін де беріп жүр.

Адамға білім беру процесі ең алғаш бастауыш сыныптарда берілетіні белгілі. Жалпыбастауыш сынып баланың білім мен тәрбиені бойына барынша жинап, тұлғалық дамуына ерекше жағдай жасайтын кезең. Алғашқы білімнің іргетасы қаланатын тұстардың түйісетін уақыты

да бастауыш сынып болмақ. Міне, бүгінгі цифрлы оқыту жүйесінде бастауыш сыныптағы оқыту процесін дамыту арқылы елдің өркендеу мәселесін көздейді.

Бір кездері дамытушы ойыншықтар мен проекциялық аппараттарды инновациялық технология ретінде қолданған мен үшін ақпараттық технологияларды меңгеріп, пайдаланудың пайдасы зор болды. Бірінші кезекте өзімнің материалдық базамды толықтырдым, екінші кезекте уақыт үнемдей алдым. Ақпараттық технологиялар дамыған сайын, білім беру жүйесіне де түрлі өзгерістер енуде. Жалпы, педагогика цифрлы оқыту технологияларымен тығыз байланысты. Олардың дамуына орай, педагогикалық орта мен әдіс-тәсілдер де өзгереді. Бүгінде цифрлы технологиялардың алуантүрлілігі білім алуудың сапасын көтеріп қана қоймай, білім алуудың жаңа тәсілдерін құруға да мүмкіндік беріп отыр. Және де ұстаз пен оқушының арасындағы қарымқатынастардың жаңаша түрін қалыптастыра бастады.

Түрлі технологиялар көп-ақ, дейтұрғанмен олардың арасынан қажеттілігін ғана таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану – менің басты талаптарымның бірі. Мәселе, технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттап білім беруде. Сол себепті де сабақ барысында барысында көрнекілік әдістер мен техникалық құралдарды қолданамын.

Жалпы, сабақ барысында жаңа технологияларды, техникалық құралдарды жан-жақты қолдану, сабаққа керекті материалды ақпараттық кеңістіктен іздеу, мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оның уақытын үнемдейді. Сондай-ақ, жаңа ақпараттар легі көбейіп оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Мәселен, сабақ барысында қолданатын электрондық оқулықтардың артықшылықтарын айтып өтейін. Аталмыш оқулықты пайдалану барысында оқушы бұрын алған білімін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды.

Цифрлық технологиялардың жедел дамуы салдарынан бүгінде ақпараттар ағымы өте көп. Тіпті, санынан адам жаңылады. Осыған байланысты педагогтерге артылар жүкте артты. Мәселен, педагог – ақпараттық мәдениеті жоғары, кез-келген технологияларды меңгерген болуы шарт. Бұл мәселеге мен де бей-жай қарамаймын. Өз тәжірибемде мультимедиялық технологияларды көбірек қолданып, оқушыларға ғаламтордан тақырыптық бейнекөріністер көрсетемін. Компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін толық пайдаланып, оқушыларға талдау жұмыстарын жасатамын. Олардың терең де тиянақты білім алуларын қамтамасыз етемін. Графикалық материалдар мен презентациялық слайдтар жасау арқылы, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, танымдық және есте сақтауын қалыптастыруға әрекет етемін. Оларға сұрақ қоя отырып, өздерінің көргендерінен ой-пікірлерін сұрауды да ұмытпаймын. Бұл арқылы жасөспірімдердің өз пікірлерін еркін жеткізе білуіне, бірін-бірін тыңдай білуге ұмтылады.

Ал, компьютерлік сабақтарда көбіне компьютерлік бағдарламалар мен электрондық ресурстарды пайдалануға мүмкіндік беремін. Себебі, бұл әдіс арқылы оқушылар кез-келген тақырыпты еркін меңгеріп, пәнге деген қызығушылығы артады, ой-танымы кеңейеді, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасайды. Жалпылама пәндерде компьютерлік тестілеуді қолданудың өте көп көмегі тиеді. Бұл – оқушылардың интеллектуалдық танымын, логикалық ойлауын дамытуға ықпал етеді.

Сабақтарымда әр тақырып сайын оқушылармен түрлі шығармашылық жұмыстарды шеберлігіме қарай ұйымдастырып, түрлендіріп, өткіземін. Және де жаңа сабақты түсіндіру барысында сабақтың мазмұнын дайын күйінде бермеймін. Оқушылардың өздігінен танып-білу дағдыларын қалыптастырып, жаңа тақырып бойынша анықтама, ережелерді өздері құрастырып тұжырымдай білуіне үшін логикалық, талдамалық сұрақтар қоямын. Негізінен, білім беруде цифрлық технологияларды қолданған да сабақ барысы ерекше форматта өтеді. Себебі, аталмыш құралдардың өзіне тән формальды колориті мен танымы болғандықтан, сабақ беру методикасы қызығырақ болады. Бұндай танымда өскен балалар белгілі бір қабілетті игеріп, соған жетік болады. Міне, осы тұрғыдан алып қарағанда жоғарыда атап өткен жүйелі-әрекеттік тәсілдің тигізер пайдасы зор.

Мектеп қабырғасында оқушыларды оқыту процесінде ең алдымен жүйелі-әрекеттік әдісі басты назарға алынуы керек. Өйткені, қазіргі таңдағы оқулықтар мен оқу құралдары жүйелі-әрекеттік әдісі бойынша жазылған. Сондықтан, әрбір мұғалім аталмыш технологиядағы негізгі функцияларды өзінің сабағында жетік қолданып, оны бүгінгі күннің талабына сай икемдеп, жаңа форматты оқыту процесінің үлгісін қалыптастырғаны абзал. Жүйелі-әрекеттік әдіс бүгінгі күні

өте кең ауқымда қолданылып келе жатыр. Оқушылардың сабаққа деген ынтасы мен ықыласын арттыру мақсатында қолданылып жүрген бұл технологияның беріп жатқан нәтижесі де өте үлкен. Оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыруда және ақыл-ой зердесін дамытуда аталмыш технологияның мәні зор. Мәселен, оқушының еңбек етуге деген ұйымшылдық қабілетін оятуға ынталандырады, өзін-өзі басқару, бақылау, байқампаздыққа, ақыл-ой іскерлігінің белсенділігін дамытады. Сондықтан, цифрлы технология үрдісін әр ұстаз жүйелі пайдалана білсе, ертеңгі қоғам иелерінің білімді, білікті, ынталы болары сөзсіз.

Қорыта келе, әрбір сабақ – мұғалімнің шығармашылық жұмысы. Сондықтан да әр сабақты оқушының есінде қалатындай етіп түрлендіріп отырған жөн. Ғылым мен техниканың дамыған заманында оқушылардың білім деңгейін тереңдету, ғылыми тұрғыда дамыту, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу шеберліктерін арттыру, өз беттерімен ізденушіліктерін, ақпараттық құралдарды іздестіру және оны пайдалана білу мақсатында цифрлы технология әдістерін тиімді пайдалану – ұстаз шеберлігінің белгісі.

Әдебиеттер

1. Желдербаева С. Жаңа педагогикалық технологиялар / С. Желдибаева. – Алматы, Рауан, 2012. – 99 б.
3. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии / В.П. Беспалько. – М.: Педагогика, 2015. – 75 с.

ҒТАХР: 26.01.21

А.Д. Бәшенова

Абай облысы Семей қаласы «Ыбырай Алтынсарин атындағы № 37 гимназиясы» КММ
химия пәні мұғалімі
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

ХИМИЯ ПӘНІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндеті қойылды. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функционалдық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұру болып табылады.

Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Функционалдық сауаттылығы дегеніміз адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заманағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы.

Ондағы басты мақсат – жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқатүсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші.

Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады.

Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі.

Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Қоршаған әлемде және табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсіну, салыстыру, талдау, жіктеу, жүйелеу, жалпылау білік, дағдыларын меңгерту мақсаттары көзделгенде ғана оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға болады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін академиялық білім беріп қана қоймай, сын тұрғысынан ойлау, білімін күнделікті өмірде, шынайы жағдайларда пайдалана білу, проблеманы шешу, ғылыми-зерттеу қарым-қатынас дағдыларын дамыту керек. Сабақтың дағдыларын, мақсаттарына жету үшін тілдік дағдыларының төрт түрін түрлі комбинацияда оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым қолдана білу керек. Ол үшін мына мәселелерге үнемі көңіл бөлу керек:

1. Оқушыларға тапсырмаларды 6 деңгейлі Блум таксономиясы негізінде құрып, ондағы білу, түсіну, қолданудан гөрі жинақтау, талдау, бағалауға мән беру.

2. Стандарт талаптарына сай берілген тапсырмаларды орындаумен қатар оқушының өмірде қолдана алатындай тапсырмалар құрастыру.

3. Оқушының логикалық ойлауын, сыни тұрғыдан ойын жеткізуді жүзеге асыру үшін, білім беруде сабақтың құрылымын өзгерту, яғни оқытудың белсенді стратегияларын қолдану, оқушының сабаққа деген ынтасын арттыру үшін әр 10 мин сайын жағдаятты өзгертіп отыру.

4. Оқушыға тапсырма берген кезде оның алгоритмдерін алдын- ала ескерту.

5. Тапсырманы зейін қойып, орындауға және эксперименттік есептер, зертханалық шағын зерттеу жұмыстарын орындата отырып, өзінің орындаған жұмысының дұрыстығына көз жеткізу, өзін-өзі бағалауға үйрету. Осындай іс-әрекеттерді орындаған жағдайда оқушыға жоғары деңгейде білімін қалыптастыруға жол ашылады.

Пәнді интеллектуалдық және шығармашылық тұрғыда түсініп меңгертуде қазіргі таңдағы оқыту технологияларының стратегияларын пайдалану тиімді болып келеді: «Джиксо ұжымдық оқыту» стратегиясы, «Дана үкілер» стратегиясы, «Мозаика немесе Ара ұясы» стратегиясы. Мақсаты: Жалпы мәселені жұпта, топта, ұжымда талқылау. Бұл стратегиялар мазмұнды жоғары табыспен меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарымқатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды, өз бетінше ойлауға, ізденуге, нәтижеге жетуге дағдыланады.

Сондай-ақ, оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән- мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті боп саналады. Мектепоқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда қатысымдық, рөлдік ойын, дара тұлғаға бағдарланған оқыту және сұрақ-жауап әдістері арқылы жүзеге асатын жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, сұқ-баттық тапсырмалар, құзыреттіліктерді қалыптастыратын тапсырмалар арқылы кешенді жүргізудің тиімділігі жоғары болады. Мұғалім ретінде, жаңа стратегияларды химия сабағында қолдану барысында оқушының өз бетімен білім алып, алған білімді іс-жүзінде дәлелдей алатын және «үндемейтін», «енжар» оқушының қызығушылығын оятып, оны «сөйлетуге» болатындығын өз тәжірибемнен байқадым. 9 сыныпта химия пәнінен СТО технологиясының әдістерін қолданып, бірнеше сабақтар өткіздім.

Онда ЖИГСО, белгілер әдісі, венн диаграммасы, бес жолды өлең, топтастыру әдістерін қолдандым және жеке, топтық, рөлдік ойын жұмыстар жүргізілді.

Үй тапсырмасын «Кім жылдам?», «Ия. Жоқ», «Ойлан. Тез», «6 неге сұрақ» ойыны түрінде ұйымдастырып, қай топта сұраққа айтпаған оқушы саны көп, сол жеңіледі.

Сабақты жарыс түрінде ұйымдастырып жауап бермей қалған оқушыны қалдырмай, қайта оның есебін алып, оны сол бала үшін топтың артта қалғанын түйсігіне жаймен жеткізсе, ол оқушы да басқа оқушылардан қалмай жауап беруге тырысатынын және оған топтағы басқа оқушылар міндетті түрде көмектесетініне көз жеткіздім. Сол сияқты инновациялық технологиялардың әдіс-тәсілдерін 9-11 сыныптарда да пайдаланып, жақсы нәтижелерге жетіп жүрмін.

Жоғары сыныптар үшін көбіне ЖИГСО стратегиясын қолданамын. ЖИГСО стратегиясын қолдануда мәтіннің көлемі үлкен, күрделі, ғылыми тұрғыда болуы керек. Себебі, қарапайым мәтін болса, оқушылар тәжірибелі топсыз-ақ өздері оқып, тіпті жаттап алып айтып береді. Қандай технологияны пайдаланған кезде оқушының белсенділігі мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшаңдығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңіл-күйдің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі. Сонымен бірге оқыта үйрету ойындары оқушыларға білімдерін тереңдетуге, толықтыруға, бекітуге, алған білімдерін өмірде қолдана білуге, ақпарат көздерімен өздіктерінен жұмыс істеуге, ізденуге, әр түрлі жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға, қиындықтан алып шығатын жол таңдауға, өмірде өзін бағалай білуге үйретеді. Мысалы, 8 «б» сыныбында «Оксидтер. Жану» тақырыбында

оқушыларды бірнеше топқа бөліп, топтарға әр түрлі формулаларды беру, атауларын беру. Әр топ әр түрлі суреттер, кестелер, ақпараттар жинап, постер, кластер сызып тақтаға ыңғайлы етіп орналастырып, әр топ өз жинақтаған мәліметтерін қорғайды, басқа топтар тыңдайды. Оксид туралы қосымша мәліметтер алады. Сонымен қатар сабақта төмендегідей әдіс-тәсілдерді қолдану оқушылардың сабаққа ынтасын арттыра отырып, білім сапасын жетілдіріп, функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыруға зор ықпалын тигізеді деп ойлаймын. Атап айтсам: «Жұптағы ой қозғау», «Аквариум», «Кластерлер», «Ойлан, жұптас, талқыла», «Серпілген сауал», «Еркін жазу», «Сұрақтар шеңбері», «Атаулар туралы үш сұрақ», «Ыстық орындық». Сондай-ақ сабақта ойынды ұйымдастырғанда оқушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірігетіндей жағдай жасау керек. Сонда сабақ тек білім беру қызметін ғана емес, тәрбиелеу қызметін де атқарады. Мұндай сабақтардың өтілуі нәтижесінде оқушыларда бір бірімен сөйлесе білу мәдениеті, тәртіптілік, топқа және бір біріне жауапкершілік сезімнің болуы, өзін және өзгені бағалай, тыңдау қасиеттері қалыптасады. Ауқымды материалдан қажетті ақпаратты тауып, шешім қабылдауға дағдыланады, сөздік қоры дамиды. Жаңа заман талаптарына сай сабақта өзгеріп, жаңарып отырса, жеткіншектерге оның әсері мен ықпалы болады.

Олардың эмоциялық сезім – түйсіктеріне әсер ете білген ізденістердің пайдасы өте көп. Ақыл-парасаттан көрі сезім түйсігі ұшқыр балаларға көп жағдайда бағдарламалық тақырыптарды тосын тәсілдер арқылы түсіндіру пайдалы.

Жаңа педагогикалық технологияларды енгізу – оқыту үрдісінің тиімділігін арттырып қана қоймайды, басқа да көптеген мәселелерді шешеді.

Оқушы мемлекеттік стандартты ғана алып қоймайды, өз қабілетіне қарай таңдау, әрі қарай білімін дамытуға мүмкіндігі болады. Жаңа педагогикалық технологияны пайдалану оқушылардың сабаққа деген белсенділігін, қызығушылығын, танымдық, ойлау қабілеттерін арттырудың, яғни функционалдық сауаттылықтарын дамытудың бірден-бір көзі.

Сонымен, жаңа педагогикалық технологияның әдістерін тиімді пайдалану арқылы «Білімді адам» парадигмасын, «Өзін-өзі дамытатын және әрекетшіл адам» парадигмасына өзгертуге болады.

Әдебиеттер

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған Ұлттық іс-қимыл жоспары. – Астана, 2012.
2. Білімдегі жаңалықтар журналы № 1, 2, 3, 4.
3. Химия мектепте // Ғылыми-педагогикалық журнал. – Алматы, 2023.

ҒТАХР:14.09.85

Б.С. Буршакбаева

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні мұғалімі
№ 117 ЖББМ жалпы білім беретін орта мектеп
(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)
e-mail: Banuka.1985@mail.ru

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕР

Қазіргі заманғы білім беру трендтерінде білім беру мазмұнының өзгеруіне әсер ететін негізгі фактілерді белгілеу қажет. Біріншіден, бұл білім беру парадигмасының негізі болып табылатын оқытудың жаңа шарттары мен белсенді әдістерін жасау. Екіншіден, қоғам тарапынан өз білімін үздіксіз жаңартуға, жылдам қайта оқытуға, өзін-өзі дайындауға және тез өзгеретін әлемде табысты өмір сүру үшін өз қабілеттерін қолдану саласын ауыстыруға қабілетті сыни ойлайтын және функционалдық сауатты тұлғаны дайындауға қойылатын талаптар артып келеді.

Мақсаты: Заманауи білім берудегі жаңа трендтерді қарастыру – бұл Smart-оқыту, білім беру технологиясы – STEAM арқылы білім беру процесінде мобильді құрылғыларды қолдану.

Міндеттері:

1. Білім берудегі заманауи трендтерді меңгеру.
2. Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру үшін білім беру ұйымдарының күш-жігерін біріктіру жолымен тәрбиелеу мен оқытудың ұлттық жүйесін дамыту.

Спортта, сәнде, экономика мен білім беруде трендтер бар. Білім берудегі трендтер-бұл оның өзгеруінің үрдістері. Соңғы онжылдықта білім беру жүйесінде оқытудың сапасын және оның нәтижелерін жақсарту мақсатында оқытудың педагогикалық инновациялары мен компьютерлік әдіснамаларын белсенді енгізу жүргізілуде. Құрылған оқыту материалын ұсынудың жаңа формалары, оқытудың жаңа құралдарымен жұмыс істеу әдістемесі және оқытудың компьютерлік технологиялары арқылы оқушылардың өзіндік танымдық қызметін басқару тәсілдері ең үлкен нәтижелерге қол жеткізуге, оқушылардың белсенділігін және барлық оқу процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялар әлемінде смарт-құрылғылар мен мобильді қосымшалардың өсіп келе жатқан секторына ерекше назар аударылуда. Қазіргі заманғы нарықты талдауда планшеттер мен смартфондар таяу болашақта дамудың ең перспективалы бағыттарының бірі болып табылатынын анықтады. Смартфондар, ұялы телефондар, планшеттер және басқа да ақылды құрылғылар оқытуға көмектесе ала ма? Smart-оқыту – мультимедиа формасындағы бағдарламалық қамтамасыз ету мен контентті онлайн бөлудің бірігуінен тұратын оқытудың бірінші тренді. Қазіргі заманғы Smart оқытудың негізгі аспектілері-гаджеттерді, ашық білім беру ресурстарын, басқару жүйелерін пайдалана отырып, оқытудың икемді және ашық ортасын құру.

Smart – оқытудың басты мақсаты – ХХІ ғасырдың қазіргі қоғамындағы білім мен дағдыларды дамыту есебінен бәсекеге қабілетті білім берудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін орта құру: ынтымақтастық, коммуникация, әлеуметтік жауапкершілік, мәселелерді сыни тұрғыдан ойлау, жедел және мәселелерді сапалы шешу. Интеграцияланған зияткерлік білім беру ортасын дамыту қажеттілігі Smart – технологиялардың жеткілікті даму деңгейіне және олардың күнделікті өмірге ену қарқындылығына негізделеді.

Сынып бөлмесінен тыс оқыту – үшінші тренд. Бұл зерттеу, практикада білімді қолдануды қамтитын қызмет арқылы оқыту форматы. Мұндай оқыту ойын, квест, геокешинг, фото аулау, жорық, көшпелі лагерь түрінде өтеді. Бұл ретте оқушыларды тарихқа, мәдениетке, табиғатқа «батыру» жүреді, өйткені олардың алдына белгілі бір міндеттер қойылып, пайда болады.

Заманауи білім берудің төртінші тренді-бұл әлеуметтік медиа. Facebook әлеуметтік сервисі, Google сервистері мен құралдары, Wiki веб-сайты, Интернет желісінде дыбыстық файлдарды немесе бейнелерді тарату үшін покдастар, блогтар, Youtube видеохостингі, бұлтты технологиялар – осының бәрін оқытуда қолдануға болады және қолдану қажет. Мысалы, блогтарға мұғалім мен оқушылар арасындағы кері байланыс құралы ретінде білім алуға жақсы кіреді. Youtube-та бейнелерді көруге және орнатуға болады. Google сервистерінің көмегімен оқу үдерісін икемді және қызықты етуге болады. Білім беру ойындарын оқытуға енгізу қазіргі заманның бесінші тренді болып табылады. Әр түрлі оқу салалары үшін маңызды білім беру ойындары жасалады. Мысалы, климаттың өзгеру процесін имитациялайтын ойын, немесе экология мәселелерін шешу бойынша медициналық ойын, сияқты экономикалық ойындар бар «қалай өз бизнесін ашу», немесе әлемдік дипломатия аренасында күресуге болатын ойындар.

Алтыншы тренд білім берудің тар саласын қозғайды, ол жаратылыстану ғылымдарын оқыту әдістемесімен (learning sciences) байланысты. Мұғалім негізгі тұжырымдамалар мен ұғымдарды назардан тыс қалдырмауы тиіс, бірақ та оқушылар нақты проблемалық жағдайлармен жұмыс істеу керек.

Егер де біз оқушыларымызды мектептен кейінгі өмірге даярлайтын болсақ, онда біз олардың күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналатын құралдарды пайдалануға мүмкіндік беруге тиіспіз. Қорытындылай келе, бастауыш сынып оқушыларының АКТ құзыреттілігін дамыту оларды цифрлық әлемге дайындау үшін, олардың оқу және кәсіби өсуі үшін өте маңызды [4]. АКТ бойынша білім беруге сақтықпен қарау және оқушылардың технологияны қауіпсіз және жауапкершілікпен пайдалануын қамтамасыз ету маңызды. Оларға АКТ дағдыларының берік негізін бере отырып және жауапты цифрлық азаматтықты алға жылжыту арқылы біз оларды цифрлық дәуірдің қиындықтары мен мүмкіндіктеріне дайындай аламыз. Технологияларды қолдана отырып және инновацияларға ашық бола отырып, мұғалімдер өз оқушыларына сенімді және сауатты цифрлық азаматтар болуға мүмкіндік береді.

Шеберлік сынып үлгісі:

- Видео көрсету (сабақ үдерісіндегі оқушылармен жұмысты көрсету): «Кэрролл диаграммасы», «Kahoot» әдісі. «Пликерс» әдісі.
 - Тәжірибелік тапсырмалар: – Тренинг: «Кубизм» әдісі
 - Сіз сабақта қандай әдістерді қолданасыз? Соның ішінен 1-2 әдісті айтып кетсеңіз. Какие методы вы используете в классе? Поделитесь 1-2 методам.
 - Білім беру трендтерін қалай түсінесіз? Как вы понимаете что такое образовательные тренды?
 - Сабақ үрдісінде функционалды сауаттылықты дамытуды қалай жүзеге асырып жүрсіз? Как вы осуществляете развитие функциональной грамотности в процессе занятий?
 - Оқу сауаттылығы мектебіңізде қалай жүзеге асуда? Как читательская эфе
 - Математика сауаттылығын дамытуда қандай тапсырмалар тиімді деп ойлайсыз? Какие задачи, по вашему мнению, наиболее эффективны в развитии математической грамотности?
 - Білім беруде сіздің басты мақсатыңыз қандай? Какова ваша главная цель в образовании? –
- Топқа бөлу: «QR-код» арқылы – Кэрролл диаграммасы» бойынша аудиториямен жұмыс.
- «Kahoot» әдісі бойынша аудиториямен жұмыс.
 - «Пликерс» әдісі бойынша аудиториямен жұмыс. Рефлексия: «Екі жұлдыз, бір тілек» Телефонмен хабарласау, лототроннан номер алып хабарласу.

Әдебиеттер

1. Smart-технологиялар: Кәсіби құзыретті педагогтен табысты білім алушыға / әдістемелік құрал. – Ақтөбе, 2019.
2. Бабаев С. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар – талапшаң мұғалім еншісі / С. Бабаев, К. Қазиева // Бастауыш мектеп. – 2011. – № 4. – 25 б.
3. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
4. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік / Э. Раджерс // Қазақстан мектебі. – 2011. – № 4.
5. Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру, Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы. – 2013. – № 2. – 26 б.

ҒТАХР: 14.35.07

Д.Б. Жарылгапова¹, Д. Сағат², С. Алтынбек²

¹Астана медицина университеті,
Филологиялық пәндер кафедрасының аға оқытушысы

²Астана медицина университеті,
«Медицина» мектебі 3 курс»
(Қазақстан Республикасы, Астана қ.)
e-mail: zharylgapova.d@gmail.com

МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАЛАР: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Кіріспе: Қазіргі заманғы медицина қарқынды дамуды сонымен қатар, жаңа технологиялар мен әдістерді талап етеді. Сондықтан медициналық білім беру жүйесін инновациялық реформалар арқылы жаңғырту қажет. Бұл реформалар білім сапасын арттырып, медицина саласының жаңа буынын дайындауға бағытталған. Медициналық білім беруде жасанды интеллект, робототехника және виртуалды шындықты пайдалану арқылы білім алушыларға тәжірибелік дағдыларды жақсарту керек. Осыған сәйкес реформалардың қазіргі жағдайы медицинадағы инновацияларды енгізу үшін оқу бағдарламаларын заманауи талаптарға сай қайта қарап, жаңа технологиялар мен әдістерді оқытуға және білімалушыларға тәжірибелік тұрғыдан медициналық технологияларды меңгеруге мүмкіндік беретін симуляциялық /модельдік/ оқыту орталықтары мен зертханалар ашу мен оларды

әдістемелік құралдармен қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар, медициналық сауаттылықты арттырудың тиімді әдістері мен білім берушілердің біліктілігін де арттыруда.

Жұмыстың өзектілігі: Медициналық инновацияларда функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселесі бүгінгі таңда ерекше маңызды. Заманауи медицина қарқынды дамып, технологиялық жетістіктер күн сайын жаңарып отырған заманда, болашақ медицина мамандарының осы технологияларды тиімді пайдалану қабілеті – денсаулық сақтау жүйесінің табысты жұмыс істеуінің негізгі факторларының бірі болып табылады. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру арқылы дәрігерлер мен медициналық қызметкерлер жаңа құрал-жабдықтарды игеріп, дәл және сапалы ем көрсетуге мүмкіндік алады.

Осы тақырыптың өзектілігі, ең алдымен, медициналық білім беру саласында жаңа инновацияларды енгізуге байланысты туындайтын қиындықтармен анықталады. Ғылыми-әдістемелік және психология-педагогикалық негіздерге сүйеніп, болашақ мамандарды даярлау сапасын арттыру маңызды. Сонымен қатар, ақпараттық технологиялардың дамуы мен олардың медицина саласына енуі медициналық қызметкерлерден ақпараттық сауаттылықты талап етеді.

Сондықтан медициналық білім беру жүйесін жетілдіру, функционалдық сауаттылықты арттыру, жаңа инновацияларды оқыту бағдарламаларына енгізу, және заманауи ақпараттық құралдарды меңгеру арқылы денсаулық сақтау саласындағы тиімділікті арттыру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Қазақстандағы медициналық инновациялар бойынша статистикаға цифрлық денсаулық сақтау жүйесін қарастыра аламыз:

Қазақстанда 2021 жылдан бастап денсаулық сақтау саласын цифрландыру бойынша ұлттық бағдарлама жүзеге асырылып келеді. Соның нәтижесінде 90%-ға жуық медициналық мекемелер электрондық денсаулық сақтау жүйесіне қосылған.

2022 жылы Қазақстанда телемедициналық қызметтерді пайдалану айтарлықтай артты. Мысалы, тек бір жыл ішінде 500 мыңнан астам қазақстандық телемедициналық кеңестер алған.

Жұмыстың негізгі мақсаты: Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы медициналық мамандардың ақпараттық сауаттылығын дамыту және медициналық білім беруде жаңа инновациялық реформаларды жүзеге асырудың тиімді жолдарын анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері:

Теориялық талдау: Медициналық білім беру жүйесіндегі жаңа инновациялық технологиялар, функционалдық сауаттылық, психология-педагогикалық әдістемелер бойынша ғылыми әдебиеттер мен зерттеулерді талдау. Бұл әдіс арқылы функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың негізгі қағидаттары мен талаптары анықталады.

Сауалнама және сұхбат жүргізу: Медицина саласында білім алып жатқан студенттер мен оқытушылар арасында сауалнама жүргізу арқылы олардың жаңа инновациялық технологияларды қолдану деңгейі, функционалдық сауаттылыққа қатысты көзқарастары мен дайындықтарын анықтау.

Эксперименттік зерттеу: Оқу үрдісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізіп, олардың білімалушылардың функционалдық сауаттылығына әсерін бақылау. Бұл әдіс арқылы оқыту нәтижелерін салыстыруға, жаңа әдістердің тиімділігін анықтауға болады.

Статистикалық талдау: Эксперименттік зерттеулерден алынған деректерді өңдеп, олардың нәтижелерін статистикалық әдістер арқылы талдау. Бұл функционалдық сауаттылықтың дамуына әсер ететін факторларды сандық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологияларды қолдану: Медицинада қолданылатын заманауи цифрлық технологиялар, симуляциялық оқыту құралдары, виртуалды шындық және жасанды интеллект жүйелері арқылы білімалушылардың жаңа инновациялық технологияларды меңгеруін зерттеу.

Зерттеу материалдары:

Оқу-әдістемелік құралдар: Медицина саласындағы заманауи оқулықтар, оқу бағдарламалары, жаңа инновациялық технологияларды оқытуға арналған әдістемелік нұсқаулықтар.

Сауалнамалар: Оқытушылар мен білім алушыларға арналған функционалдық сауаттылықты, психологиялық және педагогикалық дайындықты зерттеуге арналған сауалнамалар.

Симуляциялық орталықтар мен зертханалар: Медициналық оқу орындарында қолданылатын симуляциялық құралдар, виртуалды және қосымша шындық құралдары, тренажерлар мен арнайы бағдарламалар.

Ақпараттық жүйелер мен платформалар: Медицина саласында қолданылатын цифрлық платформалар, телемедицина жүйелері, білім алушылардың ақпараттық сауаттылығын дамытуға арналған онлайн оқыту жүйелері.

Зерттеу осы материалдар мен әдістер арқылы медициналық білім беру жүйесінде жаңа инновацияларды қолдану тиімділігін арттыруға бағытталады.

Зерттеу нәтижелері мен оларды талдау:

1. Жаңа инновациялық технологиялардың енгізілу деңгейі:

Сауалнама нәтижелері бойынша, зерттелген медициналық білім беру мекемелерінде оқытушылардың 70%-ы жаңа инновациялық технологияларды оқыту үрдісінде қолданатыны анықталды. Алайда, оқытушылардың шамамен 30%-ы жаңа инновацияларды толық меңгермегендіктен, оларды белсенді пайдаланбайтынын айтты.

Білім алушылардың 80%-ы жаңа инновациялық құралдар мен әдістерді оқу үрдісінде қолданудың пайдалы екенін атап өтті, бірақ 20%-ы жаңа технологияларды меңгеру қиындықтарын атап көрсетті, бұл оқытушылар тарапынан қосымша қолдауды қажет етеді.

2. Ақпараттық технологияларды қолдану:

Зерттеу барысында білім алушылардың 90%-ы медициналық ақпараттық жүйелер мен платформаларды пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықтарын айтарлықтай арттырған. Білім алушылардың цифрлық технологияларды қолдану дағдылары онлайн оқыту платформаларының арқасында жетілдірілген.

Медициналық ақпараттық жүйелерді пайдалану нәтижесінде, білім алушылардың деректерді өңдеу және талдау қабілеттері 25%-ға артқан. Бұл ақпараттық технологияларды меңгерудің білім алушылардың кәсіби дағдыларын дамытуда үлкен рөл атқаратынын көрсетеді.

3. Психология-педагогикалық әдістердің тиімділігі:

Психологиялық сауалнама нәтижелері білім алушылардың 60%-ы жаңа инновациялық технологияларды қолдану кезінде өзін сенімді сезінетінін көрсетсе, 40%-ы алғашқы кезеңде қиындықтарға тап болатынын атап өтті. Бұл студенттерге психологиялық қолдау көрсету және оларды инновацияларға бейімдеу қажеттігін айғақтайды.

Білім алушылардың мотивация деңгейі интерактивті және симуляциялық оқыту әдістерін қолданған кезде 20%-ға артқанын көрсетті. Бұл психология-педагогикалық тәсілдердің функционалдық сауаттылықты дамытуға оң әсер ететінін дәлелдейді.

Қорытынды:

Медициналық білім беру жүйесіндегі инновациялық реформалар қазіргі уақытта қарқынды жүріп жатыр.

Даму бағыттарын дұрыс тандаған жағдайда, бұл реформалар Қазақстанның медициналық жүйесін жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті етеді. Зерттеу нәтижелері медициналық білім беру жүйесінде инновациялық технологияларды қолданудың маңыздылығын дәлелдеп, оқыту үрдісінде функционалдық сауаттылықты дамытуға үлкен үлес қосатынын көрсетті. Жаңа инновациялық тәсілдерді қолдану арқылы болашақ медицина мамандарының білімін сапалы әрі заманауи деңгейге көтеруге мүмкіндік бар.

Д.Б. Жарылгапова¹, В.В. Бохановская², А.С. Зайдошева²

¹Медицинский университет Астана,
кафедра филологических дисциплин, старший преподаватель

²Медицинский университет Астана,
Школа «Сестринское дело», 1курс
(Республика Казахстан, г. Астана)
e-mail: zharylgapova.d@gmail.com

РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ В ШКОЛАХ И ВУЗАХ

В настоящее время понятие функциональная грамотность понимается, как уровень владения навыками чтения и письма, математическими подсчетами, креативным мышлением, естественно-научной деятельностью и обеспеченностью школьников и студентов, необходимыми знаниями при решении различных жизненных ситуаций на основе изучения прикладных наук. Впервые термин функциональная грамотность был введен ЮНЕСКО в 1957г. В середине 70-х годов встает вопрос о роли школьного и внешкольного образования в овладении грамотностью. В 1972 г. проходило обсуждение на III Международной конференции по образованию взрослых, о необходимости связи функциональной грамотности с социальным, политическим, экономическим и культурным развитием. В связи с этим принята программа «Казахстан-2050», которая направлена на развитие и формирование функциональной грамотности и реформирования системы образования. Таким образом развивалась идея непрерывного образования, т.е. функциональная грамотность рассматривалась как адаптация в современной социально-экономической среде.

Функциональная грамотность: аспекты и концепции. Освоение системы понятий конкретной науки и концепций. Обучающиеся должны освоить систему знаний и прикладных наук для решения жизненных ситуаций и применения этих знаний в практике. Как показывает статистика, большая часть людей (а именно 70%) склонна к использованию только тех знаний, которые в той или иной степени приносят им положительный результат. Иногда бывает трудно реализовать свои возможности и получить определенный результат в силу того, что недостаточно освоена та или иная область знаний.

В современном мире такое свойство как информация приобретает высокую важность для общества и повышение функциональной грамотности является одним из пунктов для достижения целей. Изучение одной проблемы влечет за собой другую. Это можно указать на примере того как знания учеников и студентов зависят от умения преподавания специально обученного человека.

Демонстрация базовых компетенций

Объяснение научных явлений и понимание основных особенностей естественно-научного исследования, интерпретация данных и использование научных доказательств для получения выводов в определенном контексте.

Учет возрастных особенностей обучающихся, например, американский философ науки Ф. Китчер предложил многоуровневые модели для понимания поведения группы как результата действий её членов.

Эта методология рассматривает человека постепенно и включает в себя такие пункты как:

Взаимосвязь между биологическим и социокультурным подходами

Признание различных объяснительных стратегий

Различие между уровнями анализа

Понимание индивидуальных особенностей и потребностей обучающихся

В психологии часто применяются различные тесты для определения темперамента человека, его системы мышления, личностных качеств.

Тем самым специалисты пытаются найти подход к человеку и понять, как эффективнее запомнить информацию.

Впервые такое тестирование проводил Альфред Бине в 1904 г. Он выяснял на основе данных уровень сообразительности детей и в дальнейшем правильно подобранная программа обучения сильно влияла на их уровень развития.

Информационная технология обучения подразумевает под собой чтение графических форм представления информации, поиск нужной информации в интернет-ресурсах, обработка и обмен информацией среди учащихся. Тем самым развивая у обучающихся такую черту как функциональная грамотность. При поиске информации и ее представлении в определенном виде, частота запоминания увеличивается, что подтверждено 65% обучающихся.

Проектная деятельность основывается на поиске и представлении информации в том виде, в каком ее видит автор. Такая технология обучения активизирует творческую деятельность и формирует на основе этого функциональную грамотность. Такие выдающиеся педагоги, как К.Д. Ушинский, П.П. Блонский, А.А. Вербицкий, П.И. Третьяков определяли важнейшим шагом в педагогике, обучение творческому мышлению, которое нужно развивать именно в школьный и подростковый период, когда ребенок впитывает все как «губка».

Игра в процессе занятий способствует решению вполне определённых задач: создаёт психологический настрой к речевому общению, подготавливает к развитию ситуативной спонтанной речи и помогает в выборе оптимального речевого варианта.

Развивающие методы преподавания позволяют обучающимся самим находить пути решения и тем самым развивать логическое мышление при этом повышая функциональную грамотность.

Использование интернет – ресурсов для поиска дополнительной информации

Информационные аспекты охватывают такие понятия как, умение осуществлять поиск информации, извлекать ее из различных источников и перерабатывать, представлять разными способами (графически, схематически, текстовой).

Информационная грамотность на прямую связана с компьютерной и умение современного человека работать с компьютером и его составляющими является важной особенностью его развития. На данном этапе развития школьникам и обучающимся предлагаются множество различных вариантов обучения и становления себя как личности. Открытие Назарбаев интеллектуальных школы (НИШ) позволяет значительно расширить кругозор и потенциал детей. В таких школах упор делается на изучение IT и передовых разработок, что значительно открывает большие возможности в будущем. Впервые такие школы были открыты в 2008 г.

По результатам PISA (Programme for international student assessment) на 2009 г. в Казахстане лишь 5% школьников задействовано в повышении функциональной грамотности. Статистика меняется с каждым годом и уже в 2012 г. Казахстан расположился на 49-м месте среди 65 стран по развитию одного из направлений функциональной грамотности, математической грамотности. Начиная с 2018 г. статистика резко ухудшается и происходит снижение по рейтинговой шкале. На такой резкий скачок в сфере развития функциональной грамотности влияют такие аспекты как:

- недостаточность объяснений,
- неравенство по отношению к обучающимся,
- неразвитая система цифровизации,
- устаревшие ресурсы для обучения.

«Устранение неравенства – это ключ к преобразованию. Цифровые технологии могут помочь нам выровнять уровень образования и провести необходимые трансформации», – подчеркнул Дерек Венмот, международный эксперт, руководитель образовательной организации Future Makers (Новая Зеландия).

В связи с этим делаются выводы о том, что развитие функциональной грамотности – это не только внедрение новых технологий или систем и методов обучения, но и преодоление социальных проблем наряду со всеми выше стоящими аспектами. Дифференцированный уровень развития стран очень сильно влияет на обучение функциональной грамотности молодежи. Поэтому высшестоящим высказываниям можно добавить лишь то, что если развивать функциональную грамотность в стране, то только вместе с решением других проблем, которые вызывают трудности в ее внедрении.

Р.С. Жексембаева

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні мұғалімі
№ 117 ЖББМ жалпы білім беретін орта мектеп
(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)
e-mail: rzheksembayeva@inbox.ru

ӘДЕБИЕТ ПӘНІНІҢ ТАНЫМДЫҚ, ТӘРБИЕЛІК, ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫЛЫҚ РӨЛІ

Әдебиет – өнер пәні, адамтану пәні, сонымен қатар, әдебиет – жан-жақты да терең ойлантудың пәні. Оқушы танымы мен логикасын дамытуда әдебиет пәні жаратылыстану пәндерінен кем түспейді. Жаратылыстану пәндері сияқты тұрақты бір формула мен қағидалар, заңылықтармен шектелмей, әдебиет пәні еркін ойдың, қиялдың дамуына жол басшы бола алады. Әдебиет пәнінде дәлелдеуді қажет ететін тұрақты формула, элементтердің бұлжымас ережелері жоқ. Белгілі бір шығарманы әр қырынан тануға, талдауға болады. Көркем шығарманы қабылдауда әртүрлі болуының бірнеше себебі бар: біріншіден, сол шығарманы қабылдау жолындағы оқушының ой, өресі, дүниетанымы, бұған дейінгі жинақтаған білім қоры, яғни әдебиеттану ғылымынан алған білімі ықпал етеді, екіншіден, әдебиетте сөздің қасиеті ақпарат жеткізуші қызметтен әлдеқайда терең мазмұнда, бірнеше функцияда танылады, сөз адамның сана-сезіміне әсер ете отырып, белгілі көңіл-күй, сезім, сурет, көрініс өмір бейнесін жасап, адамның эмоциялық қабылдауына түрткі болады. Эмоциялық қабылдау да әр адамда әр түрлі. Бір шығармадағы бір көріністің, бір сәттің өзін әр адам әр түрлі сезіммен қабылдайды.

Әдебиеттанудан білім дәрежесі бірдей адамның өзінің сезімі мен түйсінуді әртүрлі. Бірнеше адамның оқуындағы бір ғана үзінді әр санада бірнеше сурет құрайды. Бұл адамның ішкі сезім мен сезіне білу мәдениетіне, қасиетіне байланысты. Үшіншіден, санадағы қабылдау мидың тек бір ғана бағыттағы жұмыс әрекеті ғана емес. Санаға берілетін білім тек миға еніп қана қоймай, сол санаға өзіндік сәулесін түсіреді. Көркем дүниенің осы қасиеті психолог, педагогтардың еңбектерінде айтылады. Өнерді биік бағалған Абай:

Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды,
Жүрек тербеп, оятар баста миды.
Дүниенің ләззаты бәрі сонда,
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды – дейді.

Әр заманда адамдардың түсінігі мен көзқарастарына, әлеуметтік ортасы мен сенім, түсініктеріне байланысты да танып, түсіну әралуан болады. Себебі көркем шығармада бір ғана идея, бір ғана қасаң қағида болмайды.

Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді,
Оларға кез-кезімен нәби келді.
Қағида (шарт, ереже) шарифаты өзгерсе де,

Абайдың айтқан ойын көркем әдебиет мысалында қарастырап болсақ, көркем шығармадағы идеология, көркемдік әдіс әртүрлі болғанымен, адами құндылықты, ақиқатты тануға деген ұмтылыс әр заманда да бірдей. Көркем шығарманы танудағы ғасырлар бойы сақталып, өзгермей келе жатқан рухани өмірдің өзегі – жалпы адамзаттық қағида, адамзаттық мәселе. Қазақ әдебиетінде көрнекті тұлғаларымыз Абай, Мұхтар, Мағжан т.б. еңбектері туралы қаншама зерттеулер жарық көрді. Соған қарамастан күнбе-күн жаңа қырынан танылуда. Әлі де жарық көре береді.

Таптым, таныдым дегендердің өзі әлі де көптеген зерттеулер мен ізденістерді қажет етеді. Әдеби құндылықтар сарқылмас теңіз сияқты, тереңіне бойлаған сайын жаңа сырлары ашыла түседі. Себебі, әдебиет – өнер туындысы. Ой, ойлау, ойланту көптеген пәндерге тән, табиғи нәрсе. Бірақ әдебиеттің өзіндік ерекшелігі сол, басты назарға алынатыны – өзіндік ойлау, өзіндік пікір. Жоғары сыныптарда әдеби тұлғаларды оқытуда оқушылар оқулықтағы жазушы пікіріне көбірек жүгінетіні кездеседі. Әдебиеттану ғылымының қол жеткізген жетістіктерін білу, әрине, ағаттық емес. Дегенмен әдеби үдерістегі сол шығармашылық тұлғаның ерекшелігін тану үшін автордың өз

шығармаларын оқу, салыстыру, талдап, тану аса маңызды. Кітап оқуға деген белсенділіктің бәсеңдеп тұрған қазіргі кезеңінде оқушыларға автордың төл туындыларын оқыту мұғалім тарапынан аса үлкен жауапкершілік пен ізденісті қажет етеді.

Шығарманың үйде оқылатын бөлігінің оқылған-оқылмағанын мұғалімнің үнемі қадағалап отыруы оқушының жауапкершілігін арттыра түседі. Әйтсе де, оқушылардың кейбірі мектеп бағдарламасындағы шығармалар ауқымында қалып, тек мұғалімнің талап еткен шығармаларын ғана оқуды міндет санайды. Ал кей оқушылар сол алғашқы бастау мен баспалдақтан ілгері жылжып, нағыз көркем әлемге ену мүмкіндігіне ие болады. Оқушының көркем әдебиетті оқуға қызықтырудың тәсілдері көп: соның бірі, шығармадан үзінді оқып, үзіндінің қай шығармадан алынғанын тапқызу немесе кейіпкердің сөзін жасыру, сияқты сұрақ-тапсырмалар арқылы оқушының шығарманы оқыған оқымағанын анықтауға болады әрі оқуға деген ынтасын көтеруге болады.

Шығарманы талдау да шығарма мазмұнына бойлауға, оны түсінуге жетелейді. Белгілі бір дәрежеде мазмұны танылған шығарманы тереңдеп талдау оқушыларды көптеген әрекеттерге жетелейді. Оқушының аналитикалық ойын дамытады. Көркем шығармадағы символ, деталь арқылы талдата отырып, болымсыз нәрседен ауқымды ұғымға жетелеу, шығарманың ішкі астарын ашу оқушыны іздендіреді, қызықтырады. Қалай болғанда да мұғалімнің шығарманы оқытуға деген ізденісі мен жүйелі еңбегі жеміс берері анық. Сондықтан әдебиет пәнін оқытуда табанды еңбек пен жүйелі жұмыс нәтижелі болады. Әдебиетті түсініп, түйсінетін ұстаздың оқытуы да сабақтың нәтижелі болуына әсер етеді.

Әдебиеттер

1. Бекебай Т.С. Ағылшын тілін оқытуда оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру мақсатында әдістер мен жаттығуларды пайдалану / Т.С. Бекебай, Ж.Е. Токтамисова, Г.С. Султанбекова, 2020. – 37 б.
2. «Ағылшын тілі мектепте» Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, 2004.

ҒТАХР: 14.35.09

Г.Т. Изембаева

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні мұғалімі
№ 117 ЖББМ жалпы білім беретін орта мектеп
(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)
e-mail: izembaeva2016@mail.ru

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ ПӘНІНЕН САРАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Саралап оқыту – бұл білім алушыға білім берудің қолайлы әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, білім беруге бағытталған әрекет. Бұл оқушының қабілетін, бейімділігін, қызығушылығын ескере отырып, жеке басын дамытуда қамтамасыз ететін білім беру тәсілі.

Саралап оқыту – оқуды саралаудың және баламен жекелей жұмыс жасаудың тәсілі, оқу материалын игерудің жетістігі, яғни оқушыларға дер кезінде көмек беру, қабылдау деңгейіне қарай тапсырма беру. Мұғалім сабақ жоспарлауда саралап оқытудың тәсілдерін қолдана отырып құрастырғаны жөн. Мұғалімнің қазметі оның білімі мен шеберлігіне, жоспарлаған сабақта қолданатын әдіс-тәсілдерді мақсатты, ұтырымды қолдана білуіне байланысты. Мұғалім оқушының жұмысын бақылап қана қоймай, оқушымен жеке жұмыстар жүргізеді.

Жаңартылған оқу мазмұны жағдайында оқытудағы саралаудың маңызы зор. Қазіргі таңда барлық баланы бірдей әдіспен оқыта алмаймыз. Әр баланың ерекшелігіне, қажеттілігіне қарай әдістемені қолдана білуіміз керек.

Саралап оқыту барысында барлық оқушылар қол жеткізетін, нақты өлшенетін нәтижеге қол жеткіземіз.

Саралап оқыту – баланың қабылдауын, қабілетіне, психофизиологиялық даму ерекшелігіне қарай қолданылатын тәсіл.

Саралап оқытуды жоспарлау – оқу үдерісінде әр түрлі топтарда бейімдеу үшін мүмкіндік беретін дидактикалық жүйенің бір бөлігі. Саралап оқытудың алғашқы формасы дарындылық бойынша қабілетті балаларды жекелеп оқыту болып табылады. Оқыту мен оқуда оқушылар қажеттілігіне негізделген барлық оқушыларды қамтамасыз етуді көздейтін бірегей әдіс ретінде қолданылып келеді.

Әдебиеттік оқыту пәнін оқытуда саралау тәсілін қолданып түрлі жетістіктерге қол жеткізуге болады. Оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын жетілдіруде, мәтіндермен бірнеше жұмыс түрлерін ұйымдастыру кезінде саралау тәсілінің маңызы зор. ДЖИГСО әдісі негізінде ресурстарды, ақпарат материалдарын пайдалануда топтық жұмыс жасап (оқушы деңгейін анықтап алып), тапсырмаларды күрделендіріп беруге мүмкіндік туғызады. Шығармашылықпен айналысатын оқушыларды анықтау үшін сабақ барысында оқушының жас ерекшелігіне қарай белгілі бір тақырып беріп, мәтін құрау, ертегі құрастыру, өлең шығару, т.с.с. жеке жұмыстар жүргізуге болады. Кей жағдайда презентация дайындауды да тапсырма етіп беріп, зерттеу жұмыстарын іске асыруға да болады. Қабілеті жоғары оқушылар өз бетінше ізденуге, жоба құрастыруға машықтанады. Жаңадан жаңаны табу және басқа пәндермен байланыс орнату, ғылыми терминдерді қолдану, тақырып деңгейінен тыс жұмыстар жүргізу – оқушының сыни тұрғыдан ойлау қабілеті мен зейінін толықтыра түседі. Оқушы өз бетінше жұмыс жасауға бейімделеді.

Әдебиеттік оқу пәнінен саралау тапсырмаларына мысал келтіріп, тоқтала кетсек:

Жанды табиғат Оқуға шақыру (А. Байтұрсынұлы)

1. Саралау тәсілі:

Барлық оқушылар: «Оқуға шақыру» шығармасындағы негізгі ой қандай?

Көптеген оқушылар: өлеңнің құрылымдық бөліктерін ажыратып, бөліктеріне тақырып қой.

2. Саралау тәсілі: «Қарқын» арқылы жүзеге асады

Қарқыны жоғары оқушыға:

– А.Байтұрсынұлының тағы қандай шығармаларын білесің?

3. Саралау тәсілі: «Үй тапсырмасы» арқылы жүзеге асады. Берілген тұлға туралы қосымша мағлұмат жаз.



Күн шыққанда (І. Жансүгіров)

1. Саралау тәсілі:

Барлық оқушылар: өлең жолдары бойынша қандай сурет салуға болатыны туралы ой бөліс.

Көптеген оқушылар: қорытынды ой айтылған жолдарды тауып жаз.

Мәтіндегі негізгі тірек сөздерді белгіле «□».

А. шырғай, торғай, сәуле, өріс, білім, оқу

В. күн, ұйқы, сабақ, мектеп, білім, кітап

С. кітап, оқу, шырылдау, құрт-құмырсқа

Д. мектеп, сабақ, білім, бол, тұр, сен, мал, оқу

2. Саралау тәсілі: «Тапсырма» арқылы жүзеге асады

Кейбір оқушыға:

– Өлеңді басшылыққа алып, өз ойыңнан өлең шумақтарын құрастыр.

Есеннің кірпісі (С. Бегалин)

1. Саралау тәсілі:

Барлық оқушылар: Есеннің іс-әрекетіне өз көзқарасыңды білдір.

Көптеген оқушылар: Тірек сөздерді анықта және оны пайдалана отырып, өз ойыңды жеткіз.

2. Саралау тәсілі: «Ресурс» арқылы жүзеге асады.

Кейбір оқушыға:

– Есеннің кірпісі әңгімесіндегі оқиғаның басталуын, дамуы мен аяқталуын анықта.

Оқиғаның басталуы	Оқиғаның дамуы	Оқиғаның аяқталуы


Табиғаттағы байланыс.

Терек пен қабығы (Б. Кірісбайұлы)

1. Саралау тәсілі: Ресурс бойынша

Барлық оқушылар: Емен, қайың, қарағай ағаштарының тұстарына сол ағашқа сай келетін жапырақтарды дұрыс орналастыр.

Көптеген оқушылар: Берілген мысалға басқаша атау беріп, ойынды дәлелде.



2. Саралау тәсілі: «Нәтиже» арқылы жүзеге асады

«Жалғасын тап»

Әр қатардағы сөздер арасында байланыс тізбегін құрып, әңгімеле

- 1) Гүл, ара, бал
- 2) Бидай, тышқан, түлкі
- 3) Жемістер, адам, денсаулық
- 4) Жапырақ, ағаш, табиғат

Қорытындылай келе, саралап оқыту оқушылардың сабақ өткеннен кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларын орындауда қолданған тәсілдеріне анализ жасап, қателіктері мен кемшіліктерін орындауда қолданған тәсілдеріне анализ жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге алады. Саралап оқыту оқушының өз қабілетіне, болашағына сенуіне, оқушының ынталандыруға, оқушы мен оқытушының ынтымақтастық қарым-қатынас достығына, оқушының өз білімін өзі бағалай білуіне, ақыл-ой деңгейінің дамуына, білім алуға бағытталған әрекет.

Әдебиеттер

1. Серикова Б. Қазақ тілі мен әдебиетін заманауи оқыту: теория және тәжірибе: оқу-әдістемелік құрал / Б. Серикова. – Шымкент: «Нұрлы бейне» баспасы, 2017. – 200 б.

2. Базылбекова Н. Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру.

ҒТАХР: 27.01.45

Б.И. Канапьянова, Г.В. Мусина

Абай облысы Семей қаласы «Ыбырай Алтынсарин атындағы № 37 гимназиясы» КММ
математика пәні мұғалімдері (Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

МАТЕМАТИКАНЫ ЭКОЛОГИЯМЕН БАЙЛАНЫСТЫРА ОҚЫТУ

Математиканы экологиямен байланыстыра оқыту оқушының экологиялық мәдениетінің қалыптасуына әсер етеді. Соның ішінде, экологиялық мазмұндағы мәтінді есептерді шеше отырып, біз эмоционалды қабылдауды ұтымды қабылдаумен біріктіреміз. Нәтижесінде біз математикадан «сұлулықты» көруді үйренеміз, сонымен қатар сұлулықты тереңірек сезінуді үйренеміз. Математика табиғи объектілер мен құбылыстардың жай-күйін, табиғи және әлеуметтік ортадағы адам қызметінің оң және теріс салдарын сандық бағалау қабілетін дамытуға жағдай жасайды.

Мәтінді есептер тіршілік ету ортасы, оған қамқорлық жасау, табиғаттың ресурстарын ұтымды пайдалану, оның табиғи байлығын қалпына келтіру және көбейту мәселелерін ашуға мүмкіндік береді. Әр курс экологиялық сананы қалыптастыруға үлес қоса алады. Мәтінді есептерді білімді, дағдыларды және әдістерді ынталандыру құралы ретінде пайдалану жаңа оқу материалын енгізу процесінде математиканы өмірмен байланыстыруды, пәнаралық байланыстарды дамытуды жүзеге асыруға жағдай жасайды. Тапсырмалар оқушылардың математикадан жаңа білім алу қажеттілігіне әкелетін етіп таңдалуы керек, ал осы қажеттіліктің әсерінен алынған білім тек тапсырманы ғана емес, сонымен қатар қолданбалы сипаттағы бірқатар басқа мәселелерді де шешуге мүмкіндік береді.

Проблемалық есептерді жасау үшін қолданбалы тапсырмалардың жеке бөліктерін пайдалануға болады. Оқушылардың білімін бекіту және тереңдету кезінде жалпы есептерді қарастыру қажет. Мәтінді есепті тұжырымдау үшін жаңа оқу материалын ұсынар алдында практикалық мазмұны бар тапсырмаларды қолдану керек, олар дәлдік пен шешудің қарапайымдылығымен сипатталады. Қоршаған ортадан алынған мысалдар оқушыларға математиканың практикалық маңыздылығын, оның тұжырымдарының кең спектрін ашуға мүмкіндік береді. Бұл мысалдар қарапайым, сенімді, оқушылардың түсінуіне қол жетімді болуы керек. Оқушыларды математикалық білімді өздері білетін өмірлік құбылыстарда қолдану мысалдарын өз бетінше табуға және осы мысалдарды жауаптарында қолдануға үйрету абзал.

Экологиялық мазмұны бар міндеттерді келесідей пайдалануға болады:

- а) тұжырымдаманы енгізуді ынталандыратын міндеттер;
- б) ұғымды мазмұндық деңгейде зерделеуге дайындайтын міндеттер;
- в) енгізілген тұжырымдаманы суреттейтін міндеттер;
- г) енгізілген тұжырымдаманы оны игеру сатысында бекітетін міндеттер;
- д) қалыптасқан ұғымның қолданылуын көрсететін міндеттер;
- е) бұрын зерттелген осы ұғымның байланысын орнатуға мүмкіндік беретін міндеттер.

Экологиялық білім беру мынадай міндеттерді шешуге тиіс:

– табиғаттағы өзара байланысты түсінуге үйрету; табиғат – бұл мәңгілік құндылық, тіршілік ету ортасы мен адамның үйі екенін түсіну;

– табиғатпен қарым-қатынас жасау, оның сұлулығы мен ұлылығын тамашалау қажеттілігін дамыту;

– табиғатпен қарым-қатынасты дұрыс құруға мүмкіндік беретін практикалық білім мен дағдыларды игеру.

Жаратылыстану-математика ғылымдарын зерттеу экологиялық білім беру, оқушылардың ой-өрісін байыту, байқау, ойлау, табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу тұрғысынан үлкен мүмкіндіктерге ие. Экология мен математиканың ғылым ретіндегі байланысы айқын. Математика табиғи объектілер мен құбылыстардың жай-күйін, табиғи және әлеуметтік ортадағы адам қызметінің оң және теріс салдарын сандық бағалау қабілетін дамытуға жағдай жасайды, ал экология зерттеумен айналысады. Алайда, математика тек сандық бағалау құралы ғана емес, сонымен бірге шындықтың әртүрлі құбылыстарын сапалы талдау құралы болып табылады. Сонымен, темекі шегудің зияны туралы ұзақ және тұрақты сөйлесуге болады, алайда жаман әдеттен бас тарту нәтижесіне қол жеткізе алмайсыз, ал сандық мысал немесе статистиканы келтіру арқылы адам, кем дегенде, назар аударады немесе ойланады және осы жаман әдеттен бас тартуы мүмкін. Адамның кез-келген білімі фактілерді жинақтаудан басталады, содан кейін алынған ақпаратты өңдеп, оны жүйеге келтіреді, содан кейін ғана адам бұл білімді іс жүзінде қолдана алады. Математика бұл жерде өте нақты және өте маңызды орын алады, оның көмегімен фактілер реттеліп, дерексіз теория құрылады. Математика адам білімінің барлық салаларына еніп, адам тәжірибесінің әртүрлі салаларында қажетті құралға айналады. Бұл жүздеген және мыңдаған адамдар қолданатын стандартты, қарапайым құралға айналады.

Есептеу – бұл кеңінен қолданылатын білім мен дағдылардың қоры, математика мен басқа да оқу пәндерін оқытудың негізі. Есептеулер мақсаттылық, табандылық, дәлдік, тәуелсіздік сияқты бірқатар қасиеттерді құрайды. Математика пәнінің мұғалімінің міндеттерінің бірі – жаратылыстану-математика ғылымдарының көмегімен экологиялық мәселелерді шешу мүмкіндіктерін ашу, математика мен экологияның байланысы туралы білімді кеңейту, фактілерді талдай білу, қорытынды жасау қабілеттерін тереңдету.

Математиканың әр курсы экологиялық сананың қалыптасуына ықпал ете алады. Қоршаған ортаның ластануы бойынша экологиялық көрсеткіштерді көрсетуге ең қолайлы тақырыптар: «Натурал сандар», «Ондық бөлшектер», «Пайыздар», «Пропорция», «Оң және теріс сандар», «Диagramмалар», «Функциялар графигі», «Дәреже», «Прогрессия». Математикадағы экологиялық компонент келесі жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін:

- экологиялық тақырыптағы мәселелерді шешу;
- қоршаған орта жағдайы туралы анықтамалық-ақпараттық материал негізінде оқушылардың тапсырмаларды құрастыруы;
- әр түрлі деңгейдегі экожүйелердің даму динамикасы туралы графиктер құру және оқу.

Математикалық есептер қоршаған әлемнің сұлулығын көру мүмкіндігі арқылы табиғи байлықты, адам денсаулығын сақтауға, экологиялық мәдениетті, оның ішінде табиғатқа деген сүйіспеншілікті дамытуға бағытталуы мүмкін.

Осындай мәселелерді шешкеннен кейін оқушылардың экологиялық санасы қалыптасатын шағын талқылау немесе пікірталас өткізу қажет.

Мектепте сабақ беру практикасында математика сабақтарының экологиялық мүмкіндіктерін мұқият зерттеу олардың оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру процесінде маңызды.

Біріншіден, математика сабақтары экологиялық мәселелерді және жаратылыстану-ғылыми мазмұндағы басқа да мәселелерді шешу арқылы экологиялық мәдениеттің танымдық құрамдас бөлігіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, математикалық жатығулармен жұмыс істеу эмоционалды және құндылық компонентінің қалыптасуына ықпал етеді: тапсырманың негізін құрайтын фактілердің жаңалығы, олардың бала үшін маңыздылығы, оқушының математиканы ғана емес, сонымен бірге жаратылыстануды да оқуға деген қызығушылығын арттырады, жеке тұлғаның эмоционалды саласына әсер етеді; бұрыннан белгілі жаңа нәрсені зерттеу танымдық процестерді ынталандырады және қоршаған ортаның әртүрлі құндылық аспектілері туралы түсінік қалыптастырады.

Үшіншіден, математика сабақтары моральдық-құқықтық құрамдас бөлікке әсер етуге мүмкіндік береді: тапсырмалар бойынша әңгімелерде балалардың назарын табиғаттағы мінез-құлық ережелерін сақтау, белгілі ережелерді қысқаша қайталау немесе жаңаларын үйрену қажеттілігіне аударады.

Төртіншіден, математика сабақтарында белсенділік компонентін қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілуі мүмкін: жаратылыстану және еңбекке баулу сабақтарында басталған іс-әрекеттерді игеру математика сабақтарындағы есептерді шешуде, ғылыми негіздеме мен мотивация болған кезде, содан кейін сыныптан тыс және сабақтан тыс жұмыстарда жалғасуы мүмкін.

Бұл бақылаулар математика сабақтарында жаратылыстану ғылымдары мен математика арасындағы байланысты жүзеге асырған жағдайда экологиялық мәдениеттің барлық компоненттерін қалыптастыруға болады деген болжамға негіз болады.

Әдебиеттер

1. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» – 2020 ж. https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomarttokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek
2. Қазақстан Республикасының экология кодексі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400>
3. Фридман Л.М. Психолого-педагогические основы обучения математике в школе: кн. для учителей / Л.М. Фридман. – М.: Просвещение, 1983. – С.192.
4. Ермаков Д.С. Экологическое образование: от изучения экологии – к решению экологических проблем: монография / Д.С. Ермаков, И.Т. Суравегина // Ун-т Рос. акад. образования.

**Г.К. Капышева, Ә.Ж. Жанболатова, М. Мерхатқызы, К.Б. Амангельдинова,
З.Р. Сабитова, А.Б. Құрманбаева**

Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова
(Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск)
e-mail: gulnarkapysheva@mail.ru

FORMATION OF INTERCULTURAL COMPETENCE OF LEARNERS IN THE FOREIGN LANGUAGE CLASSROOM

This article investigates how foreign language education can foster intercultural competence by promoting an understanding of diverse cultures, values, and communication styles. By integrating cultural content, comparative analysis, and interactive activities, foreign language lessons not only enhance linguistic skills but also prepare learners to navigate cross-cultural interactions with empathy and cultural awareness.

Formation of speaking skills begins at the elementary level of foreign language teaching in the classroom. Systematically learners will increase their competences and the content of the lesson should contain intercultural oriented materials. Foreign language lessons have the goals to increase four main speaking skills:

- Listening skills
- Reading skills
- Writing skills
- Speaking skills

Course books and additional materials have enough practical materials, which connected with increasing of cultural level of learners. Cultural studies as a science has developed foundation. From the theory of intercultural studies, we know terms:

- Migrants and their new experiences
- New countries and new rules
- Cultural shock
- New traditions
- Immersion in the new culture

These well-known studies will help learners to build their own observations.

Intercultural knowledge is necessary by visiting foreign countries and by studying abroad. Intercultural communication is an interest in the foreign culture. Respect and communication are necessary by formation of this competence. In the new country, there are always new rules and new instructions. The goal of intercultural competence is to prepare people to communicate and respect these rules in the foreign country.

Comparing of the native country and the foreign language country is an opportunity to the effective implementation of knowledge. Communicative competence is the main goal in teaching, both at the initial stage and at the subsequent stages of secondary school.

Teachers need to review approaches to teaching in accordance with the psychological and physical characteristics of students, since they differ significantly. Speaking allows you really use your knowledge of a foreign language while being in a language environment, communicating with native speakers using modern means of communication. The methodological content of a foreign language lesson should be communication. When teaching students a foreign language, it is necessary to teach them to communicate in this language. In addition, this can taught in the context of communication, that is, teaching a foreign language organized in such a way that it is similar to the process of natural communication. Only in this case it is possible to transfer the formed skills and abilities to real conditions. By leading of psychological issues, learners need extra experiences. In the foreign country, there are not only other rules, which respected in the society. In the foreign language lesson, the teacher should implement texts and rules, which can be important from the point of cultural differences. The full immersion in the foreign culture is

impossible. Which forms of formation of intercultural communication in the lesson are possible? Firstly, the course books should include important topics about:

Meals

Habits

Free time activities

School rules

Bus and other forms of transport communications

Laws of the foreign country

Acknowledge of rules and laws of the foreign country helps the people to accept differences and respect them. These new competences should maintain the communication between people. Teachers of foreign languages will help learners to acknowledge differences between cultures and it helps them to avoid cultural shock.

Современное общество переживает эпоху стремительных изменений, вызванных развитием технологий, глобализацией и трансформацией культурных ценностей. Эти процессы оказывают значительное влияние на язык, делая его подвижной и динамичной системой. Язык постоянно адаптируется к новым реалиям, отражая изменения в различных сферах человеческой деятельности, таких как наука, технологии, культура и экономика. Одним из ярких проявлений этой адаптации является появление лингвистических инноваций.

Лингвистические инновации представляют собой новые лексические единицы, грамматические структуры или стилистические формы, которые возникают в ответ на новые явления и потребности в коммуникации. Они играют важную роль в обогащении языка, способствуя его развитию и поддержанию актуальности. Такие нововведения, как правило, появляются в результате социального и технологического прогресса. Например, в последние десятилетия широкое распространение получили термины из сферы информационных технологий и социальных сетей, такие как «инфлюенсер», «хэштег», «флексить» и другие.

Основными источниками лингвистических инноваций являются:

1. Технологический прогресс – развитие информационных технологий и интернета стимулирует появление новых слов и понятий, которые становятся частью повседневной речи. Например, термины «блокчейн», «криптовалюта» и «виртуальная реальность» возникли в результате развития IT-сферы.

2. Культурные и социальные изменения – трансформация социальных норм и ценностей также влияет на язык. Например, с появлением новых форм взаимодействия в социальных сетях возникли такие выражения, как «сториз», «виральный контент», «фоловер».

3. Глобализация и англицизмы – в условиях глобализации английский язык стал одним из главных источников заимствований для многих языков мира. Это приводит к быстрому проникновению англицизмов в другие языковые системы, зачастую без адаптации.

Цель данной работы – изучить природу лингвистических инноваций, их классификацию и влияние на современные формы общения, а также выявить основные тенденции их появления и распространения в обществе. В рамках исследования ставятся следующие задачи:

- Определить ключевые источники появления лингвистических нововведений.
- Проанализировать влияние информационных технологий на развитие языка.
- Исследовать распространение инноваций через социальные сети и цифровые платформы.

Методы

В данном исследовании использовались следующие методы: контент-анализ, сравнительный анализ и метод классификации, направленные на выявление и систематизацию лингвистических инноваций, возникших под влиянием социальных и технологических изменений. Анализ проводился на основе как англоязычных, так и русскоязычных источников, что позволило сопоставить подходы к изучению лингвистических инноваций в различных культурных контекстах.

Контент-анализ – основной метод исследования, который применялся для изучения новейших лексических единиц, связанных с цифровыми технологиями и интернет-коммуникацией. Были проанализированы тексты социальных сетей, такие как Twitter и Instagram, а также научные

работы по лингвистике и терминологии. Особое внимание уделялось анализу новых слов и фраз, таких как «инфлюенсер», «хэштег» и «флексить», которые вошли в активный обиход в результате развития социальных сетей.

Сравнительный анализ был использован для сопоставления различных классификаций лингвистических инноваций, представленных в англоязычной и русскоязычной литературе. В работе рассматривались классификации по степени радикальности и источникам появления, что позволило глубже понять природу нововведений как в русском, так и в английском языках.

Метод классификации был применен для систематизации лингвистических инноваций на основе их происхождения, использования и распространения. Классификация включала такие категории, как технологические и социальные инновации, а также новшества, возникающие в результате культурного обмена и глобализации. Особое внимание уделялось классификации неологизмов, предложенной Слостёниным (2000) и Анисимовым (2018), а также анализу инноваций в англоязычной среде, проведенному Триммом (2016) и Местри (2011).

Исследование основывалось на анализе данных из различных источников, включая научные журналы, книги и электронные ресурсы. Это позволило сформировать комплексное представление о современных тенденциях в развитии языка и механизмах появления лингвистических инноваций.

Результаты

В ходе исследования были выявлены ключевые тенденции и характерные особенности лингвистических инноваций, которые возникли в результате технологических и социальных изменений в современном обществе. Особое внимание уделялось инновациям, связанным с развитием информационных технологий, глобализацией и распространением социальных сетей. Результаты исследования можно представить в трех основных категориях: появление новых слов и выражений, изменения в структуре языка и влияние технологических платформ на язык.

Анализ лексических единиц, возникших под влиянием технологий и социальных изменений, показал, что основными источниками инноваций стали интернет-коммуникации, социальные сети и технологический прогресс. Среди наиболее популярных нововведений можно выделить такие термины, как «инфлюенсер», «хэштег», «флексить» и «мем». Эти слова стали частью активного лексикона благодаря распространению контента в социальных сетях и мобильных приложениях, таких как Twitter и Instagram. К примеру, термин «инфлюенсер» пришел из мира онлайн-маркетинга и стал символом новых социальных структур, основанных на цифровых платформах. Аналогично, слово «мем» отражает культурные изменения, вызванные интернет-культурой и глобализацией (Timm, 2016).

Современные лингвистические инновации оказывают влияние на структуру языка, особенно в плане сокращений и аббревиатур. Одним из ярких примеров является использование акронимов и сокращений в повседневной речи, таких как «OMG» (Oh My God), «LOL» (Laughing Out Loud) и «BFF» (Best Friend Forever). Эти сокращения позволяют ускорить процесс общения, особенно в онлайн-среде, где важна оперативность и краткость. Такие инновации характерны для цифрового общения, и их распространение способствует упрощению лексической структуры языка (Ahn & Kiaer, 2020).

На язык также оказывает значительное влияние глобализация и цифровизация, особенно через такие технологические платформы, как Twitter, Instagram и другие социальные сети. В социальных сетях появляются термины, которые затем переходят в общий лексикон и используются в оффлайн-коммуникации. Например, такие слова, как «твит» и «фолловер», появились в результате взаимодействия с платформой Twitter и с тех пор стали частью широкого социального контекста. Это также подтверждают исследования Крыловой (2014) и Анисимова (2018), которые анализировали влияние интернет-культуры на язык, выявляя новые слова и формы, происходящие от платформ социальных медиа.

Исследование показало, что инновации можно классифицировать по различным признакам: по степени радикальности, по источнику появления и по характеру применения. Например, радикальные инновации, такие как «блокчейн» и «криптовалюта», стали основой новых научных и технических областей, в то время как более обыденные инновации, такие как «сториз» и «флексить», возникают на стыке технологий и массовой культуры. Классификация инноваций, предложенная

Сластёниным (2000) и Анисимовым (2018), помогает систематизировать и глубже понять природу лингвистических новшеств в различных областях: от технологий до социальных изменений.

В результате анализа лингвистических инноваций можно сделать вывод, что современные технологические и социальные изменения существенно влияют на развитие языка. Появление новых слов и выражений, а также структурные изменения языка отражают адаптивность и гибкость языка в ответ на изменения в обществе. Эти инновации, в свою очередь, влияют на повседневную коммуникацию, научные дискурсы и культурные практики, подтверждая, что язык является живым и изменчивым отражением социального мира (Mesthrie, 2011).

Обсуждение

Результаты исследования показывают, что лингвистические инновации, возникающие в современном обществе, тесно связаны с развитием технологий, социальной динамикой и глобализацией. Эти изменения в языке не только отражают актуальные социальные тенденции, но и активно способствуют формированию новых коммуникационных практик и культурных норм. В данном разделе будут обсуждены основные результаты исследования, их значение для дальнейшего развития языка и общества, а также некоторые вызовы, связанные с распространением лингвистических инноваций.

Лингвистические инновации, связанные с развитием информационных технологий и интернета, играют ключевую роль в изменении языка. Появление таких терминов, как «блокчейн», «криптовалюта», а также инновации в области социальных сетей, таких как «инфлюенсер» и «мем», отражает влияние технологий на повседневную речь и культуру (Ahn & Kiaer, 2020). Эти слова часто возникают как результат необходимости быстро передавать информацию в условиях цифровой среды, что объясняет их краткость и гибкость. Однако одновременно с этим возникают проблемы, такие как трудности в понимании этих терминов людьми, не знакомыми с интернет-культурой или конкретной отраслью. Это может привести к языковому барьеру между различными социальными группами.

Одним из важнейших факторов, определяющих развитие лингвистических инноваций, является влияние социальных сетей и глобализации. Виртуальная среда позволяет терминам быстро распространяться и трансформироваться, переходя из специализированных сообществ в массовую коммуникацию. Как показано в работе Крыловой (2014), термины, такие как «твит» и «фолловер», стали основными элементами социальной коммуникации и активно используются в повседневной речи (Krylova, 2014). В то же время, этот процесс глобализации приводит к заимствованию англицизмов в другие языковые системы, что может вызывать проблемы с языковой идентичностью и сохранением культурного разнообразия. Особенно это касается молодых поколений, которые активно используют термины, пришедшие из глобальной сети, и зачастую забывают о важности сохранения традиционного лексикона.

На основе проведенного исследования можно утверждать, что лингвистические инновации также оказывают влияние на структуру языка. Например, использование сокращений и акронимов, таких как «OMG», «LOL», а также слов, образованных через конверсии, например «твит» (глагол и существительное), стали повседневной нормой (Timm, 2016). Это приводит к сокращению текстов и упрощению коммуникации, что, с одной стороны, облегчает общение, но с другой стороны, может способствовать утрате богатства языка и его выразительных возможностей. Некоторые ученые, такие как Сластёнин (2000), подчеркивают, что такие инновации могут привести к упрощению языка и ограничению его возможностей для сложных высказываний и выражения глубоких мыслей (Slastyonin, 2000).

Лингвистические инновации в современном обществе отражают динамичное развитие технологий, культуры и коммуникации. Эти изменения открывают новые возможности для языка, делая его более адаптивным и гибким, но также ставят перед нами вызовы, связанные с сохранением культурной и языковой идентичности, а также с возможной потерей выразительных средств языка. В дальнейшем важно будет продолжать исследовать влияние этих инноваций на коммуникацию и взаимодействие в современном мире, а также разрабатывать стратегии для сохранения языкового разнообразия в условиях глобализации.

Заключение

Лингвистические инновации, выявленные в ходе данного исследования, подтверждают, что язык является динамичной и адаптивной системой, отражающей изменения в обществе и культуре. Появление новых слов и выражений, таких как «инфлюенсер», «мем» и «хэштег», иллюстрирует тесную связь языка с развитием технологий и социальных платформ. Современные цифровые медиа, в частности социальные сети, стали основными источниками новых лексических единиц, что показывает важность этих платформ в формировании общественного дискурса и языка.

Влияние технологий на язык проявляется не только в появлении новых слов, но и в изменении структуры языка – сокращениях, аббревиатурах и акронимах, которые способствуют ускорению коммуникации в условиях цифровой среды. В то же время, эти изменения отражают более глубокие социальные процессы, такие как глобализация, усиление влияния англоязычной культуры и изменение социальных ролей и отношений.

Анализ, проведённый на основе англоязычной и русскоязычной литературы, показал, что лингвистические инновации становятся не только результатом технологических изменений, но и важным индикатором социальных трансформаций, таких как изменения в структуре власти, новых моделях социального взаимодействия и культурной глобализации.

Важно отметить, что эти инновации не только обогащают язык, но и влияют на повседневную коммуникацию, создавая новые формы социальной идентичности и межкультурного общения.

Изучение лингвистических инноваций помогает не только понять текущие тенденции в развитии языка, но и выявить более широкие социальные и культурные процессы. Язык, как живое отражение общества, продолжает развиваться, адаптируясь к изменениям, происходящим в глобальном и локальном контекстах. Понимание этих изменений является важным для дальнейшего исследования языка в условиях цифровизации и глобализации.

Литература

1. Mesthrie R. *The Cambridge Handbook of Sociolinguistics*. Cambridge University Press / R. Mesthrie. – 2011.
2. Timm J. Lexical variation, lexical innovation, and speaker motivations: A historical psycholinguistic approach / J. Timm // *Fundamental Research Journal*. – 2016. – P. 1812-7339.
3. Ahn H. Pop culture words and their influence on modern language use. / H. Ahn, J. Kiaer // *English Today*. – 2020.
4. Davis B.D. Archetype-based modeling and search of social media / Davis B.D., Sedig K., Lizotte D.J. // *Big Data and Cognitive Computing*. – 2019.
5. Natsir N. The impact of language changes caused by technology and social media / N. Natsir, A. Zulkhaeriyah, F. Esmianti // *Language Literacy Journal of Linguistics Literature and Language Teaching*. – 2023.
6. Слостёнин, В.А. Педагогика / В.А. Слостёнин. – Москва: Школа-Пресс, 2000.
7. Крылова В.С. Формирование неологизмов в социальной сети Twitter / В.С. Крылова, Е.А. Будник // *Приоритетные научные направления: от теории к практике*. – 2014. – № 11. – С.143-147.
8. Анисимов А.И. Изменения в английском языке под влиянием интернет-культуры / А.И. Анисимов // *Молодежный вестник ИРГУ*. – 2018. – № 2. – С. 92-93.
9. Кон И.С. Этноцентризм / И.С. Кон // *Философская энциклопедия*. – Москва: Сов. энциклопедия. – 1970. – том 5.
10. Альпатов Б.В. Основные принципы и типы классификации языков / Б.В. Альпатов. – Москва: Наука, 1983.

А.А. Сактаганова

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні мұғалімі
№ 117 ЖББМ жалпы білім беретін орта мектеп
(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)
e-mail: aizhanu83@mail.ru

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖҮЙЕСİNДЕ ҚОЛДАНУ

Ұрпақ тәрбиелеу – ұлт болашағы, ұлт болып ұлысып, ел болып еліміз көтерген кезде қолға алар ісіміздің маңыздысының бірі – ұрпақ тәрбиесі. Халықтың болашағы – ұрпағы, ұрпақ тәрбиесі – ұстазда. Ұстаздың мұраты – жетілген, парасатты толыққанды азамат тәрбиелеу. Толыққанды азамат қалыптастыру үшін: ақыл-ой тәрбиесін, имандылық, еңбек, экономикалық, дене тәрбиесі, экологиялық, құқық тәрбиесін беру қажет.

Еліміздегі бейбітшілік пен ұлтаралық бірлік, ішкі және сыртқы саясат мәселелері, соның ішінде ұлтаралық мәдениетті қалыптастыру мәселесі негізгі орын алады. Сондықтанда, біздің алдымызда тұрған негізгі міндет ұлттық мәдениет пен әлемдік өркениетті өзара сабақтастыра отырып бүгінгі ХХІ ғасыр ағымына лайықты тұлға қалыптастыру. ХХІ ғасырағы мына лайықты тұлға – өз ана тілін білетін, басқа тілді құрметтейтін, тарихи зердесі жоғары, ұлттық салт-дәстүрден нәр алған, әлемдік ғылыми-техникалық прогресс көшіне ілесе алатын адам.

Бүгінгі ХХІ ғасыр жастарына тәрбие беруде халықтық тәлімдік мұраларға тоқталмай кетуіміз мүмкін емес. Ұлттық тәрбие көне түркі тектес халықтар дәуірінен бастау алады дейтін болсақ, тәрбиенің негізгі көзіне – көне тастағы жазбалар, халық ауыз әдебиеті мұралары, этнографиялық материалдар, халықтық салт-дәстүрлер, отбасы тәрбиесі жатады. Ұлттық тәрбиенің мақсатына тұлғаны ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу. Тәрбиенің негізі болып саналатын жалпы әлемдік құндылықтардың бірі – тәрбиенің басқа адамға деген қажеттілігі, басқа адамдарды сүйе білу қажеттілігі болып табылады. Әр адамның тағдыры әрқашан әлемдік дүниемен, адамдармен, ұжыммен байланысты. Сондықтан демократияландыру, адамның құқығы мен бостандығын сақтау жағдайларында ұжымдағы қарым-қатынас мәселелері бұл күнде ерекше маңызға ие болуда.

Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда, оларға адамзат баласының қол жеткен қоғамдық-тарихи тәжірибесімен қатар, қоғамдық-этикалық қалыптар мен ізгілікті – адамгершілікті игеруге болатынын тәжірибеден көруге болады. Жалпы адамзаттық құндылықтар халықтық дәстүрлерде, адамгершілік принциптерде, діни мәдениетте нақты жазылып қойылған және әлеуметтік ойдың озық белгілері, жеке тұлғаның қасиеттері, адамгершілік үлгілері жинақталған күйде, әдептіліктің қоғамда қабылданған үлгісі ретінде көрінеді.

Қазақстан Республикасы аталған құжаттардың басты идеяларын білім саласында негізге алды. Мектептегі тәрбие жұмысын жалпы әлемдік құндылықтарға негіздей отырып, жаңа құндылықтар жасауға талпыныс жасау көзделуде. Оның мәні жас ұрпақты басқаларда бар нәрсені бағалай білуге үйрету, жалпыадамзаттық дамуға үлес қосуға, халықтардың күш-жігерімен жасалған құндылықтарды құрметтеуге және қорғай білуге тәрбиелеу.

Педагогикалық үдерісте оқушылардың рухани байлығын арттыру үшін әр халықтың жетістігімен бірге алуан түрлі мәдениетін пайдалану да қарастырылады.

Жалпы адамзаттық құндылықтарды игерудегі – маңызды құрал ана тілі. Тіл арқылы кез келген халықтың даму дәрежесін, оның тарихын, мәдениетін түсінуге болады. Өз ұлтының тілін, музыкасын, әдет-ғұрпын, ауыз-әдебиетін, мақал-мәтелдерін білмеу, ол өз халқынан, өскен ортасынан, ұлттық менталитетінен жұрдай болып, қол ұзу болып табылады. Өз халқымен рухани байланысы жоқ адам, тамырсыз өскен өсімдік, қуыс кеуде болып қалады. Ондай адамды космополит деп атайды. Өз халқының тілін, мәдениетін білмейтін адам өз халқының тарихын, әдет-ғұрпын мақтан ете алмайды. Тіл – ол тек ұлттардың қарым-қатынас құралы ғана емес, ол сонымен қатар

оның бейнесі, мәні, дүниетанымының шегі. Адамның сөйлеу мәнерінде ұлттық ерекшелік көрініп тұрады. Әр жеке тұлға өз ұлтының рухымен сомдалуы тиіс.

Өзімізді өзіміз бағалай білуге бет бұру – ұлттық байлығымызды игеру, ұлттық санамызды дамыту. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандалылық пенотаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару.

Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән, адами қадір-қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады. Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі: Біріншісі – тілі, екіншісі – діні, үшіншісі – дәстүрі, төртіншісі – тарихы, бесінші – атамекені

Құндылықтар – шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Өз ұлтын қадірлеп, қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді» – дейді. Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін: бірі – өзім, екіншісі – халқым» – дейді. Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне келешек ұрпақты ел жұртқа ие болатын азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа? Қазақ халқы баланы жамандықтан жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратындай болып өсуін ұлт тәрбиесінің негізгі қағидасы етіп ұстаған.

Ұлы Абай атамыз былай деген екен: «Балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады: біріншісі – ата-анадан, екіншісі – ұстаздан, үшіншісі – құрбысынан». Сондықтан қаншалықты шаршап-шалдығып жүрсе де, ата-ана бала тәрбиесіне мән берулері тиіс. Ұрпақтар сабақтастығы тек осылайша жалғасын таппақ. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік. Ата-ана, ұстаз, қоғам – үшеуі, тәрбиеге болар басты өлшем. Бір тұтасып, біріктірсе күштерін тәрбиенің үш мектебі адамның мінез-құлқын қалыптастырып, адамгершілік болмысын жетілдіреді. Тұғыры берік елдің отбасы да берік болады, отбасы қазығы нық қағылса, шаңырағы берік тәрбиеленер ұрпағы да өнегелі болмақ дегім келеді.

ҒТАХР: 14.35.31

Д.Д. Сапарова

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні мұғалімі
№ 117 ЖББМ жалпы білім беретін орта мектеп
(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)
e-mail: saparovadinara2305@gmail.com

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫ БІЛІМІН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

XXI ғасыр мектебі жедел өзгеріп жатқан заманға бейімделуге мүмкіндік беретін түбегейлі өзгерістерді енгізуді, білім беру мазмұнына, оқушы мен мұғалім тұлғасына және қызметіне деген көзқарастарды өзгертуді талап етеді.

Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыруға, жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден-бір жолы оқушы білімін критериялды

бағалау жүйесі бойынша сараптау. Критериалды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе – оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны бағаланады. Бағалауды өткізу үшін, оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын анықтау қажет.

Оқыту – білім алу үшін оқушылардың өздері де оқу үдерісіне белсенді қатысуын талап етеді. Мұғалімдер, өз кезегінде, өзінің сабақ беруіне емес, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек. Осы орайда оқушылар арасында өзара түсіністік және ұжымдық қарым-қатынасты орнатып, оқушылардың сенімсіздіктерін жойып, мүмкіндіктерін арттыруға жол ашатын бірден бір тәсіл критериалды бағалау болып табылады.

Критерийлер – оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі.

Критериалдық бағалау – бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, алдын ала белгілі критерийлермен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Егер балаға оның белгілі бір деңгейге жеткендігін айтса, онда бұл оған үздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсінуге көмектеспейді; бұл ретте егер баламен бірге оның жұмысында мұндай бағалауға не әкелгенін және бағалау өлшемдерін түсіндіруге талдау жасаса, онда бұл балаға өзінің нәтижесін жақсарту үшін кейін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік береді.

Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты:

- Мектепте оқыту сапасын жоғарылату;
- Мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

Критериалды бағалаудың міндеттері:

- Сабақтың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтауға;
- Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті;
- Жеке оқушының даму жетістігін бақылауға;
- Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға;
- Әр түрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізуге;
- Оқу бағдарламасының тиімділігін саралауға;
- Сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім және ата-ана

арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуге

Критериалды бағалаудың маңызы:

Мұғалімдер үшін:

- Өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға;
- Сабақ берудің сапасын арттыруға;
- Оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әр тұлғаға арналған ауқымын жоспарлауға;
- Бағалаудың әртүрлі әдістерін пайдалануға;
- Оқу бағдарламасын қолжетімді ету үшін ұсыныстар енгізуге

Оқушылар үшін:

– Танымдық қабілеті мен ойлау деңгейін арттыратын оқытудың әртүрлі әдістерін пайдалануға;

- Табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге;
- Өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсуге;
- Сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге
- *Ата-аналар үшін:*
- Баласының білім сапасының дәлелдемелерімен танысуға;
- Оның оқуындағы табыстылықты бақылауға;
- Оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады.

– *Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі:*

- Мұғалімге оқушының оқу жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді

– Оқушыларға оқу үдерісі барысында туындаған қиындықтарды түсінуге, бағалауға мүмкіндік береді. Оқушылар бағалау кезінде мұғалім олардан қандай жетістіктерді күтеді және, ең бастысы, күтілетін жетістіктер мен қандай критерийлерді пайдаланғанымызды түсінуі керек.

– Ата-аналар оқушының оқу жетістіктер бойынша объективті дәлелдемелермен қамтамасыз етіледі. Бұл оқушы бағасына байланысты «Балама дұрыс баға берілмеді! Менің баламның үштігі болмауы керек!» деген секілді ата-аналар тарапынан болатын т үсінбеушілікті жояды.

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда бірқатар дағдылар қолданылады. Олар: білу, түсіну, қолдану, сыни ойлану, анализ, синтез, бағалау, зерттеу дағдылары, рефлексия, коммуникативті дағдылар, тілдік дағдылар, жеке жұмыс жасау дағдылары, топта жұмыс жасау дағдылары, мәліметті іздеу дағдылары, тәжірибелік дағдылар, шығармашылық дағдылар, IT-технологияларды қолдану дағдылары.

Критерий арқылы бағалауды енгізгенде оқушы білімінің қай деңгейінде тұрғанын зерделей отырып, әлсіз тұстарымен жұмыс жасауға мүмкіндік алуға болады.

Менің ойымша, критерий арқылы бағалау – оқушыны алға жетелеу құралы. Осы бағалаудың оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыруда, сындарлы оқуын және түсінуін дамытып бағалауда маңызы зор деп санаймын.

Критерий арқылы бағалау жүйесінде қолданатын терминдер:

Критерийлер – оқу мақсатының нақты тұжырымы, оқушылардың әр түрлі іс-әрекеттері.

Дескриптор – нақты ұпайдың жетістік деңгейі туралы түсіндірме. Бұл бір немесе басқа критерийге жету деңгейлері, әрбір критерий бойынша ең жақсы нәтижеге жету үшін оқушылардың барлық қадамдарын дәйекті түрде көрсету және оларды белгіленген балл арқылы бағалау.

Рубрикатор – оқушылардың әрбір критерий бойынша жетістіктерінің толық түсіндірмесі және оларға сәйкес ұпайлар саны.

Рубрика баланың неге үйренетінін көрсетеді, критерийлер нені үйрену керек екенін көрсетеді, ал дескрипторлар оны қалай жасауға болатынын көрсетеді.

Критериймен бағалау әдісі арқылы біз оқушының ең алдымен қызығушылығын оята аламыз, белсенділігін арттырамыз, өз ойын ашық айтуға үйретеміз, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландырамыз, соңғысы жинаған түрлі бағалау балдары арқылы өзін-өзі бағалайды. Мұндағы жетістіктің артықшылығы сынып оқушыларын түгел бағалай аламыз.

Критерий арқылы бағалау сабақтың өн бойында жүзеге асып отырады. Алдымен топтық жұмысты бағалауда өте тиімді. Өйткені топ жұмысын критерий арқылы бағалау жұмыстың нәтижелілігіне және оқушылардың өзара бағалау арқылы өз пікірлерін ортаға салып, еркін жеткізуіне алып келеді. Өз пікірін еркін айту, өзгелердің жұмысына өзіндік бағасын беру өмірге бейімділіктерін арттыра берері сөзсіз. Бағалау парағы топқа тапсырмамен бірге ұсынылатын болғандықтан, оқушылар өзге топты бағалар алдында өз тапсырмаларын орындауда сол критерийді басшылыққа алады.

Критерий арқылы бағалаудың негізгі ерекшелігі: алдын – ала ұсынылған бағалау шкаласы. Бағалау шкаласын оқушылармен бірге жасауға да болады немесе мұғалім дайындап әкеліп, оқушыларға таныстырып өтуге болады. Бұндай жағдайда оқушыға қойылатын баға әділ болады және бұған оқушының да көзі жетеді. Бұндай бағалауды мұғалім жүргізумен қатар, оқушыларға өзін – өзі бағалауға да, бір – біріне бағалатуға да немесе топ басшысына бағалатуға да болады деп ойлаймын. Бұл бағалау кезінде ең бастысы критерийлер анық, айқын болуы тиіс. Баладан сұралып отырған талап, ең бірінші оқушының өзіне түсінікті болуы тиіс.

Сабақта қалыптастырушы бағалауды жүйелі өткізу – жиынтық бағалаудың нәтижелі, сапалы болуының баспалдағы. Жиынтық бағалау тоқсан соңындағы оқушы білімінің жетістігін саралайтын жұмыс, ендеше осы жұмыстың бастауы негізі қалыптастырушы бағалауда қаланады. Бүгінгі таңда оқушы білімін критериалды жүйе бойынша бағалаудың өміршеңдігі мен ұтымдылығы дәлелденіп отыр. Қазіргі білім беру жүйесінің ерекшелігі оның негізгі тауары- құзіреттілік, яғни білім алушының қандай да бір іс-әрекетке құзіреттілігін дамыту, арттыру, қалыптастыру. Біз оқушының білімін, біліктілігін, дағдысын бағалаудан оның құзіреттілік қасиетінің қалыптасуын бағалауымыз керек.

Критериалды бағалау әдісі оқушы бойындағы үрейленуді басады және мұғалімді «төреші» болудан босатып, өзін-өзі бағалау, өз іс әрекетіне баға беру, жауапкершілік қабілетінің дамуына

ықпал етеді. Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою және сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін, оқыту қорытындысын шығару үшін қажет. Мұндай бағалау кезінде өзінді басқа адаммен салыстыру шарты жоқ, сондықтан критерий түрлері бойынша мүмкіндігінді бағалап, жетістікке жету жолдарын қарастыру болып табылады (4, 16-18 б).

Қорытынды: Балалар үшін психологиялық атмосфера маңызды. Демек, қарапайым қорытынды – оқушының мақсатқа жету жолында аз ғана жетістікке жетелеуге, жеке жетістіктерін жақсы сөзбен айқындауға, мадақтауға, өзара микроклиматты және өзара көмек көрсетуді қалыптастырамыз. Егер балаларымыз еңбекті құрметтесе және өзінің және басқа адамдардың еңбектерінің дұрыс бағалануын үйренсе оқушылар болашаққа сенімді болады.

Әдебиеттер

1. Бешімбаева Қ.Е. Білім алушының тілдік құзыреттілігін жетілдірудегі критериалды бағалау жүйесі: әдістемелік нұсқау / Қ.Е. Бешімбаева. – 11 б.
2. Орта білім мазмұнын Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесі негізінде жаңарту. Әдістемелік құрал. – Астана: Бі. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014.

МРНТИ: 14.35.31

К.М. Шалбаева

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні мұғалімі
№ 117 ЖББМ жалпы білім беретін орта мектеп
(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)
e-mail: shalbaeva-kz@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кіріспе. Қазақстандық білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі мен жаңа мазмұндағы жүйесінің басты міндеті – қазіргі заманғы ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде алынған білімді қажет жағдайда пайдалану икемділігін меңгерген, өз бетінше дұрыс, тиімді шешім қабылдайтын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруда білімнің алар орны ерекше екендігін айтпасақ та түсінікті. Білім берудің қалыптасқан дәстүрінен функционалды білім беруге көшу кезінде қазіргі күнде түрлі көзқарастар болып жатқаны белгілі. Білім беру саласындағы бұл үдеріс күрделі болса да, бұл уақыт талабы. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқушы іс-әрекетті атқарушы объектіден өз ісін өзі басқаруға, орындауға қабілетті субъектіге көшіру арқылы мүмкін болады, демек нәтижелерге негізделген білім беру моделі жүзеге асырылады. Жас жеткіншектердің бойындағы ерекше қабілеттілікті, дарындылықты тани білу, оның одан әрі дамуына бағыт-бағдар беру, оны сол бағытта жетелеу – ұстаз парызы. Әлемдік тәжірибе бойынша тілді тиімді меңгерту төрт дағды арқылы жүзеге асырылады. Оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым дағдылары коммуникативтік дағдылар болып табылады. Аталған дағдылардың әрқайсысының өзіне тән ішкі дағдылары мен оны үйрету жолдары, ерекшеліктері бар. Сабақты аталған дағдылар ерекшелігін ескеріп құру тілді тиімді меңгертуге септігін тигізеді. Коммуникативтік дағдыларды басшылыққа алып оқыту функционалды сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Грамматикалық білім де осы тілдік төрт дағдыны қалыптастыру негізінде жүзеге асып отырады. Жаңартылған білім мазмұнының ерекшеліктерінің бірі де – оқушылардың білім алуда төрт дағдыны игеруі. Қазіргі білім беруде оқушының сыни тұрғыдан ойлана білуі, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сауатты қолдана алуы, коммуникативтік қарым-қатынас тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды пайдалануы, бірлескен топтық, жұптық жұмыс жасай білуге дағдыландыру негізгі мақсат болып отыр. Тілдік төрт дағдылар оқушының сөйлеу әрекетін қалыптастырады.

Әдістеме. Сөйлеу – адамдардың материалдық өзгертуші іс-әрекеті үдерісінде тарихи тұрғыдан қалыптасқан тіл арқылы болатын қарым-қатынас нысаны. Ф. де Соссюр «тіл мен сөйлеу бір-бірімен байланысты, бірақ бір-бірінен өзгешеліктері бар, сөйлеу – тілді қолданудың нәтижесі, ол - индивидуалдық, ал тіл - қоғам мүшелерінің бәріне бірдей дәрежеде міндетті, өзара байланысты таңбалардың жүйесі. Тіл – әлеуметтік сипатқа ие» десе, А. Байтұрсынов өзінің «Тіл – құрал» атты еңбегінде: «Сөйлеу – адамның белгілі бір мәселеге қатысты толық, түсінікті ойын білдіреді», – деп атап өткен болатын. Ал Қ. Жұбанов: «Сөйлеген адам өзіне сөйлемейді, басқа біреуге сөйлейді. Мен не деп сөйлесем де, басқа біреуге өзімнің ойымнан хабар беру үшін сөйлеген болам. Сөйлеудегі мақсат – біреудің екінші біреуге өзінің ойын білдіруі», – деп өз пікірін білдіреді [1]. Сөйлеу тек тіл бірліктерінің көмегімен сыртқа шығарылады, сөйлеу дегеніміз-іштегі ойдың тілдік құралдар арқылы сыртқа шығуы.

«Сөйлесім әрекеті – әр түрлі ғылым өкілдерін қызықтырған күрделі мәселе. Сөйлесім әрекетін көптеген авторлар белгілі бір хабарды, ойды, ақпаратты баяндау, яғни екінші біреуге жеткізу деп түсіндіреді. Немесе тілдік қарым-қатынас дегеніміз – адамдардың бір-бірімен тіл арқылы белгілі бір ақпаратпен пікір алмасу деген пікірді айтады. Осындай тәжірибелерге сүйене келіп, сөйлесім әрекетін бес түрге бөліп қарастырамыз. Олар: оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім. Сөйлесім әрекетінің барлық түрлеріне тән ең басты көрсеткіш: ол – түсіну. Бір адам екінші бір адамның айтқанын түсінбесе, ұқпаса, онда пікірлесу де, сөйлесу де жүзеге аспайды. Сөйлесім әрекетіне қатысты айту да, оқу да, жазу да, есту де, тілдесу де белгілі бір хабарланған, баяндалған ойды түсінуге негізделеді» [1]. Олай болса, тілдік дағдыны қалыптастыру оқушының сөйлеу әрекетінің жетілуіне септігін тигізеді.

Оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалым – сыныптардағы барлық пәндер үшін маңызды болып табылатын қарым-қатынас жасау дағдылары, сондықтан оқушыларға осы төрт дағдыны барынша жетілдіруге мүмкіндік берудің маңызы зор. Нақты белгілі бір дағдыны жақсарту тәсілдерінің бірі - осы дағдыға ерекше назар аудара отырып, содан кейін бірнеше тілдік дағдыны қамтитын жаттығуларды біртіндеп енгізу болып табылады [2, 38]. Жаңартылған білім беру мазмұнында тілді оқытуда төрт дағдының оқу үрдісінде жүзеге асырылуына сипаттама берілген.

Кесте 1 – Тілдік дағдылар сипаттамасы

Критерийлер	Сипаттамасы
Тыңдалым	Оқу бағдарламасындағы сынып пен пәнге сәйкес келетін тыңдалым дағдысының бірқатар стратегияларын қолдана отырып, тыңдалымның әр түрлі дереккөздері және мәтін түрлерінің мазмұнын түсіну соған орай әрекет ету. Төменгі сыныптарда бұл қызмет қарапайым сөздер мен сөз тіркестерін білуге және соған сәйкес жауап беруге негізделеді.
Оқылым	Оқу бағдарламасындағы сынып пен пәнге сәйкес келетін оқылым дағдысының бірқатар стратегияларын қолдана отырып, оқуға арналған оқуға арналған әр түрлі мәтіннің мазмұнын түсіну. Төменгі сыныптарда бұл қызмет қарапайым алдын ала таңдау дағдыларына негізделеді.
Жазылым	Оқу бағдарламасындағы сынып пен пәнге сәйкес келетін әр түрлі жазбаша мәтіндердің ерекшеліктеріне мән бере отырып түсіндіру. Төменгі сыныптарда бұл қызмет балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту дағдыларына негізделеді.
Айтылым	Оқу бағдарламасындағы сынып пен пәнге сәйкес келетін айтылым дағдысының ережелері бойынша дұрыс сөйлей білу; тапсырманы орындау кезінде сыныптастарымен дұрыс қарым-қатынас құру. Төменгі сыныптарда бұл қызмет сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс айту дағдыларына негізделеді.

Оқылым, жазылым, тыңдалым және айтылым дағдыларының әрқайсысын жекежеке дамыта отырып, оларды бір-бірімен өзара тығыз байланыста кешенді түрде оқытады. Оқу кезінде олар сөз тіркестерінің құрылымына, сөздердің орын тәртібіне, сөйлем құрылысына және сөйлеуге назар аударады. Жалпы жаңартылған бағдарлама әсіресе оқылым мен жазылымда оқушылардың бірлесіп жұмыс істеуін басты назарда ұстайды. Бірлескен оқылым мен жазылым сабақтарын ұйымдастыруда мұғалімге үлкен шеберлік керек, өйткені оның өз қиындықтары бар. Ең бастысы өз бетімен оқу немесе жазуға қарағанда тапсырма күрделірек болуы шарт. Адам өзінің шамасы келмейтінін түсінген кезде жанындағы адамның көмегіне жүгінеді. Егер шамасы келетін болса, әркім өз бетінше орындап, бірлескен жұмыс іске аспай қалады. Бірлескен жұмыстағы ұстаным: «мен» емес, «біз» болуы шарт. «Біз жеңіске бірге жеттік!» немесе «біз мақсатты бірге бағындырдық!» Осындай жұмыстарды орындау барысында бала «жұмыла көтерген жүктің жеңіл» болатынын немесе «жалғыздың үні шықпайтынын» өздері түсінуі тиіс.

Осылардың ішінде басқа дағдыларды қалыптастырудың негізгі алғышарты – тыңдалым әрекеті болып табылады, өйткені күнделікті өмірде оқушы көптеген ақпаратты сағат сайын естіп, көріп тыңдайды. Бірақ кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсіну сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Егер оқушы өзіне керек мәліметті тыңдау арқылы тауып үйренсе, ол басқа үш дағдыны (айтылым, жазылым, оқылым), яғни айтылып жатқан мәліметті түсінеді; өз пікірін білдіре алады және басқалармен қарым-қатынас жасай алады; тақырыпқа қатысты деректі түсініп оқиды; көтерілген мәселеге өз көзқарасын жазбаша жеткізе алады. Ал тыңдалым дағдысы дегеніміз не? «Тыңдалым – «аудирование» деген терминнің білдіретін мағынасы – «есту арқылы түсіну». Бұл айтылған не техникалық ақпараттарға жазылған аудио мәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну деген ұғым». Ал «Шет тілдерді игерудің жалпы еуропалық құзыреттері: зерттеу, оқыту, баға» атты еңбекте тыңдалымға келесі анықтама берілген: «Тыңдалым кезінде тілді меңгерген тыңдаушы бір не бірнеше адам айтқан ауызша ақпаратты қабылдап өңдейді». Тыңдалым оқылым сияқты рецептивті дағдылар қатарына жатады. Тыңдалым дегеніміз тілге сай әрекет ету, яғни тілдің дыбыстық мағынасын түсіну. Тыңдалым ауызекі сөйлеу тілін қамтығандықтан, оның тілі жазба тілден өзгеше болып келеді. Тыңдалым аса маңызды тілдік дағды болып саналады. Алайда оны қадағалау анағұрлым қиынға түседі. Тыңдалым дағдысын дамытуға арналған сабақты өткізудің негізгі мақсаттарының бірі оқушыларды тиімді тыңдауға үйрету, яғни ақпаратты түсіну үшін онымен не істеу керек екенін үйрету болып табылады [3]. Тыңдалым дағдысы бойынша: негізгі ойды түсіну, ақпаратты анықтау, түсінгенін практикада қолдана білу бағаланады.

Айтылым дағдысында – тапсырмалар тақырыпқа қатысты ойын білдіру, өз көзқарасын дәлелдеу, шешім шығару, қорытынды пікір жасау туралы түсінік пен біліктілік деңгейіне бағытталады. Айтылым әртүрлі ішкі дағдыларды қамтиды. Оқушылардың айтылымдағы жетістігі олардың әрқайсысын практикалық жаттығулар арқылы дамыту арқылы көрініс табады.

Оқылым – оқушының оқу сауаттылығын қалыптастырудың құрамдас бөлігі. Оқылым дағдыларын жақсартпайынша жазылым кезеңі жүзеге аспайды. Оны оқу үдемелігін қалыптастыру кезеңдеріне қарап та танып білуге болады. Ф. Оразбаева өз зерттеулерінде «оқылымның берілген материалды түсініп, ұғыну ғана емес, ондағы әрбір тілдік қатысымдық тұлғалардың мағынасын білу, қабын тану және оны тілдік қарым-қатынаста кеңінен пайдалану керектігінің» маңызды екендігіне баса назар аударады. Оқылым рецептивті (қабылдаушы) дағдылар қатарына жатады. Яғни оқылым дағдысы мәтінді жазу, айтуда гөрі, оған жауап қайтару немесе мақсатқа сай әрекет етуді білдіреді. Қарапайым тілмен айтқанда жазба тілдегі мәтінді түсіну. Оқылым кезінде оқушы жаңа ақпаратпен танысады, оны тәжірибеде пайдаланады. Соның негізінде оқушылардың танымы кеңейіп, ойлауы дамиды, өзіне жаңа ақпарат алады. Оқылымның мақсаты – мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты әр түрлі деңгейде қабылдауы және түсіне білуі, тілдің айтылым заңдылықтарына сәйкес оқи алуы. Оқылым бойынша біліктілік деңгейін анықтау және бағалау келесі нәтижелермен айқындалады: түсініп оқу, зерттеп оқу, шолып оқу, мәселені сын тұрғысынан бағалау, негізгі аргументті анықтап, дәлелдеу [3].

Қорыта айтсақ, тілдік дағдыларды саналы меңгерткенімізде ғана сапалы ұрпақ тәрбиелей аламыз, соған сай әдіс-тәсілдерді тиімді қолданғанда ғана нәтижеге қол жеткіземіз. «Мен мектепке барарда түк білмейтіндерге білім берем демеямін, мен әрбір үйге Алланың берген сыйының алдына барамын, – деп қараймын» деген Ш.А. Амонашвили қағидасы білім саласындағы жаңаша баспалдаққа қадам басқан жаңаша бағытқа арнап айтылғандай. Оқушылардың бір-біріне жаңа тақырыпты түсіндіре отырып, диалогтік қарым-қатынас жасап, өз беттерінше қорытынды шығара білуін дәлел ретінде айтуға болады. Нәтижесінде оқушылардың бойынан мынадай өзгерістер байқалады: ынтымақтастыққа үйренеді, жеке, жұппен, топпен жұмыс істеуге үйренеді, өз ойларын еркін жеткізуге үйренеді, өзіне-өзі баға беруге, сыныптастарын бағалауға үйренеді, бір-бірін тыңдауға, талдауға, салыстыруға, бір-біріне сыни тұрғыдан пікір айтуға үйренеді. Мұғалім белсенді оқыту әдістерін қолдана отырып, білім алушының жеке басының жеке ерекшеліктерін одан әрі дамытуға мүмкіндік жасап, олардың өз бетімен ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастырады. Ал оқушылар бірлесе жұмыс жасауға, ынтымақтастыққа үйреніп, өзіне өзі баға беруге, сыныптастарын бағалауға үйренеді.

Әдебиеттер

1. Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі: мақалалар, зерттеулер / Ф.Ш. Оразбаева. – Алматы: Ан-Арыс, 2000. – 208 б.
2. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Екінші басылым. – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. – Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015. – 99 б.
3. Мұғалімге арналған Нұсқаулық . Бірінші Деңгей /Екінші Басылым, 2014. – 260 б.
4. Сулейменова Г.Т. Бастауыш білім беруде негізгі коммуникативті дағдыларды қалыптастырудағы оқытудың тиімді стратегиялары [Электрондық ресурс]. – 2018, URL: <https://adisteme.kz> (қаралған күні: 07.02.2018).
5. Рауандина А.К. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі. – Алматы, 2013. – Б. 66.

ҒТАХР: 16.01.07

М.А. Хасанова, А.Т. Дихамбаева
«№ 10 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ
(Абай облысы Семей қ.)

МЕКТЕПТЕ БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Дәл осы өскелең ұрпағымыз ұлттың сапасын құрайды. Сондықтан да қадір-қасиет, ар-намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге ие шығармашыл азаматты тәрбиелеу маңызды. Міне, сондықтан Ұлттық құрылтайдың отырысында Мемлекет басшысы білім беру саласына қатысты бірқатар негізгі міндеттерге тоқталған болатын. «Ұлттық тәрбие – ел болашағы» тәрбиесінің тұжырымдамалық негіздері енгізіліп жатыр. Жаңа оқу жылынан бастап 2023-2025 жылдарға арналған Біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асырылуда. Бұл құжат жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталған.

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жасұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертені болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білімберу мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан-Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі» – дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін, ең бастысы, әразаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін, халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиісекендігін; әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері: Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Іс-шара барысында қатысушылар оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда білім беру ұйымдарындағы 2023-2024 оқу жылында жүзеге асырылатын тәрбие жұмысының беталысын, құндылықтар негізінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктерін, білім алушылардың бойында құндылықтарды пәндік мазмұн, сынып сағаттары мен сыныптан тыс әлеуметтік тәжірибелер арқылы дарытудың әдіс-тәсілдерін меңгеріп, өзара пікір алмасып, ойларын ортаға салып, ертеңгі ұрпақты жан-жақты үйлесімді дамыған тұлға етіп тәрбиелеудің тиімді жолдарын талқылады.

Мектепте барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, талап сияқты құндылықтар көрініс табуда.

Білім беру ұйымының мәдениетін қалыптастыру және жүзеге асыру

– Негізгі құндылықтарды қолдайтын тұжырымдамалар әзірлеу және енгізу.

– Білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін нақты этикалық стандарттар орнату. •

Білім алушылардың тұлғалық өсуіне ықпал ететін инклюзивті ортаны құруға жәрдемдесу.

– Құндылыққа негізделген тәсілді дамытудағы олардың рөлі мен әсерін түсіндіре отырып, жаңа қызметкерлерге бағытбағдар дәрістерін өткізу. Ынтымақтастықты қолдау

– Педагогтер мен білім алушылар арасында мағыналы және сыйластық қарым-қатынас орнату.

– Білім алушылар арасындағы достық қарым-қатынасты дамытуға ықпал ету.

– Ата-аналармен ынтымақтастыққа жағдай жасау және оларды мектеп өміріне тарту.

– Жергілікті қауымдастықтармен және ұйымдармен байланысты нығайту.

Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыруда педагогтерге ұсынылады:

Тәрбиеде құндылықтарды қалыптастыру

– Күнделікті іс-әрекетте үлгі көрсету.

– Сыныпта және одан тыс жерлерде тәрбиені жүзеге асыру және белсенді орындау.

– Құндылықтарды қалыптастыру тәсілдерін жүзеге асыру үшін басшылықпен үйлестіру.

– Білім алушыларға қауіпсіз және қолдаушы ортада өз құндылықтары мен нормаларын

дамытуға мүмкіндік жасау. Оқыту және дамыту

– Құндылықтар мен тұлғаны қалыптастыру мәселелеріне бағытталған сынып сағаттарының мазмұны арқылы құндылықтарды кіріктіру;

– Өзекті мәселелерді және тұлғалық дамуды талқылау үшін пәннің мазмұнын пайдалану.

– Адамгершілік қасиеттерді бірлесе оқыту мақсатында мектепшілік іс-шаралар ұйымдастыру.

– Білім алушыларды белсенді түрде қызықтыру үшін түрлі педагогикалық әдістерді қолдану.

– Этикалық дилеммаларды талдау және шығармашылықты дамыту үшін оқу материалдары мен ресурстарын пайдалану. Сабақтан тыс қызмет

– Көшбасшылық қасиеттерді көрсету және дамыту үшін сабақтан тыс іс-шараларды ұйымдастыру.

– Білім алушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін ашу үшін мектеп іс-шараларын өткізу.

– Білім алушыларда құндылықтарды қалыптастыруға ынталандыру үшін қоғам қайраткерлерін, ата-аналарды шақыру.

– Әлеуметтік белсенділік және волонтерлік қызмет жобаларын әзірлеу және іске асыру.

Әдебиеттер

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Біртұтас тәрбие бағдарламасы Астана, 2023.

2. Мырзадияр Айнаш Біртұтас тәрбие бағдарламасы: ұлттық құндылықтар <https://bilimger.kz/147162/>

Н.З. Хасенова

КГУ «Средняя общеобразовательная школа № 41», г. Семей области Абай,
учитель начальных классов
(Республика Казахстан, г. Семей)

ФОРМИРОВАНИЕ БАЗОВЫХ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРНОГО ЧТЕНИЯ

Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы, алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді.

Бастауыш сыныптарда оқушылар сандық өрнектермен арифметикалық амалдарды орындаумен шектелсе, алгебра, геометрия, тригонометрия әлеміне енген сайын басқа жаңа талаптар қойылады. Бастауыш сыныптарда 0,1,2,3,4,5,6,7,8,9 және «+», «-», «*», «/» секілді таңбалармен қатар I, V, X, M, L, C тәріздес Рим цифрларын білумен шектелеміз. Ал енді алгебрада латын, грек әріптерін үйренуге тура келеді. Міне, осы әріптерді дұрыс жаза және оқи білу математикалық сауаттылық білдіреді.

Мұғалім оқушыны математика пәнінің қыр сырына үйрету үшін оған математикалық сауаттылықты сақтау жөнінде күнделікті қатаң талаптар қойып, орындалуына мұқият зер салуы керек. Сонда оқушы математикалық өрнектерді оқуда, жазуда және сызбаларды сызуда сауаттылық көрсетіп, тәртіпке бейімделеді де, есептерді де алгоритм немесе логика бойынша тез, сауатты шеше алады, сабаққа да ынтасы арта түседі. Сауаттылық қызметі – алған білім, білік, дағдысын күнделікті іс – әрекетте пайдалану біліктілігі. Оқушылардың танымдық әрекет амалдарын меңгеруін есепке алып, алгоритмдік есептерден эвристикалық типтегі есептерге көшу кезінде оқу-зерттеулік есептер көбейе түсетін өзара байланыс түрі өте тиімді. Математикалық сауаттылықтың дамуы оқушының жалпы сөйлеу мәдениетін дамытып, қазіргі қоғамда тұлғаның ұтымды сөйлеу коммуникацияларын қалыптастырады.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру дағды мен іс әрекет негізінде өздігінен ізденетін, өздігінен шешім қабылдайтын, нарық заманында өмір сүріп, адал еңбектенетін, бәсекелестікке қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруға септігін тигізеді. Осы ғылым мен білімнің негізін тереңдету нәтижесінде ғана еліміз өзінің елдігін басқа елдер алдында көрсете алады. Ал ел тағдыры, оның келешекте кемелді ел болуы мектептің қандай негізде құрылуына байланысты.

Қорыта келгенде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Педагогтің сабақ өту шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыруы, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Өз мамандығын толық меңгерген жоғары деңгейлі оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абырой, яғни үмітінің ақталғаны, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ

алдындағы қарыздың өтелгені. Мұғалімнің сабағының өн бойындағы негізгі мақсаты, оның негізгі мәнін естен шығармай, әрбір сәтті тиімді пайдаланғанда өз мақсатына жетеді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру процесінің негізгі бөлігі болып табылады. Келешек ұрпақты сауатты етіп тәрбиелеу Қазақстандағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарында көрсетілген болып, онда оқушылардың құзыреттілік біліктерін, алған білімдерін шынайы өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана білу қабілеттерін дамыту көзделген.

Іскерлік, шығармашылық бірлесіп жасау, сабақ барысында жеке, жұптық, топтық түрде араласып жұмыс жүргізу жаңартылған білім мазмұнының бір бөлегі болып есептеледі. Олай болса кез-келген оқу пәні оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту құралы бола алады.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру дағды мен іс әрекет негізінде өздігінен ізденетін, өздігінен шешім қабылдайтын, нарық заманында өмір сүріп, адал еңбектенетін, бәсекелестікке қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруға септігін тигізеді.

Әдебиеттер

1. Бахтиярова Р.Ж. Пән сабақтарында АКТ-ны қолданудың тиімділігі / Р.Ж. Бахтиярова. – Орал, 2014.
2. Жұмабаев М. Жалпы педагогика / М. Жұмабаев. – М., 2009.
3. Бабаев С. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар -мұғалім еншісі / С. Бабаев, К. Қазиева // Бастауыш мектеп. – 2011. – № 4. – Б. 25.
4. Сағалиева Ж.К. Білім беру кеңістігіндегі цифрлық педагогика / Ж.К. Сағалиева. – Алматы: Бастау, 2020. – Б. 388.

ҒТАХР: 16.01.07

А.Ж. Садыкова

Абай облысы Семей қаласы «№ 41 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ
бастауыш сынып мұғалімі

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

PIRLS зерттеуінің басты мақсаты – оқушылардың әлемдік деңгейдегі мәтін мазмұнын жетік түсінуін және әлем мәтіндері мен оқу сауаттылығын қалыптастыруда ұлттық білім жүйесі жұмысының айырмашылықтарын анықтау болып табылады.

Қазақстанның халықаралық зерттеуге қатысуы білім сапасының қазіргі заман талабына сай болуда ұлттық білім жүйесін модернизациялауды білдіреді. Қазақстан Республикасының 2011-2020 ж. арналған Мемлекеттік бағдарламасында қазақстандық оқушылардың мәтінді оқу және түсіну деңгейін анықтауда халықаралық зерттеуге қатысуы туралы белгіленген. Негізгі халықаралық зерттеу Қазақстанда 2016 жылдың 1-30 сәуір аралығында өткен болатын. Зерттеу нысанасы болып бастауыш түлектері саналды, өйткені төртінші сыныпқа келгенде оқушылар түрлі мәтіндермен жұмыс жүргізе білуі тиіс. Қазақстаннан 4000-нан астам төртінші сынып оқушылары қатысты. Оның ішінен: Оңтүстік Қазақстаннан-38, Алматы облысынан-18, Ақтөбе мен Қарағанды облыстарынан 13-тен, Шығыс Қазақстаннан-12 (Семей қаласынан № 8, № 39 метептерінің 4-сынып оқушылары).

Білім негізі бастауышта қаланатыны белгілі. Қазіргі оқыту жүйесі бастауыш сынып мұғалімінен ізденіс пен шығармашылықты талап етеді. Сондықтан мұғалім оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруда оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдері мен түрлерін ұтымды пайдаланғаны дұрыс.

Тәжірибемде мәтінмен жұмыс істеудің интегралды және и дифференциалды алгоритмдерін қолданамын. Оқудың интегралды алгоритмі мәтіндегі негізгі ойды анықтауға көмектеседі. Бұл әдіс ең қажетті ақпаратты ғана бөліп алуға септігін тигізеді. Дифференциалды алгоритм көмекші сөздер арқылы ең маңызды ақпаратты іріктеп алуға арналады. Мәтінді оқып, не туралы екендігін анықтап алған соң, оқушыларға парақтар таратылады.

1. Мәтіннің тақырыбы, авторы: _____
2. Негізгі мазмұны (идеясы): _____
3. Фактілер (аттары, цифрлар, мәліметтер): _____
4. Бағалау:
Жаңа ақпарат _____
Қызықты ақпарат _____
5. Пайдасы: _____

Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру жұмыстары оқу үрдісінде ғана емес, сонымен қатар сабақтан тыс кезде, тәрбиелік іс-шаралар мен қосымша сабақтарда, отбасылық оқу мәдениетін қалыптастыруда ата-аналармен бірлесе жұмыс атқарған кезде ғана іске аспақ.

Аталған зерттеу сарапшыларының халықаралық глоссарийы бойынша «оқу сауаттылығы»-оқушының өмірге бейімделе алуы мен алға қойған мақсаттарына жетуде жазбаша тілдің түрлі формаларын түсінуі мен логикалық сараптан өткізуі дегенді білдіреді.

Оқу біліктілігін бағалауда ескеру керек:

- ақпаратты табу,
- қорытынды шығару,
- ақпаратты қорытындылау мен интерпретация,
- мәтін құрылысы мен тілдік ерекшеліктерін, мазмұнын бағалау.

Зерттеу мәтінмен жұмыс жүргізу барысында оқырмандық білікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мәтінді түсінуде оқушылардың оқырмандық мүмкіндіктерін сипаттау:

- мәтінді жоғары деңгейде түсіну,
- мәтінді орташа деңгейде түсіну,
- мәтінді төменгі деңгейде түсіну,

Оқу сауаттылығы бойынша оқушылар мектеп аясында және мектептен тыс уақытта нені оқитынын, қандай мақсатпен оқитынын білуі қажет. Оқуға деген қызығушылықты «Отбасымен бірге оқу», «Кітапхана сабақтары», АКТ пайдалану арқылы «Оқуға әуестік» сайттары арқылы арттыруға болады. Оқу сауаттылығының негізі мәтінмен толыққанды жұмыс істеу үшін қалыптасқан оқу дағдысы болып табылады. Зерттеу оқушылардың оқу мүмкіндіктерін бағалауға көмектеседі.

Функциональдық сауаттылық – адамдардың (жеке тұлғаның) әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы. Яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Бұл жаңа ғана өмірге бейімделіп келе жатқан жас бүлдіршіндердің қалыптасуы, өмірге, мектеп өміріне бейімделіп кетуі. Мұндағы басшылыққа алынатын функциональдық сапалар: оқушының белсенділігі, шығармашылығы, ойлауы, шешім қабылдай алуы, қабілеттілігі т.б. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алуға қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Функциональдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функциональдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады.

Бастауыш сыныпта ана тілін оқытудың негізгі мақсаттарының бірі-оқушылардың сөздік қорын, ауызша және жазбаша сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетінің қалыптастыру болып табылады.

Сондықтан да қазіргі кезде бастауыш мектеп мұғалімдері оқушылардың сөздік қорын молайтып, сол үйрегіне сөздерін қолдана отырып, айтайын деген ойын анық жеткізіп сөйлеуіне зор көңіл бөлуде.

Оқу сапалары.

Дұрыс оқу

1. Дұрыс оқуға үйрету негізі алғашқы оқу-жазуға үйрету кезден басталады. Дұрыс оқу үшін оқушылар мына талаптарды орындауы қажет:

1. Сөзді оқығанда әріптеп оқымай, буындап, буындарды жалғастырып оқу. Мысалы: *ша-на-лар, то-қу*. Мұнда балалар сөздің сыртқы түрін ғана меңгеріп, мағынасын түсінбей оқитын болса, дер кезінде түсіндіріп, түзетіп, сөзді буынға бөлгенде дұрыс бөліп оқуға жаттықтырып, дағдыландыру қажет.

2. Оқып тұрған сөздің не алдынан, не артынан, не ортасынан артық дыбыс қоспай, не түсірмей оқу, ұқсас дыбыспен ауыстырмай оқу.

3. Бір дыбысты не буынды ұзақ созып, не екі рет айтпау: *аа-на, баа-ла, а-на-на, ба-ба-ла*.

4. Бір сөз орнына екінші бір сөзді айтпау (мағынасына сәйкес келетін), сөйлем соңындағы сөзді, буынды жұтып қоймау.

5. Ұқсас дыбыстарды, тілі келмейтін дыбыстарды ауыстырмау.

Сонымен оқушы дұрыс оқымаса, мұғалім дұрыс оқып беріп, оқушыға қайталаптырады немесе жақсы оқитын оқушыға оқыттырады.

Баланың табиғат сыйға тартқан барлық интеллектуалдық қабілеттері ана тілін меңгерудің, онда да мектепке дейінгі кезде меңгерудің арқасында пайда болады және дамиды. Балаларды ана тіліне оқытуда кәсіби шеберлікті меңгеру үшін болашақ тәрбиешіге әдістеме теориясын, ұғыну және ғылымға белгілі әдістерді меңгеру, яғни осы әдістерді жүзеге асыратын оқытудың аса маңызды тәсілдерін орындауға жаттығу қажет.

Тілді дер кезінде және сапалы меңгеру балада дұрыс психиканың қалыптасуының және оның кейін жақсы дамуының алғашқы аса маңызды шарты болып табылады. Дер кезі дегеніміз – бала дүниеге келген алғашқы күннен бастау, сапалы дегеніміз – тілдік материал көлемінің жеткілікті болуы және баланың әрбір жас кезеңіне қарай тілді меңгеруге деген мүмкіндіктерін толық пайдалану.

Түсініп оқу

Түсініп оқу – оқыған сөз немесе сөйлемнің мағынасын, ондағы айтылған ойды дұрыс түсініп, оны екінші бөлімде айтылған оймен байланыстыруы, оқылған мәтін мазмұнын анық, терен ұғынуы.

Түсініп оқу дұрыс оқу сапасы арқылы іске асады. Түсініп оқу барысында оқушыларда елес, ұғым, бейне, жоғары сезімдер пайда болады. Түсініп оқуға дағдыландырудың маңызды бір жолы – кіріспе әңгіме. Сонымен қатар оқудың алдында саяхатқа шығу, тәжірибе, бақылау жасау да түсініп оқуға дағдыландырады. Қорытынды әңгіме де оқушының түсініп оқуына септігін тигізеді.

Жаңа материалды түсініп қабылдау үшін сабақ үстінде жүргізілетін жұмыстар:

1. Кіріспе әңгіме.

2. Мұғалімнің мәтінді тұтас баяндауы не оқып беруі.

3. Сөздік жұмысы.

4. Бөлім-бөлім бойынша оқушыларға дауыстатып оқыту.

5. Сұрақ-жауап арқылы не түсінгендерін, қалай түсінгендерін байқау.

6. Іштен оқу.

7. Қажетті жағдайда оқудың басқа түрлерін іске асыру. Мысалы: рөлге бөліп оқу, теріп оқу, бөлімге бөліп оқу.

8. Түсінгендері бойынша бөлімге ат қою, мазмұндық сурет салу, мазмұнына сәйкес мақал-мәтел айту.

9. Осы әңгімеге ұқсас, идеялық ойын аша түсетін қосымша әңгімеге өлең, т.б. айту.

10. Мәтінді қалай қабылдағанын байқау, алған білімін білікке айналдыруға бағытталған қорытынды әңгімеге өткізу.

Мәнерлеп оқу

Мәнерлеп оқу – бастауыш сынып оқушыларын дұрыс оқуға үйрету үшін қойылатын талаптың бірі. Дауыс интонациясын сақтап оқығанда ғана бала дұрыс оқиды әрі оқығанын түсінеді. Оқудың сапалары бірімен-бірі тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырып отырады. Түсініп оқу үшін дұрыс оқу керек. Мәнерлеп оқу үшін оқып отырғанын түсіну керек. Мәнерлі оқылмаса, дұрыс оқыды дей алмаймыз. Ендеше бастауыш сыныпта мәнерлеп оқуға үйрету сауат ашу кезеңінен басталады. Сауат ашу кезеңінің дайындық сатысынан бастап сөйлеуге үйретеміз. Ал оның басты үлгісі – мұғалімнің өзінің дауыс интонациясы. Мәнерлеп оқу дегеніміз – дұрыс оқу, сонымен бірге

дауыс интонациясы арқылы сөйлем не мәтіндегі негізгі ойды жеткізу, мазмұндық ой екпінін қоя білу, кейіпкер көңіл-күйін сезіне оқу. Екінші сөзбен айтқанда, қарапайым сөйлеу тіліне жақын, еркін оқу, дауысты құбылтып, тындаушысына әсерлі етіп жеткізу.

Мәтінмен жұмыс бір жағынан, сөздің грамматикалық және лексикалық жақтарын талдауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан баланың сөйлеу дағдысын қалыптастырудың негізі болып саналады. Мәтінмен жұмыс жүргізу барысында мұғалімнен оқушылардың мәтін мазмұнын түсінетіндей жағдай туғызу талап етіледі. Ол үшін сөздік жұмысы, талдау, салыстыру, түрлі бағытта берілген шығармашылық тапсырмаларды орындау сияқты әдістер мен жұмыс түрлерін ұйымдастыру қажет.

Әдебиеттер

1. Адамбаева Р.А. Мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастырудың отандық тәжірибесі. Қазіргі ғылыми парадигмадағы «оқу сауаттылығы» ұғымының мәні.
2. Цукерман Г.А. Оценка читательской грамотности. РАО институт содержания и методов обучения отдел оценки качества общего образования / Г.А. Цукерман. – М., 2010. – № 90. – С. 8.
3. Кузнецова М. Читательская грамотность школьников: взгляд сквозь призму PIRLS и PISA / М. Кузнецова // Науч.- метод. журн. – 2011. – № 3. – С. 52-57.
4. Оразбаева Ф. Қазіргі ғылыми парадигмадағы «Оқу сауаттылығы» ұғымының мәні Байтұрсынұлы А. / Ф. Оразбаева // Тіл ғылымы. – А.: «Ана тілі», 992. – 448 б.
5. Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі / М.Б. Балақаев. – А., 1987.
6. Бектұрғанов Ш. Қазақ тілі / Ш. Бектұрғанов, М. Серғалиев. – А., 1994.

ҒТАХР: 14.07.09

А. Сағатбек, Г.Л. Габдуллина

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.); e-mail: sagatgbek.amangul89@gmail.com

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕХАНИКА БОЙЫНША ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Оқу үдерісінде функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың бір жолы – проблемалық оқыту әдісін қолдану. Проблемалық оқыту – оқушыларды шынайы проблемалық жағдайларға негізделген тапсырмалар арқылы оқыту. Бұл әдіс оқушыларды белсенді қатысуға, теориялық білімді нақты өмірлік жағдайларда қолдануға, сыни тұрғыдан ойлануға және шығармашылық шешімдер қабылдауға бағыттайды.

Функционалдық сауаттылық – бұл адамның алған білімін түрлі жағдайларда қолдана білу қабілеті. Бүгінгі қоғамда білімді болу жеткіліксіз, оны тиімді пайдалана білу маңызды. Білім алушылардың ақпаратты игеруі және сол білімді нақты проблемаларды шешуде қолдануы олардың функционалдық сауаттылығын айқындайды.

Функционалдық сауаттылықтың бірнеше негізгі компоненттері бар:

- *Ақпаратты дұрыс қабылдау және түсіну қабілеті.* Оқушы оқу материалын терең түсініп, оны талдай алады.
- *Теориялық білімді тәжірибеде қолдану.* Бұл оқушылардың мектепте алған білімін өмірлік жағдайларда қолдана білуін қамтамасыз етеді.
- *Шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлау қабілеті.* Проблемалық жағдайларды шешу барысында оқушы түрлі шешімдерді қарастырып, ең тиімдісін таңдай білуі тиіс.
- *Өз бетімен жұмыс істеу дағдылары.* Оқушы проблеманы шешу үшін ақпаратты өз бетімен іздеп, сараптап, қолдана білуі керек.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы олардың келешектегі кәсіби өміріне ғана емес, күнделікті өмірде де пайдалы болады. Бұл білім беру бағдарламасының негізгі мақсаттарының бірі болып табылады.

Проблемалық оқыту педагогикалық әдістеме ретінде физика сияқты оқу пәндерін оқыту процесінде оқушылардың белсенді ізденістеріне және өз бетінше есеп шешуіне түрлендіруге ұмтылады. Бұл әдіс теориялық білімді қолдануды талап ететін өмірлік мәселелерге тап болған кезде студенттер материалды тереңірек меңгереді және оны жақсырақ түсінеді деген идеяға негізделген. Дайын ақпаратты жай ғана қабылдаудың орнына студенттер мәселені өз бетінше талдап, оны шешудің мүмкін жолдарын іздеуі керек [1].

Проблемалық оқыту когнитивтік оқу теориясымен тығыз байланысты, ол оқу үдерісіне белсенді қатысу, материалды жақсы түсінуге және есте сақтауға ықпал етеді [2]. Демек, механиканы оқыту аясында жиі кездесетін Ньютон заңдары, энергияның және импульстың сақталу заңы сияқты күрделі теориялық мәселелерде проблемалық оқытуды қолдану оқушыларға бұл заңдарды тек жаттап қана қоймай, оларды тәжірибеде қолдануға көмектеседі.

Проблемалық оқытудың негізгі артықшылықтарының бірі – ол сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді. Оқушылар жағдайды талдап, негізгі аспектілерін ажыратып, гипотезалар құрып, оларды эксперименттер арқылы тексереді [3]. Бұл тек механиканы жақсы түсінуге ғана емес, сонымен қатар қазіргі білім беру стандарттарында аса маңызды саналатын аналитикалық қабілеттерді дамытуға көмектеседі.

Қазіргі таңда оқушының білімін тек теориялық түрде меңгеру жеткіліксіз. Оқушының алған білімін күнделікті өмірде қолдана білуі, әртүрлі мәселелерді шешуде тиімді тәсілдер таба білуі маңызды болып отыр. Бұл дағдылардың жиынтығы функционалдық сауаттылық ретінде қарастырылады. Функционалдық сауаттылық – оқушылардың алған білімдерін өмірде тиімді қолдану қабілеті. Оны қалыптастыру заманауи білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі болып табылады.

Осы мақсатқа жетудің тиімді әдістерінің бірі – проблемалық оқыту. Бұл әдіс оқушыларды шынайы өмірлік жағдайлармен таныстырып, өз бетінше мәселелерді шешуге бағыттайды. Проблемалық оқыту негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал ететін бірнеше маңызды аргументтерді қарастырамыз.

1. Теориялық білімді өмірлік жағдайлармен байланыстыру

Проблемалық оқыту барысында оқушыларға берілетін тапсырмалар нақты өмірден алынған мәселелерге негізделеді. Бұл оқушыларға теориялық білімнің күнделікті өмірде қолданылуын түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, физика сабағында механикалық қозғалыс заңдарын қарастыру кезінде оқушыларға автомобильдің қозғалысын талдауға арналған тапсырмалар берілуі мүмкін. Мұндай тапсырмалар оқушыларға нақты өмірдегі жағдайларды түсіну үшін теориялық заңдарды қолдануға мүмкіндік береді.

Осы арқылы оқушылар механикадағы негізгі заңдарды жай ғана жаттап қана қоймай, олардың шынайы өмірде қалай қолданылатынын біледі. Нәтижесінде, оқушылар теориялық білімді тек еске сақтау үшін емес, оны нақты жағдайларда шешім қабылдау үшін қолдана алатынын түсінеді. Бұл функционалдық сауаттылықтың маңызды аспектісі болып табылады.

2. Сыни ойлау және проблемаларды шешу дағдыларын дамыту

Проблемалық оқыту оқушыларды белсенді ойлауға және мәселелерді шешу үшін түрлі шешімдерді қарастыруға мәжбүрлейді. Мұғалімдер оқушыларға дайын шешімдерді ұсынбайды, керісінше, оқушылардың өз бетімен гипотезалар құруын және оларды тәжірибе немесе зерттеу арқылы тексеруін талап етеді. Бұл оқушылардың сыни ойлау және аналитикалық қабілеттерін дамытады.

Мысалы, оқушылар механика пәнінде жылдамдық пен үдеудің нақты өмірдегі объектілерге қалай әсер ететінін түсіну үшін эксперименттер жасай алады. Олар гипотезаларды құрып, солардың негізінде қорытындылар жасайды. Бұл дағды оқушыларға өмірде кездесетін кез келген мәселені сындарлы түрде талдап, шешім қабылдау үшін қолдануға мүмкіндік береді. Сыни ойлау қабілеті қазіргі қоғамның кез келген саласында маңызды болғандықтан, проблемалық оқыту бұл дағдыны дамытудың тиімді жолы болып табылады.

3. Шығармашылық ойлау мен инновациялық шешімдерді іздеу

Проблемалық оқыту оқушыларды шығармашылық тұрғыдан ойлануға және жаңа, инновациялық шешімдер табуға ынталандырады. Оқушылар дайын жауаптарды қабылдаудың

орнына, тапсырмаларды шешуде өз бетінше жаңа тәсілдерді іздейді. Бұл процесс оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Мысалы, механика сабағында көпірдің немесе ғимараттың құрылысын жоспарлау тапсырмасы берілгенде, оқушылар тек физикалық заңдарға сүйеніп қана қоймай, сол заңдарды тиімді қолдану үшін креативті шешімдер іздеуге тырысады. Шығармашылық ойлау функционалдық сауаттылықтың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, себебі ол оқушылардың болашақта жаңа идеялар мен инновациялық шешімдер табу қабілеттерін қалыптастырады.

4. Топтық жұмыс және коммуникативтік дағдыларды дамыту

Проблемалық оқыту көбінесе топтық жұмысқа негізделеді, мұнда оқушылар бірлесіп жұмыс істеп, ортақ шешімдер қабылдайды. Бұл олардың коммуникативтік дағдыларын және топта жұмыс істеу қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Коммуникация және топтық жұмыс қазіргі заманда кез келген салада қажетті дағдылардың бірі болып табылады.

Мысалы, оқушыларға күрделі механикалық жүйелерді талқылау немесе энергияның сақталу заңын қолдана отырып, нақты физикалық құбылыстарды түсіндіру тапсырмасы берілгенде, олар бір-бірімен пікір алмасып, ортақ қорытындыға келеді. Бұл оқушылардың өз ойларын дұрыс жеткізе білуіне, пікірталас жүргізуіне және басқалардың пікірлерін тыңдап, түсінуге үйретеді.

5. Өзіндік зерттеу және дербес оқу дағдыларын қалыптастыру

Проблемалық оқыту барысында оқушыларға тапсырмаларды орындау үшін қажетті ақпаратты өз бетімен іздеу және талдау ұсынылады. Бұл олардың өзіндік зерттеу жүргізу қабілеттерін дамытады. Оқушылар әр түрлі көздерден ақпаратты табуды, оны талдауды және қолдануды үйренеді. Бұл қабілет олардың өмір бойы білім алуға деген ынтасын арттырады.

Өзіндік зерттеу және дербес оқу дағдылары функционалдық сауаттылықтың маңызды аспектісі болып табылады, себебі қазіргі әлемде ақпараттың қолжетімділігі мол болғанымен, оны дұрыс талдау және қолдана білу қабілеті аса маңызды. Оқушылар бұл дағдыларды проблемалық оқыту арқылы қалыптастырады. проблемалық оқыту мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға тиімді әдіс болып табылады. Бұл әдіс оқушыларды шынайы өмірлік жағдайларда қолдануға қажетті білім мен дағдылармен қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер

1. Дементьева Ю.В. Проблемное обучение: метод или принцип обучения в современной педагогике / Ю.В. Дементьева // Успехи современной науки и образования. – Белгород. – 2017. – № 2. – С. 22-25.
2. Сидорова Н.А. Проблемное обучение математике в основной школе / Н.А. Сидорова // Выпускная квалификационная работа. – Пермь. – 2017. – С. 3.
3. Нораира С. Моделирование образовательного процесса с использованием активных и интерактивных методик и технологий / С. Нораира // Исследовательские работы. – Аштарак. – 2022. – С. 11.

МРНТИ: 14.35.07

У.Д. Сарманова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(Қазақстан Республикасы, Семей қ.); e-mail: sarmanova.u.d@mail.ru

ШЕТТІЛДІК МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАТИВТІК ҚАТЫСЫМ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА РӨЛДІК ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

Әр күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде заман көшінен қалып қоймай уақыт талабына сай ертеңгі болашақ жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу ұстаздарға зор жауапкершілікті жүктейді. Ол мұғалімнен үздіксіз ізденуді, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Өйткені еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында. Мұғалімнің шеберлігі мен жетістігі – сапалы білім және жақсы тәрбие алған шәкіртінде. Оқушы шығармашылығын дамыту ісі үздіксіз жүргізіле бермек. Бұл қоғам талабына сай туындайтын қажеттілік.

Қазіргі ғалымдардың зерттеулерінде құзыреттілікті қалыптастыру білім беру мазмұны құралдары арқылы жүзеге асатыны, осыдан келіп оқушының қабілеттілігі дамитыны және күнделікті өмірдегі шынайы проблемаларды – тұрмыстық мәселелерден бастап, өндірістік және әлеуметтік мәселелерді шешу мүмкіндіктері пайда болатындығына баса назар аударып отыр.

Біз болашақ тіл мамандарының тек тілдің тұлға ретінде ғана емес мәдениетаралық қарым – қатынас құзырлығының қалыптасуын оқу үдерісінде қалай жүзеге асатынын қарастырамыз. Оқу материалдарын меңгеруде студент өз үлесін білімдерімен, идеяларымен қосады және алмасады. Ол үшін сабақта жеке, жұптық, топтық зерттеу жобалары, рөлдік ойындар, шығармашылық жұмыстар, пікірсайыстар ұйымдастырылады. Мұндай жұмыстар кез келген тіл үйренуші студенттер үшін қызықты. Өйткені шетел тілін үйренушінің шеңбері өте кең мазмұнына тек кәсіптік бағдар ғана емес, жалпы адамзаттық құндылықтар, мәденитанымдық мазмұндар орын алған. Сонымен, болашақ шетел тілі маманының тұлға ретінде мәдениетаралық қатысым құзыреттілігін қалыптастыруда төмендегідей өлшемдерді ескереміз:

- мәдениетаралық қатысым құзыреттілігі қалыптасқан субъект-ауызша және жазбаша сөйлеуді еркін меңгерген;
- шетел тілінің терминдері мен қарым-қатынас стилін меңгерген;
- жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген;
- мәденитанымдық құндылықтарды меңгерген;
- өз білімін, ақпарат көздерін кәсіби жағдайда шешуге қабілетті, белсенді;
- лингвистикалық құзыреттілікті меңгерген;
- инновациялық, интерактивтік білімнің мазмұнын меңгерген маман [1].

Н.Д. Гальскованың пайымдауынша ойын әдістемесі арқылы мәдениетаралық қарым-қатынас құзыреттілігін дамыту өзектілігі қазіргі білім беру саласының тұлғаға бағыттап оқыту үлгісіне ауысуынан туындап отыр.

Жалпы құзыреттілік және оның түрлері туралы ғалым – әдіскерлердің пікірлері мен анықтамалары көп. Ал сол студент бойындағы мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті дамытуда рөлдік ойындардың тиімді әдісі ретінде анықтау үшін ғалымдардың тәжірибелері мен пікірлерін талдаймыз.

Коммуникативті құзіреттілікті дамытуда рөлдік ойындардың орны ерекше. Себебі ойын студенттердің бір бірімен, мұғаліммен әрекеттесуге деген талпынысын жандандырады және әңгімелесу барысында теңдік шартын тудыру арқылы мұғалім мен білім алушы арасындағы дәстүрлі кедергіні жояды. Ойын өз өзіне сенімсіз, ұялшақ балаларға сөйлеу арқылы сенімсіздік кедергісін жоюға көмектеседі. Ойын арқылы студенттер әңгімені бастау, оған ілесу, қолдау, әңгімелесушінің сөзін бөлу, оның ойымен келісу немесе келіспеу, сұрақтар қою сияқты қарым-қатынас элементтерін меңгереді. Рөлдік ойынға қойылатын негізгі талаптарды атап көрсетуге болады:

- Ойын білім алушыларды ынталандырып, тапсырманы дұрыс орындауға деген ниеті мен қызығушылығын тудыруы керек, және оны адекваттық шынайы қарым- қатынастық жағдаяттар негізінде құрастыру керек.

- Рөлдік ойынды мазмұны жығынан да, формасы жағынан да жақсылап ойластырып, нақты ұйымдастыру қажет. Студенттердің берілген рөлді жақсы сомдаудың қажеттілігіне сенімді болуы керек. Сонда ғана олардың сөздері шынайы және сенімді болады.

- Рөлдік ойын бүкіл топпен қабылдануы керек.

- Ол міндетті түрде мейірбандық, шығармашылық атмосферасында өтіп, білім алушылардың бойында қуаныш және қанағаттану сезімін тудыруы керек.

- Оқушы рөлдік ойын барысында өзін неғұрлым еркін сезінсе, әңгіме барысында ол соғұрлым белсенді және бастамашыл болады. Уақыт өте оның кез келген рөлді сомдай алатынына деген сенімділігі арта түседі

- Ойын студенттердің белсенді тілдік қатынаста өтіп жатқан тілдік материалды анағұрлым тиімді қолдана алатындай етіп ұйымдастырылуы керек.

- Мұғалімнің өзі міндетті түрде рөлдік ойынға және оның тиімділігіне сенімді болуы қажет. Тек сонда ғана ол жақсы нәтижеге қол жеткізе алады. Ойынға дайындық кезеңінде және ойынның

өту барысында мұғалімнің рөлі үнемі ауысып отырады. Бастапқы кезеңде ол студенттердің әрекетін белсенді түрде бақылап отырса, кейін олтек сырттан бақылайтын болады.

– Сабақта жанға жайлы жағдай жасап, мейірбандық атмосферасын тудырудың маңызы өте зор [2].

Педагогика саласында зерттеу жүргізетін ғалымдардың басым көпшілігі оқу/оқытудың ойын әдістерін кәсіби дамуды қамтамасыздандырудағы ең тиімді, әрі болашағы зор тәсілдер деп есептейді. Өйткені іс-әрекет арқылы үйрену/үйрету – танымның ең тиімді тәсілі екендігі баршаға аян: адам жадында бірінші мезетте өзінің жасағаны мен бастан кешкен әсерлері қалады. Ал рөлдік және іскерлік ойындар студенттердің өздерін басқа адамдардың орнына қойып, мәселе немесе проблеманы солардың тұрғысынан қарастырып, шешімді өз «қолдарымен» жасауды меңзейді.

Бұл әдіс студенттерде жинақталған теориялық білім, практикалық тәжірибе, өмірде ұстанатын құндылықтарды еркін түрде меңгеру және қолдану дағдыларын қалыптастырады. Рөлдік және іскерлік ойындарда студент өзінің теориялық білімдерін өмірде (практикада) кездесетін ситуациялар мен жағдаяттарда қолданады. Ол мұндай ойындарда проблемалардың мазмұны мен мән-жайын дұрыс түсінетіндігін көрсетеді, олардың шешу жолдарын қарастыру арқылы өзінің шығармашылық (креативтік) деңгейін дамытады [3].

Рөлдік ойындар – интербелсенді әдістердің тиімді бір түрі. Әдіскер А. Әлімов өзінің «Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану» атты оқу құралында былай деп берген: «Рөлдік ойындар – тиімді интербелсенді әдістердің бірі.

Рөлдік ойындарда студент өзінің теориялық білімдерін өмірде кездесетін ситуациялар мен жағдаяттарда қолданады. Рөлдік ойындарды жүргізу алдында оқытушының әдістемелік тұрғыдан жан-жақты дайындалуы шарт, ол әсіресе келесі мәселелерді алдын-ала мұқиятталдап алуы керек:

- Ойынды өткізудің әдістемесі (ойын шарттары мен ережелері, мақсаттары, кезеңдері, қатысушылар, т.б.)
- Ойынның мүмкін нәтижелерін болжау;
- Ойынның нәтижелерін қорытындылау.
- Рөлдік ойындардың екі түрін ажыратуға болады:
- Әрбір студент рөл ойнайды.
- Студенттердің шағын топтары рөл ойнайды.
- Рөлдік ойындар үйренушілерде келесідей біліктерді қалыптастыруға септігін тигізеді:
- қарым-қатынастық дағдылар;
- шағын топтарды жұмыс жасау дағдылары;
- толеранттылық сипат;
- өзіндік тұрғыдан ойлау, пікір және көзқарас қалыптастыру;
- үйренгенді практикалық тұрғыдан қолдану;
- өздерінің үйрену деңгейін анықтап, оны әрі қарай дамыту.

Сондай-ақ, рөлдік ойындарды басшылыққа алу барысында бірнеше ұйымдастыру кезеңдерін атап өту керек. Олар:

1. Жүргізуші тақырыпты хабарлайды, ойынның мақсаты мен рөлге еніп ойнауы үшін барлық жағдайларды жасайды;
2. ойынға қатысушыларды ойынның тәртібі мен таныстырады;
3. жүргізуші ойынның қорытындысын белгілеп отырады;
4. Ойынға қатысушылардың тақырыпты талқылауына көңіл бөлінеді.

Рөлдік ойындарда ойынға қатысушылар басқа адам ретінде өздерін сезінеді, ойнайды және солардың іс-әрекеттерін қайталайды [4].

Сабақ барысында рөлдік ойындарды қолданудағы мұғалімнің рөлі маңызды. Оқушылардың көзқарасы бойынша рөлдік ойын – бұл ойын әрекеті, ол процессте олар белгіленген рөлдерден көрінеді. Шетел тілін үйрету барысында мұғалім бірнеше рөл атқара алады: бақылаушы, қатысушы, бағалаушы және тағы басқа. Яғни, оқытушы білімгелермен бірге ойынға қатысып, белгілі бір рөлді сомдауы мүмкін немесе сырттай бақылап, атқарылып жатқан жұмысқа баға беруі мүмкін. Рөлдік ойын адамды әлдеқайда икемді етеді, яғни тілдік мінез-құлыққа

шеберлікке қол жеткізе отырып, ол алынған дағдылар мен икемділіктерді жаңа жағдайларда оңай қолдана алады.

Рөлдік ойындарды қолдану тәжірибесімен еліміздің тағы бір ұстазы өз мақаласында былай бөліседі: «Сабақ барысында оқушының тілін дамытатындай, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыратындай ойындарды қолданамын. Сонын бірі: «Дым білмес» ойынында дым білмес тақтадағы сөзді немесе карташадағы санды дұрыс оқымайды, мысалы: мұғалім 20 санын көрсетеді, ал дым білмес It's twelve десе, сынып түзетіп No, it's twenty деп жауап беру керек. Бұл ойындар оқушының сөйлеу тілін жаттықтырады, яғни коммуникативтік құзіреттілікті арттырады.

Қимылдары дамуымен қатар ойын барысында өлең, тақпақ жаттайды, мысалы: «colours», «friends», «school», «family».

Сонымен қатар оқушы құзыреттіліктерін дамытатындай рөлдік, сюжеттік ойындарға үлкен мән береді. Ойын үстінде бала сұранысы мен мұғалім тапсырмасы өзара ұштасады. Ойын өмірмен байланыста болып, оқушы құзыреттілігін дамытуға септігін тигізеді» [5]. Көріп отырғанымыздай рөлдік ойындар оқушылардың коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыруға, толеранттылығын, шағын топта жұмыс істеуін, ойлауда өзбеттілігін қалыптастыруға көмектеседі.

Педагог Корягина Ю.С. шетел тілін оқытуда рөлдік ойындардың іс-тәжірибедегі қолданыс зерттеу мақсатында 7 сынып оқушыларын негізге алды. Сабақтың тақырыбы «In the news». Рөлдік ойынды білім беру үдерісінде жүргізу процесін 4-ке бөлді. 1 – кезең ойынға дайындық кезеңі: рөлдер бекітілген таратпа материалдарды әзірлеу (әңгіменің авторы, редактор, критик, газет сатып алушы), кейіпкерлердің іс-әрекетін анықтайтын карточкалар, газет – журналдардың тақырыпшалары және оның қысқаша сипаттамасы жазылған карточкалар даярлау. 2 – кезең ойын барысы: сынып оқушыларын екі топқа бөліп, әр кімге өз рөлдерін алмастырып бекіту, рөлдерді сомдау. 3 – кезең талқылау: диалог құру барысында кездескен қиындықтар мен жаңа ақпараттарға талдау жасау. 4 – кезең қорытындылау: ойын нәтижесі білім алушылардың барлық кезеңнен өтуі. Педагогтың пікірі бойынша рөлдік ойындар білім алушылардың бір жағынан тақырып бойынша өткен материалды бекітуге немесе сол бойынша білімін кеңейтуге көмектесе, екінші жағынан рөлдік ойындар тілдік сенімділікті қалыптастыруға көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар білім алушылар және мұғалімдер арасындағы тұлғааралық байланысын бекітуге оң септігін тигізеді [6].

Қорыта келе, рөлдік ойын адамды әлдеқайда икемді етеді, яғни тілдік мінез – құлыққа шеберлікке қол жеткізе отырып, ол алынған құзыреттіліктер мен икемділіктерді жаңа жағдайларда оңай қолдана алады. Ойын белгілі бір ғылымның зерттеу пәні болғанға дейін ол балаларды тәрбиелеудің маңызды құралдарының бірі ретінде кеңінен пайдаланылады.

Білім беру үдерісінде ойындық тәсілдер мен ситуацияларды пайдалану топта біртұтас ұжымның қалыптасуына ықпал етеді, өйткені әрбір білім алушы өзіне және өз жолдастарына сырт көзбен қарау мүмкіндігіне ие [7]. Ерекше атап өтетін нәрсе – рөлдік ойын оқытудың ең перспективті нысаны болып табылады:

- білім беру үдерісінде жағымды психологиялық климаттың құрылуына ықпал етеді;
- ынталандыруды күшейтеді және оқушыларды белсенді етеді;
- білімді, тәжірибені, коммуникативтік құзыреттілікті дамытып, пайдалануға мүмкіндік береді.

Сол себепті сабақта рөлдік ойындарды пайдалану мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті дамытуда тек оң нәтижелерін көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Жазыбаева Ж.С. Оқыту үдерісінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану / Ж.С. Жазыбаева // Білім. – № 4. – Алматы. – Б. 45-47.
2. Гальскова Д.Н. Современная методика обучения иностранным языкам / Д.Н. Гальскова. – Москва: Аркти-Глосса, 2000. – С. 280.
3. Филатов В.М. Методическая типология ролевой игры / В.М. Филатов // Иностранные языки в школе. – 1989. – № 4. – С.5-9.
4. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход: Метод. Пособие / А.А. Вербицкий. – М., Высш.шк, 1991. – 206 с.

5. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану / А. Әлімов. – Алматы, 2009. – Б. 328.
6. Корягина Ю.С. Ролевая игра как форма интенсификации процесса обучения устной речи на иностранном языке / Ю.С. Корягина // Иностранные языки в школе. – 2017. – № 4. – С. 14-16.
7. Мырзахметова А.Д. Шет тілі сабағында рөлдік ойындарды қолданудың маңыздылығы / А.Д. Мырзахметова // Интернет-журнал Просвещение. – 2015. – Б. 6-9. <http://old.prosveshenie.kz/370-shet-tl-sabaynda-rldk-oyyndardy-oldanudy-mayzdylyy.html> .

МРНТИ: 14.25.09

Н.А. Слямбекова, А.Б. Темиркулова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті»ЖеАҚ

(Қазақстан Республикасы, Семей қ.); e-mail: nurgul_slyambekova@mail.ru; aigera_a92@mail.ru

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҒЫЛШЫН САБАҚТАРЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІЕН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазіргі таңда шет тілін оқыту әдістемесінде коммуникативті тәсіл әлемдік деңгейде пайдаланылатын тәсілдердің бірі болып табылады. Коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру білім берудің барлық деңгейінің негізгі мақсаты болып табылады. Сонымен қатар шет тілінде қарым-қатынас жасау көп деңгейлі, көп аспектілі процесс, ал коммуникативті құзыреттілік – күрделі, көп компонентті құбылыс.

Әдістемелік, лингвистикалық, психолингвистикалық және социолингвистикалық әдебиеттерде әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілікке көптеген анықтамалар берілген. Ол коммуникативті құзыреттіліктің маңызды компоненті болып табылады. Бірақ ХХ ғ. 90-шы жылдары ғалымдар бұл жөнінде екі көзқараста болған. Батыс ғалымдары (Кэнейл М., Свэйн М., Савиньон С., Хаймс Д., Ван Эк және т.б.) әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілікті коммуникативті құзыреттілік құрамына жатқызса, И.Л. Бим, В.В. Сафонова әлеуметтік-мәдени құзыреттілік құрамына жатқызды [1].

Ал А.Н. Шукин коммуникативтік құзіреттілікті төмендегідей негізгі компоненттерге бөлуді ұсынады.

- 1) Лингвистикалық құзіреттілік
- 2) Стратегиялық құзіреттілік
- 3) Әлеуметтік құзіреттілік
- 4) Әлеуметтік – мәдени құзіреттілік
- 5) Дискурстық құзіреттілік [2].

1980 ж. Кэнейл М. және Свэйн М. коммуникативті құзыреттіліктің құрамына:

1. Грамматикалық құзыреттілік; 2. Әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілік; 3. Стратегиялық құзыреттілік; 4. Дискурсивтік құзыреттілік жатқызды [3].

Ал Савиньон С. коммуникативті құзыреттілікті былай топтайды:

1. Әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілік; 2. Сөйлеу құзыреттілігі; 3. Дискурсивті құзыреттілік; 4. Грамматикалық құзыреттілік [4].

ХХ ғ. 90 ж. басында ғалымдар шет тілін меңгерудің практикалық мақсатын қалыптастырды, яғни бұл негізгі мақсатқа жету арқылы сөйлеу әрекетінің барлық түрін меңгеруге болады. Шет тілін меңгерудің негізгі мақсаты – коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру. Ал коммуникативті құзыреттілік оқушылардың келесі құзыреттіліктерді меңгеруі арқылы қалыптасады:

1. Лингвистикалық;
2. Әлеуметтік-лингвистикалық;
3. Дискурсивті;
4. Стратегиялық;
5. Әлеуметтік-мәдени;
6. Әлеуметтік

Әлеметтік-лингвистикалық құзыреттіліктің анықтамасын тоқталсақ. Біріншіден, Еуропа ғалымдары әлеметтік-лингвистикалық құзыреттіліктің жеке тұлға көп тілді қоғамға кіру барысында маңызды рөл атқаратынын атап көрсетті. Коммуникативті құзыреттілік тілдік тәжірибие негізінде қалыптасады. Екіншіден, А.Д. Кохен және Е. Olshtain, D. Hymes шет тілін оқыту идеясын қолдана отырып, әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттіліктің 4 негізгі аспектісін көрсетті:

- Қатысушылардың ақпарат алмасу сипаты
- Коммуникация болып жатқан жағдай сипаты
- Ақпарат алмасудың мақсаттары
- Ақпарат алмасу құралдарының сипаты [1].

Үшіншіден, Савиньон С. бойынша әлеметтік-лингвистикалық құзыреттілік тілді қолданудың әлеуметтік ережелерімен байланысты: тілдесудегі қатысушылардың рөлін түсіну, ақпарат алмасу, өзара әрекеттесу функциялары және т.б.

Қазіргі қоғамдағы қатынастар жүйесінде өз орнын таба алу, әлеуметтік жауапкершілік қабілеті ретінде көрініс табатын *әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілік* болып табылады.

Сонымен, әлеметтік-лингвистикалық құзыреттіліктің маңыздылығын анықтауда ғалымдардың көзқарасын жинақтай келе, әлеметтік-лингвистикалық құзыреттілікті білу бұл:

- Тілді қолданудың әлеуметтік, әлеуметтік-мәдени ережелерін білу (Савиньон С., Кэнейл М., Свэйл М.)
- Қарым-қатынас жағдайын түсіну (Ольштэйн Е., Кэнейл М., Свэйл М.)
- Сухбаттасушының әлеуметтік рөлін олардың сөйлесу контекстінен түсіну (Савиньон С., Кэнейл М., Ольштэйн Е.)
- Тілі оқытылып жатқан елдің нақты мәдени нормаларын білу (Ю.А. Сеница).

Сонымен, *әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілік* дегеніміз тұлғаның өзінің тілдік мінез-құлқын адекватты қарым-қатынас жағдайында коммуникативті мақсаттарды, талаптарды, әлеуметтік статусы, коммуниканттардың рөлін және тілдесу жағдайын есепке ала отырып, әлеуметтік нормаларға сәйкес қалыптастыру қабілеті.

Бірінші болып әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілікті құрылымдық деңгейде еуропалық ғалымдар қарастырған. Олардың айтуынша, коммуникативті құзыреттілік шет тілін оқытудың негізгі мақсаты ретінде көпқұрамды екені сөзсіз, ал әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілік өз кезегінде мынадай компоненттерден тұрады:

- Сөйлеуші тарапынан ерекше, дербес мақсатты өз пікірін жеткізуі;
- Басқа адамдардың айтылған ойының мақсатын түсіну, түсінік беруі қабілеті;
- Сөйлесушілер арасындағы қарым-қатынас:
- Әлеуметтік (бастық - жұмысшы; ұстаз - оқушы.)
- Эмоциялық (ұнату - ұнатпаушылық.)
- Тілдік қарым-қатынас мақсаты;
- Сыртқы жағдайлар (уақыт, орын, қоршаған орта, адам саны және т. б.)
- Әңгіме тақырыбы;
- Қарым-қатынас формасы.

Әлеметтік-лингвистикалық құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту үрдісі – меңгерілген білім, қалыптасқан қабілеттер негізінде жүзеге асады. Орта мектеп оқушыларының әлеметтік-лингвистикалық құзыреттілігін қалыптастыру үшін оқытудың принциптері мен әдістерін, оқу үрдісіне қойылатын талаптарды, сабақты ұйымдастыру формаларын және қолданылатын құралдарды білу шарт.

Әлеметтік-лингвистикалық құзыреттілікті қалыптастырудың принциптерін қазіргі заманғы шет тілін оқытудың коммуникативті, әлеуметтік-мәдени, мәдениетаралық тәсілдерінің әдістемелік принциптеріне сүйенеміз. Әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілікті қалыптастыру үрдісін ұйымдастыру коммуникативті бағыттаушылық принципі негізінде жүзеге асады. Оқу материалын әзірлеу кезінде функциональді және проблемалық принциптеріне сүйенеміз.

Коммуникативті бағыттаушылық принципіне сәйкес орта мектеп оқушыларының әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілігін қалыптастыру үрдісі сабақты шет тілінде жүргізу, яғни,

шынайы қарым-қатынас жағдайын туғызу арқылы жүзеге асады. Бұл әдістемелік принциптің жүзеге асуының негізгі шарттары:

- Оқытушы – оқушы, оқушы – оқушы арасындағы шет тіліндегі тұрақты, ауызша қарым-қатынас;
- Оқу барысында әлеуметтік-лингвистикалық құндылығы бар материалдарды пайдалана білу;
- Оқушылардың тез түсіну белсенділігі;
- Тілдік қарым-қатынасты әр түрлі формада өткізу (жеке, жұптық, топтық)
- Қарым-қатынас жасаудың қолайлы жағдайын туғызу;

Функционалдық принцип – оқытылып отырған тілдің құрылымдықфункциональдық топтарын қарым-қатынас тіліне енгізу. Еуропалық ғалымдар мынадай тілдік функцияларды атап көрсетті:

- Нақты ақпаратты тауып, хабарлау;
- Қарым-қатынасты көрсету;
- Мәселені шешу;
- Әлеуметтену;
- Логикалық құрылым;

Қарым-қатынас жасауда кедергілерден өту [1]. Бұл мектеп оқушыларының әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі болып табылады: to ask about personal information, to give it; to ask for explanation; to make suggestions, to disagree/agree with a suggestion; to ask for advice, to give advice; to reason; to ask for an opinion, to give it, to agree with it, to disagree with it; to greet; to have a small talk.

Проблемалық принцип – оқу материалдарының және танымдық-логикалық қарама-қайшылықтарының өзгеру заңдылықтарын көрсететін әдістемелік категория. Сондай-ақ, сол заңдылықтар оқу мақсаттарына, оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерінің дамуын және тәрбиелеуін жүзеге асыру жолдарын көрсетеді.

Әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілікті қалыптастыру технологиясы 3 сатыдан тұрады және бұл Е.И. Пассов ұсынған тілдік материалмен жұмыс жасау сатыларымен байланысты. Олар:

- әлеуметтік-лингвистикалық білімдерді қалыптастыру сатысы;
- әлеуметтік-лингвистикалық дағдыларды жетілдіру сатысы;
- әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттіліктерді дамыту сатысы.

Бірінші сатыда оқушылар алдымен лекцияны тыңдайды. Лекцияда әлеуметтіклингвистикалық құзыреттілік мағынасы мен маңызы жайлы теориялық білім; коммуникативті ситуациялардығы әрекеттер жайлы, қарым-қатынас көрсеткіштерімен танысып, тест орындайды. Бұл этапта жаттығуларды жасау кезінде біз ақпараттық-рецептивті, репродуктивті, эвристикалық және проблемалық әдістер негізіндегі коммуникативті бағыттылық принципі, функционалдық және проблемалық принциптерге сүйендік. Жаттығулардың тапсырмалары оқушыларға тек ағылшын тілінде беріледі.

Екінші сатының мақсаты ағылшын тілінде қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік-лингвистикалық дағдыларын ұштау және шет тілін меңгеру мен шет ел мәдениетін зерттеу қажеттілігін жетілдіру болып табылады. Бұл сатыда біз коммуникативті бағыттылық, функционалдық, проблемалық принциптерді пайдаланады. Екінші сатыда оқушылардың әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілігін қалыптастыруда барлық деңгейдегі тілдік және сөздік әрекеттердің коммуникативті ситуациялық әлеуметтік-лингвистикалық шарттарын анықтау тапсырмасы болып табылады.

Әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілікті қалыптастырудың соңғы сатысының мақсаты – әлеуметтік-лингвистикалық және тілдік қабілеттіліктерді дамыту және олардың шағармашылық қолдануына, сонымен қатар шет тілін және шетел мәдениетін оқуға деген қажеттілікті дамыту. Жоғарыда қарастырып өткен екі сатыдағы сияқты, мұғалім оқу үрдісінің ұйымдастырушысы, сауатты тілдік тұлға және қажеттілігі туындаған жағдайда оқушылармен бірге оларға жаңа тілдік модельді зерттеу барысында көмектеседі.

Біз зерттеу барысында ситуациялық анализді (Case Study) коммуникативті бағыттылық және функционалдық, проблемалық принциптер негізіндегі зерттеушілік әдісті жүзеге асыруда қолданамыз. Нақты жағдайларды қарастыру жаттығуларының негізгі мақсаты – оқушылардың

әлеуметтік-лингвистикалық білімдерін, әлеуметтік-лингвистикалық қабілеттіліктерін қолданып, дәлелдеп дұрыс стратегиялық шешім қабылдауға үйрету. Бұл әдіс ситуацияны түсіну және қабылдауды қарым-қатынасқа қатысушылардың арасындағы қатынас ретінде ұйымдастырамыз. Бұл этапта оқушылар кей адамдардың басынан өткен қызықты оқиғалармен танысып нәтижелі коммуникативті актті жүзеге асыру үшін оның қарым-қатынасының регистірін анықтайды.

Келесі қадам – екі әңгімелесушінің түсініспеушілігінен туған эмоционалдық шиеленісті диалогтық сөздерін өз беттерінше (ауызша және жазбаша түрде) қайталайды.

Соңғы саты жұптық, жеке, топтық жұмыс формаларымен жүргізіледі. Кейс әдісі орта мектеп оқушыларының бойында әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілігін қалыптастыру үшін қолдану барысында:

– Оқу үрдісінде шет тілін меңгеру жағдайларын шынайы өмір жағдайына жақындатып, оқушылардың мәселені шешу барысында оларға дайын түрде мысалдар мен жаттығуларды ұсындық және олар оның шешімін тауып, өз көзқарастырын дәлелдей алады; Топта жұмыс істеу, басқалардың пікіріне құрметпен қарау қабілеттілігін дамыту;

– Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын және шығармашыл ойлауын дамыту;

– Өз іс-әрекетін басқалардың іс-әрекетімен сәйкестендіре алу қабілетін дамыту;

– Шет тілін оқуға деген мотивациясын артыру жүзеге асады. Қорыта келгенде, біз қарастырған әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемелік жүйесінде оның мақсаттары, мазмұны, принциптері, әдістері және технологияларының оқу-тәрбие үрдісіндегі маңызды екені анықталды. Әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілікті қалыптастыру барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артып, басқалармен қарым-қатынасы жақсарып, басқа елдің мәдениетіне толеранттылығы дамиды. Әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілікті дамыту технологиялары коммуникативті бағыттылық, функционалдық және проблемалық принциптері негізінде жүзеге асады.

Әдебиеттер

1. Бим И.Л. Личностно-ориентированный подход – основная стратегия обновления школы / И.Л. Бим // Иностранные языки в школе.– 2015. – № 2. – С. 11-15.
2. Шукин А.Н. Обучение иностранным языкам, Теория и практики: учеб. пособие для преподавателей и студентов / А.Н. Шукин. – Москва: Филоматис. – С. 165.
3. Canale M. Theoretical Bases of Communicative Approaches to Second Language Teaching and Testing/ M. Canale, M. Swain // Applied Linguistics. – 2005. – № 1. – P. 11-47.
4. Savignon S.J. Interpreting communicative language teaching. Context and concerns in teacher education / S.J. Savignon. – Yale University Press; New Haven & London, 2019. – P. 243.

IRSTI: 14.25.09

G.M. Sovetova, Zh.U. Kalimova

NC JSC «Shakarim University of Semey»

(Republic of Kazakhstan, Semey); e-mail: gulzhan.sovetova.m@gmail.com

BENEFITS OF CREATIVE WRITING AS A TOOL TO STRENGTHEN ENGLISH FOREIGN LANGUAGE LEARNING IN SECONDARY EDUCATION

As education shifts toward more learner-centered approaches, creative writing has gained prominence in language teaching, especially at the secondary level. Teachers are increasingly exploring methods to make language learning more interesting, and integrating creative writing into the curriculum has been shown to be effective in improving both language skills and personal expression [1]. Creative writing provides EFL learners with the opportunity to play with language, express their identity, and explore cultural narratives, making language acquisition more dynamic and relevant [2].

Research shows that creative writing strengthens core language skills such as vocabulary, grammar, and syntax, and promotes emotional growth and cultural understanding [3]. However, despite its benefits, creative writing remains underutilized in many secondary schools, where grammar-focused instruction still

Баланың тұлғалық дамуы оның өмірлік белсенділігі мен әлеуметтік қарым-қатынас барысында жүзеге асады. Сонымен қатар балалық шақтан жасөспірімге, жасөспірім шақтан есею кезеңіне өту жолы бірқатар қиындықтармен бірге жүреді. Осы кезеңге психологтар ерекше назар аударады. Л.С. Выготский жасөспірімнің жетілуін *органикалық, жыныстық және әлеуметтік деп бөледі. «Үш бөлек арнаға бөлінген даму – өздігінен күшті жетілу жасы, бірақ сонымен бірге бұзылу мен тұрақсыздықтың тепе-теңдік жасы, және осы жастың негізіндегі күшті жетілу оны ерекше сыни етеді. Шындығында жетілу қиын және жасауы. Бұл тегіс жолмен келе жатқан саяхатшыға айтарлықтай әсер етпейтін, ал тауға шыққан саяхатшы үшін кейде құлатып жіберердей, ең қиын кедергі болатын құбылыс сияқты...»* [4] деп, жасөспірімдік шақты – ең тұрақсыз және өзгермелі кезең екенін және осы кезде жас ерекшелік қажеттіліктері мен қызығушылықтарының құрылымы негізінен жасөспірімнің әлеуметтік-таптық байланыстарымен анықталатынын айтқан.

Э. Эриксон жасөспірімдік кезеңді адам өмірінің ең маңызды және ең қиын кезеңі деп санаған. Жеке тұлғаның тұтастығын қалыптастырумен бірге жүретін психологиялық шиеленіс тек физиологиялық жетілуге, жеке өмірбаянға ғана емес, сонымен бірге адам өмір сүретін қоғамның рухани атмосферасына, әлеуметтік идеологияның ішкі қайшылықтарына байланысты екенін баса айтты [5]. Сондықтан буллингтің жиі және өте қатыгез түрлері жасөспірімдер арасында көптеп орын алады. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5-бабының (46-26) тармақшасына сәйкес Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы қабылданды. Аталған қағиданың «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасын жүргізудің тәртібі» атты тарауында мектепте тоқсанына кемінде 1 рет.

– құқықтық жалпыға бірдей оқыту, сынып сағаттары, ата-ана жиналысы, сабақтан тыс тәрбиелік іс-шаралар және т.б. әңгімелесу, кездесу, пікір алмасу арқылы хабардар болуын арттыру;

– оқыту семинарлары (вебинарларға), тренинг, шеберлік сыныптар, коучинг, конференция, форум, дебат, дөңгелек үстелге қатысу арқылы педагогтердің оқу-тәрбие жұмысындағы буллинг және кибербуллингті алдын алуға байланысты кәсіби құзыреттілігін арттыру;

– оқушының заңды өкілдерін баланы жәбірлеуге (буллингке) жол берілмейтіндігі туралы (жазбаша немесе ауызша хабардар ету) хабардар ету;

– білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты жәбірлеу (буллинг) белгілеріне ол анықталған жағдайда жасырып қалуға тырыспай, дереу көңіл бөліп, шара қолдану [6] керектігін атап айтқан.

Педагог-психологтың буллингтің алдын алу бойынша жұмысында белгілі бір оқушымен және жалпы топпен жұмысы маңызды орын алады. Әрбір жасөспірімге өмірдің қиын сәттерінде өз көзқарасын тауып, қолдау көрсетіп, сонымен қатар жасөспірімнің жеке басының ерекшеліктерін, жігері мен күшін ескере отырып, оны дұрыс жолға бағыттауы керек. Жасөспірімдер арасындағы буллингтің алдын алуды жүзеге асыра отырып, психолог жасөспірімдерде қалыптасқан әлеуметтік ауытқуларды түзетуге, сыныпта достық және сенімді қарым-қатынастарды құруға ерекше назар аударуы керек. Сынып ұжымында бірлескен жұмыс барысында өзара көмек пен қолдауға негізделген қарым-қатынастарды құру өте маңызды. Білім беру ұйымдарында қауіпсіз психологиялық жағдай жасау үшін алдын алу шараларын бір жүйеге біріктірген дұрыс. Негізінен білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алу шаралары студенттер арасында белгілі бір көзқарасты қалыптастыруға, сондай-ақ буллингке қарсы ережелер мен нормаларды енгізуге септігін тигізеді.

Әдебиетгер

1. Газман О.С. Педагогическая поддержка детей в образовании как инновационная проблема / О. С. Газман // Новые ценности образования: десять концепций и эссе. – Москва, 1995. – Вып. – 3. – С. 58-64.
2. Глазман О.Л. Психологические особенности участников буллинга / О.Л. Глазман // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. – 2009. – № 105. – С. 159-165.

МРНТИ: 14.33.09

Б.А. Кайыркенова, Ж.М. Мухаметкалиева, Ж.М. Бейсембаева

Назарбаев Интеллектуальная школа физико-математического направления города Семей
Республика Казахстан, г. Семей; e-mail: b_zhadyra_m@mail.ru

РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ

Развитие функциональной грамотности у школьников представляет собой ключевой аспект современного образовательного процесса, который требует интеграции знаний, умений и навыков из различных областей для решения реальных задач. Современное образование нацелено на формирование у учащихся разнообразных компетенций, выходящих за рамки традиционных академических знаний. Одной из главных задач учителя является развитие функциональных компетенций – совокупности навыков, необходимых для успешной адаптации и активного участия личности в обществе. Эти навыки включают критическое мышление, решение проблем, эффективное сотрудничество, коммуникацию и применение знаний на практике. Функциональная грамотность помогает учащимся использовать свои знания в повседневной жизни. В условиях быстроменяющегося мира она становится фундаментом для активного участия в социальной, культурной, политической и экономической жизни, а также поддерживает непрерывное образование на протяжении всей жизни. Эта грамотность существенно влияет на социальную адаптацию личности и связывает образовательный процесс с множеством аспектов человеческой деятельности [1]. Педагогический процесс становится все более ориентированным на развитие универсальных навыков. Учитель играет решающую роль в этом процессе через организацию учебной среды, использование инновационных методов обучения и создание условий для практического применения знаний. Учитель должен создавать такую образовательную среду, которая стимулирует активное участие учеников. Это можно реализовать через методы активного обучения, такие как проектная деятельность, проблемное обучение, игровые методики. Задача педагога – направлять учащихся в поиске решений реальных проблем, где они смогут применять полученные знания и развивать критическое мышление. Например, при изучении науки педагог может предложить ученикам разработать проект на основе реальных данных, что поможет им не только усвоить материал, но и научиться анализировать информацию и работать в группе.

Важной задачей педагога является обучение детей критически оценивать информацию и формировать свои суждения. Учитель должен создавать условия для того, чтобы ученики самостоятельно находили ответы на вопросы, а не просто повторяли заученные знания. Это можно достичь через дискуссии, анализ кейсов, решение проблемных ситуаций. При этом педагог выступает в роли модератора, направляя учеников к поиску правильных решений, но не давая готовых ответов [2].

Современный педагог должен уметь использовать цифровые технологии для повышения эффективности обучения. Использование онлайн-платформ, интерактивных приложений и образовательных ресурсов позволяет не только разнообразить учебный процесс, но и развивать у учащихся навыки работы с информационными технологиями, что является важной частью функциональной грамотности. Например, образовательные платформы, такие как Google Classroom

или Microsoft Teams, помогают учащимся осваивать навыки работы в цифровой среде, сотрудничества и управления проектами.

Формирование функциональных компетенций – это сложный процесс, который требует от педагога высокого уровня профессионализма и готовности к изменениям. Однако на пути реализации этой задачи существуют определенные вызовы. Учителя часто сталкиваются с проблемой нехватки времени на реализацию всех поставленных задач из-за чрезмерной перегруженности программ. Это затрудняет внедрение новых методов обучения, направленных на развитие функциональных компетенций. Имеют необходимые навыки и знания для эффективного использования новых методов обучения. Важным аспектом является повышение квалификации педагогов и их профессиональное развитие.

Педагог в этом процессе играет ключевую роль, поскольку он не только передает знания, но и организует учебную деятельность таким образом, чтобы учащиеся могли развить необходимые для жизни умения. Так на уроках истории учитель имеет уникальные возможности для развития функциональных компетенций у учащихся, особенно в контексте критического мышления и анализа информации. История как наука требует от учащихся работы с различными типами источников, их интерпретации и сопоставления.

Этот процесс помогает учащимся развивать критическое мышление, способность оценивать достоверность информации и аргументированно выражать свои взгляды. Преподавание истории включает в себя анализ первичных и вторичных источников, что способствует развитию навыков критического мышления. Учащиеся учатся не просто принимать информацию как данность, но и ставить под сомнение ее достоверность, понимать контекст и учитывать различные точки зрения. Например, анализ исторических документов может помочь учащимся лучше понять, как принимаются политические решения и какие факторы влияют на развитие общества. Исторические дискуссии и дебаты – это важные методы развития навыков общения и взаимодействия. Через дискуссии на исторические темы учащиеся учатся высказывать свои мысли, слушать мнения других, аргументировать свои позиции и договариваться. Эти навыки необходимы не только в учебной, но и в повседневной жизни. Работа в группах, обсуждение исторических событий или анализ противоречивых точек зрения помогают ученикам развивать способность к сотрудничеству и уважению мнений других.

Изучение истории помогает учащимся лучше понять, как развивается общество, и осознать свою роль в нем. Учитель истории может направить учащихся на осмысление важных вопросов, таких как права человека, толерантность, социальные изменения, что способствует формированию социальной компетентности.

Немаловажную роль в формировании функциональной грамотности учащихся играет психологическая служба школы, психологи помогают учащимся лучше понимать свои эмоции, управлять ими и находить конструктивные способы решения конфликтных ситуаций. Умение действовать в реальных жизненных ситуациях, необходимо, чтобы он действовал, погрузился в процесс решения нестандартных учебных ситуаций. И здесь именно психологи помогут найти ответы на вопросы, какие педагогические технологии, методы и приемы позволят максимально эффективно развивать необходимые компоненты ф грамотности [3].

Эмоциональный интеллект является важной частью функциональной грамотности, так как он помогает в построении успешных межличностных отношений и саморегуляции. Эмоциональный интеллект – это показатель социальной и психологической гибкости человека. Он определяет, насколько успешно мы взаимодействуем с другими людьми, как воспринимаем их эмоции, как на них реагируем. Насколько хорошо умеем «управлять своими реакциями». Один из ключевых аспектов эмоционального интеллекта – эмпатия или способность понимать и разделять чувства других людей. Через психологические тренинги и игры у учеников развиваются навыки взаимодействия и разрешения конфликтных ситуаций. Через беседы и групповые занятия школьный психолог учит учеников эффективной коммуникации, самоконтролю и способам управления стрессом. Эти навыки важны как в учебной деятельности, так и в жизни за пределами школы. Важной частью работы психолога является помощь в личностном развитии. Психологические тренинги, направленные на развитие уверенности в себе, саморегуляции и мотивации, помогают учащимся более эффективно осваивать учебный материал и

взаимодействовать с окружающими. Психолог также способствует развитию навыков саморефлексии и постановки целей, что помогает учащимся становиться более самостоятельными и уверенными в себе.

Эффективное взаимодействие между учителем истории и школьным психологом может значительно усилить процесс формирования функциональных компетенций у учащихся. Например, учитель истории, объясняя сложные социальные процессы, может обратиться к психологу за поддержкой в развитии у учеников эмпатии, понимания культурных различий и способности видеть ситуацию с разных точек зрения. Совместная работа позволяет организовывать образовательные программы, которые не только развивают академические знания, но и способствуют личностному росту и социальной адаптации учащихся. В результате ученики получают более всестороннее образование, которое помогает им не только понимать исторические процессы, но и эффективно применять эти знания для решения жизненных задач.

Формирование функциональных компетенций – это сложный процесс, требующий участия различных педагогов и специалистов. Учитель истории и школьный психолог играют ключевую роль в этом процессе, дополняя друг друга в развитии когнитивных, социальных и личностных навыков у учащихся. История помогает развивать критическое мышление и социальные навыки, а психологическая поддержка способствует личностному росту и эмоциональной зрелости. Таким образом, педагогическая деятельность этих специалистов направлена на всестороннее развитие учащихся, что способствует их успешной адаптации к современному обществу.

Литература

1. Выготский Л.С. Психология развития / Л.С. Выготский. – М.: Педагогика, 1986.
2. Федеральные государственные образовательные стандарты, 2021.
3. Lehtinen E. Psychological perspectives on learning technologies. Oxford University Press, 2008.

ҒТАХР: 20.01.07

Э.А. Калиева

Абай облысы Мақаншы ауданы «Б.Майлин атындағы орта мектеп-бақшасы» КММ
информатика пәні мұғалімі

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУ

Қазіргі заманда сапалы білім – әр халықтың, әрбір жеке тұлғаның болашағын айқындайтын негізгі факторлардың біріне айналуда. Білімнің жоғары деңгейін ұстап тұру – әрбір қоғамның өзінің ғылыми-техникалық прогресін, экономикалық дамуын және азаматтардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, алдына қоятын міндеті. Осы тұрғыда заманауи технологияларды, атап айтқанда жасанды интеллектті (ЖИ) пайдалану білім беру үдерісін өзгертуде басты рөл атқара бастады.

Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қабілетін талап ететін тапсырмаларды орындауға қабілетті компьютерлік жүйелерді құрумен айналысатын информатика саласы. Соңғы жылдарда ЖИ медицина мен өндірісте, көлік пен ойын-сауықта, адам өмірінің көптеген салаларына мықтап енді. Бірақ жасанды интеллект қолданудың ең перспективалы және маңызды бағыттарының бірі білім беру болып табылады. Алдымен білім берудегі жасанды интеллект дегеніміз не және осы салаға қандай технологиялық компоненттер кіретінін анықтайық. Көптеген зерттеушілер әртүрлі аспектілерге, соның ішінде машиналық оқытуға, нейрондық желілерге және деректерді өндіруге, олардың адамдардың қажеттіліктеріне бейімделе алатын интеллектуалды жүйелерді құрудағы рөліне назар аударды. Білім берудегі жасанды интеллект анықтамасы оқу процесін жақсарту және білім беру мүмкіндіктерін байыту үшін адамның интеллектіне еліктеп, арттыруға арналған технологиялық әдістер мен жүйелерді пайдалануды қамтиды. Білім берудегі жасанды интеллект әдетте келесі аспектілерді қамтиды:

Machine Learning: Бұл компьютерлік жүйелерге деректер мен тәжірибені талдау арқылы бейімделуге және жақсартуға мүмкіндік беретін ЖИ бөлімшесі. Білім беруде машиналық оқытуды

әр оқушының қажеттіліктері мен оқу стиліне жауап беретін бейімделген оқыту платформаларын жасау үшін пайдалануға болады.

Нейрондық желілер: ЖИ-дегі нейрондық желілер мидың құрылымы мен қызметін модельдейді, жүйелерге үлгілерді тануға, мәтінді талдауға және шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Білім беруде оларды дауысты, мәтінді және кескінді тану үшін қосымшаларды жасау үшін, сондай-ақ жекелендірілген оқыту үшін пайдалануға болады.

Виртуалды көмекшілер және білім беру қолданбалары: ЖИ ақпаратты, оқу материалдарын және тапсырмаларды қамтамасыз ету арқылы студенттерге оқу процесінде көмектесетін виртуалды мұғалімдер мен білім беру қолданбаларын жасау үшін пайдаланылуы мүмкін.

Деректерді талдау: ЖИ үлгілер мен трендтерді анықтау үшін деректердің үлкен көлемін талдау жолдарын қамтиды. Білім беруде деректерді талдау оқушылардың үлгерімін бағалау, оқу қажеттіліктерін болжау және оқу бағдарламасын оңтайландыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Робототехника және автоматтандыру: ЖИ пайдаланатын робототехника студенттерге ғылым, технология, инженерия және математика (STEM) салаларындағы дағдыларды дамытуға көмектесетін білім беру роботтарын жасау сияқты білім беру мақсаттарында жүзеге асырылуы мүмкін.

Білім берудегі жасанды интеллект оқу процесін қол жетімді, жекелендірілген, интерактивті және тиімді ету арқылы жақсартуға бағытталған. Ол мұғалімдерге, студенттерге және оқу орындарына жылдам өзгертін цифрлық дәуірге бейімделуге көмектеседі және білім сапасын келесі деңгейге көтереді.

Мектептерде жасанды интеллектті қолдану.

Мектептерде жасанды интеллектті қолдану мұғалімдер үшін оңтайлы шешім болып келеді. Өйткені ЖИ мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді. Сабақ жоспарын құрудан бастап, кезкелген құжатты өңдеуге дейін. Сонымен қатар жасанды интеллект мектептердегі оқу үдерісінің әртүрлі аспектілерін автоматтандыруда қолданылады: оқу материалдарын басқаруда; электрондық тесттер мен бағалаулар жүйесінде; әкімшілік тапсырмаларды басқаруда; кері байланысты басқару жүйелерінде; оқушылардың үлгерімі мен тәртібі туралы есептерді автоматты түрде жасауда; қабылдау және қабылдау процесін автоматтандыруда және т.б.

Жасанды интеллектті мектептегі білім беруде сәтті қолданудың нақты жағдайлары мен оқиғаларын ұсыну маңызды. Себебі, жасанды интеллект кез келген саланы табысқа жеткізе алады, мысалы:

1. Khan Academy:

Khan Academy – оқу материалдары мен тапсырмаларды қамтамасыз ету үшін ЖИ-ті қолданатын танымал платформа. Жүйе оқушының деңгейіне бейімделіп, математика, жаратылыстану және басқа да пәндерді оқыту үшін жекелендірілген ұсыныстар береді.

2. Duolingo:

Duolingo – үйрену тәжірибесін пайдаланушының жеке қажеттіліктеріне бейімдеу үшін ЖИ-ті қолданатын тіл үйрену қолданбасы. Жүйе тіл дағдыларын жақсарту үшін әртүрлі жаттығулар мен кері байланыс ұсынады.

3. Carnegie Learning:

Carnegie Learning – жекелендірілген оқу жоспарларын жасау үшін ЖИ пайдаланатын математикалық білім беру бағдарламаларын қамтамасыз етеді. Бұл оқушылардың математикаға деген сенімділігін және дағдыларын дамытуға көмектеседі.

4. Coursera:

Coursera – жетекші университеттер мен институттардың курстарын ұсынатын онлайн оқыту платформасы. Жасанды интеллект тапсырмаларды бағалау және қайта қарау және студенттердің қызығушылықтары мен мақсаттарына сәйкес келетін курстарды ұсыну үшін қолданылады.

5. ScribeSense:

ScribeSense – сабақтар мен дәрістерді автоматты түрде транскрипциялау үшін ЖИ қолданатын қолданба. Бұл мұғалімдерге оқу материалдарының мәтіндік нұсқаларын оңай алуға және оларды талдауға мүмкіндік береді.

Осы мысалдардың әрқайсысында ЖИ оқытуды жекелендіруде, кері байланысты қамтамасыз етуде және білімге қолжетімділікті жеңілдетуде рөл атқарады. Олар сонымен қатар әртүрлі білім беру сценарийлерінде ЖИ пайдаланудың артықшылықтары мен тиімділігін көрсетеді.

Әдебиеттер

1. ЖИ негізіндегі оқыту қолданбалары: ағымдағы тенденцияларға шолу / Л. Браун және т.б. // International Journal of Educational Technology. – 2018. – № 7(1). – Б. 32-45.
2. Джонсон А. ЖИ негізіндегі білім берудегі этикалық ойлар / А. Джонсон // Білім беру этикасы. – 2019. – № 12(2). – Б. 45-58.

ҒТАХР: 34.01.21

Ш.Б. Канафина

Абай облысы Бесқарағай ауданы «Беген орта мектебі» КММ
бастауыш сынып мұғалімі

САРАЛАП ОҚЫТУ НЕГІЗДЕРІ

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты – сынып оқушыларын «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау. Сабақта қандай оқушы болмасын, жақсы оқитынына қарамастан жұмысты І деңгейден орындайды. І деңгей тапсырмаларын орындау мемлекеттік білім стандарты талаптарының орындалуына кепілдік береді.

Қалыптастырушы бағалау және кері байланыстың түрлері:

1. Құрастыр, сосын жауап бер

Шарты: Оқушыларға жауап бергенге дейін өз ойларын жинақтауға мүмкіндік беріңіз– жауап алдындағы 30 секундтық үнсіз ойлау;
жұптағы 2-3 минуттық миға шабуыл;
жауап бермес бұрын бірнеше ойларыңды жаз;
өз көршіңмен болжамды жауапты талқыла.

2. «Сұрақ қобдишасы»

Сіз жаңа тақырыпты оқыған кезде не туралы білгіңіз келді?

Білімді бағалау үшін мұғалімнен немесе басқа оқушылардан сұраңыз;

Сіз өз біліміңізді бұдан әрі жақсартқыңыз келген білім/түсінбеу саласын көрсетіңіз.

Сыныпта сұрақтарға арналған қорапша қоюға болады, оқушылар оған сабақ аяқталғаннан кейін өз сұрақтарын салады.

Немесе арнайы сабақ ұйымдастыруға болады, онда оқушылар бүкіл сынып болып жұмыс істейтін немесе келесі сабаққа негіз болатын сұрақтарды құрастырады.

3. «Күту уақыты» Күту уақыты оқушыларға ойлануға және жауап беруге мүмкіндік береді. Сыныптағы барлық балалар бір бағытта және бірдей ойлай бермейді – күту оқушыларға өз ойын жинақтауға және берілген сұраққа жауапты ойластыруға мүмкіндік береді. Күту уақытының 2 түрі:
– Мұғалім айтады, содан кейін оқушылар өз жауаптарын бергенге дейін үзіліс жасайды. Оқушы жауап беруді аяқтайды және мұғалім оның жауабына қатысты әрекет еткенге дейін кідіріс жасайды. Бұл амал оқушыға ойын толықтыруға және жалғастыруға немесе басқа оқушыға жауап беруіне мүмкіндік береді.

4. «Көршіңізге айтыңыз»

«Көршіме айтамын» әдістемесі оқушылардың өз ойларын ауызша білдіруі үшін қолданылады.

– Сұрақ қойыңыз, ойлануға уақыт беріңіз, содан кейін оқушылардан өз ойларын көршісімен бөлісуін сұраңыз

– Оқушыға жаңа тақырыпты атаңыз және оларға аталған тақырып бойынша ненің мәлім екені туралы бәрін көршісіне айтуын сұраңыз.

5. «Идея туралы пікір»

Сіз сұраққа жауап алған болсаңыз, бұл ой туралы басқалардың пікірін сұрай отырып, ойлау логикасын дамытыңыз.

Мысалы: Сіздер _____ идеясы туралы не ойлайсыздар?

6. «Түйінді сәттер» Ауызша тапсырмалармен қатар, жазбаша тапсырмаларды әзірлеген кезде бұларды орындау оқушылар оқып жатқан тапсырмалардың түйінді сәттерін түсінуге және дамытуға әкелетін болсын.

7. «Топтық кері байланыс» Сыныптастардың жұмысын бағалауға қатысты топтық кері байланыс мұғалімге оқудағы қажеттіліктерді қарапайым түрде анықтауға көмектесе алады. Егер топ кері байланыс ұсынатын болса, бұл мәселеге назар аудартып, жүйелендірілген, талқыланған тапсырмаларға қатысты ақпарат береді (сонда мұғалім қайталауға арналған жаттығуларды азырақ бере алады).

8. «Сыныптастарды бағалау» Оқушылар бағалау критерийлеріне сәйкес бір біріне жұмысы үшін баға қояды. Бұл оқу туралы ойлануға және түсінуге көмектеседі, бұл оқушыларға үздік жұмысты көруге және орын алған түсінбеушілікті шешуге мүмкіндік береді. Аталған құрал жеке сабақтарда және жұмыс схемаларында қолданылуы мүмкін.

9. «Оқушылардың бағалау сызбасы»

Оқушылардан топпен немесе жекелеп баға қою сызбасын жасауды сұраңыз. Кейін олар осы сызбаға сәйкес өзінің немесе сыныптасының жұмысын бағалай алады.

Оқушыларға бағалау сызбасының мақсаты пайымдау, шолу, стандарттау, т.б. екенін түсіндіріңіз.

10. «Сөйлеу арқылы ойлану»

Сөйлеу оқушыларға өз пікірін білдіріп, сол арқылы білім алуға көмектеседі.

Төмендегідей жаттығулардың көмегімен сөйлеу арқылы ойлануды ынталандырыңыз:

талқылауға арналған жаттығу;

құрылымдалған топтық/жұптық жұмыс;

мұғалім мен оқушының модельдеуі (шағын топтық тапсырмалар бүкіл сыныппен талқылауға қарағанда, сыныптағы әңгімелесудің санын арттырады).

11. «Білетініңіздің барлығы» Оқушылар тарауды оқуға кірісудің басында _____ Не? _____ туралы не білетініңіздің барлығын жазады. Сосын мұғалім қайталауды болдырмас үшін, алынған ақпаратты пайдалана отырып, оқуды тиісті жолмен жүргізеді.

12. «Кері байланысы бар бутерброд»

Кері байланыс әр түрлі тәсілдермен берілуі мүмкін.

Кері байланысы бар екі «бутерброд» дегеніміз бұл:

Жағымды түсініктемелер, нені және қалай жақсарту қажет екенін түсіндіре отырып берілген құрылымды, сыни, жағымды түсініктеме;

Жағдаяттық мәлімдеме – Маған ұнады, себебі

Енді/келесі жолы Интерактивті мәлімдеме, мысалы, орындалатын жұмысқа негізделген сұрақ.

13. «Көрсет және әңгімеле»

Әр оқушы өз жауабын жазуға/салуға мүмкіндігі болатындай және оны тез арада сізге (сыныптастарына) көрсететіндей етіп, шағын маркер тақтасын қолданыңыз.

14. «Түсініксіз тармақ»

Оқушылар өздеріне онша түсінікті емес бір немесе екі тармақты жазады. Бұл өткен сабақта оқылған материал, қалған бөлімнің, алдыңғы жаттығудың материалы және т.б. болуы мүмкін. Содан кейін мұғалім мен сынып осындай тармақтарды түсіндіру жолдарын іздестіреді.

15. «Бір сөйлеммен түйіндеу»

Оқушылар олардың тақырып бойынша білімдерін түйіндейтін бір сөйлем жазады. Сөйлемдер кім, не, қашан, неліктен, қалай, қай жерде және т.б. сөздерден тұруы мүмкін.

Содан кейін сөйлемдерді сыныптастар бағалай алады, немесе көшіріп жазады.

16. «Температураны өлшеу» әдісі» Бұл әдіс оқушылар тапсырманы қаншалықты дұрыс орындап жатқанын анықтау үшін қолданылады. Ол үшін оқушы қызметін тоқтатып, мұғалім оқушылардан: «Біз не істеп жатырмыз?» деп сұрайды. Оқушы жауаптарынан мұғалім олар қаншалықты тапсырманың мәнісін немесе оны орындау ретін түсінгенін анықтай алады. (немесе дайын термометр қолдануға да болады)

17. «Плюс-минус-қызықты» әдісі

Оқушыларға сабақ соңында кестені толтыру ұсынылады:

П(+), М(-), Қ (қызықты).

«П»-«плюс» бағанына сабақта ұнаған нәрсе жазылады: ақпарат, жұмыс түрлері, т.с.с.

«М»-«минус» бағанына сабақтың ұнамаған немесе түсініксіз сәттері, оқушы пікірі бойынша оған ешқандай қажеттілігі жоқ ақпарат жазылады

Қ (қызықты) сабақтың қызықты тұстары, жаңа ақпараттар, жаңалықтар жазылады

Аталған бағалау өлшемдері бағдарламаны игеру процесінде білім алушының аздаған жетістіктерін және алға ілгерілеушілігін ескеруге мүмкіндік береді, түзете дамыту жұмыстарының нәтижесін бағалауға және алдағы жеке дамыту жұмыстарының жоспары мен білім, білік, дағдыды икемді қалыптастыруға ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Бекболат Қ. Математикалық сауаттылық / Қ. Бекболат, А. Сердалы. – Астана, 2017.
2. Барабанов О.О. Задачи на проценты как проблема нормы словоупотребления / О.О. Барабанов // Математика в школе. – 2003. – № 5.
3. Барабанов О.О. Конкурсный экзамен по математике / О.О. Барабанов // Формулы успеха. – Ковров, 1998.
4. Захарова А.Е. Несколько задач про «цены» / А.Е. Захарова // Математика в школе. – 2002. – № 8.
5. Петров В.А. Элементы финансовой математики на уроках / В.А. Петров // Математика в школе. – 2002. – № 8.
6. Сборник задач по математике для поступающих в вузы (с решениями). В двух книгах. Книга 1. Алгебра / Под ред. М.И. Сканава. – 9-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательский дом «ОНИКС 21 век», Мир и образование, 2001.

ҒТАХР: 14.35.07

Б.М. Кудайбергенова

«Абай облысы білім басқармасының Жаңасемей ауданы білім бөлімінің А.Ибраев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы,
e-mail: malikovna.74@mail.ru

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты барша отандастарымызға арналған биылғы (02.09.2024ж) Жолдауында айтқандай: «Ұстаздар-ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Үздік оқу бағдарламасы, заманауи оқу орындар, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық. Бүгінгі жаңа дәуір-ғылым мен білімнің, цифрлық қоғамның ғасыры. Функционалдық сауаттылық – тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесуі, адамның мамандығын әрдайым жетілдіріп отыруы, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор.

Функционалдық сауаттылық-оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. Функционалдық сауаттылыққа қол жеткізген оқушы дегеніміз-мектепте білім алуы барысында өмірдің қалыпты жағдайларында кездесетін түрлі жағдайлардың шешімдерін таба алатын қабілетке ие болған, негізінен қолданбалы білімін жүзеге асыра алатын деңгейдегі білім иесі болып табылады. Жинақтай алғанда, функционалдық сауаттылық оқушының жеке тұлғасының әлеуметтенуіне игі ықпал ететін басты тірек болып табылады. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық

сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүру үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Баршамызға белгілі, оқушылардың пәндік білімдеріне, ептіліктеріне және дағдыларына сүйене отырып, оқу пәндері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту үдерісі ойлау дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асады.

Мұғалімнің көшбасшылық қабілеті ең бірінші сабаққа тыңғылықты дайындықтан басталады, яғни, өтілетін сабақтың жоспарын құру, оны өткізу әдістемесі, оқушылардың қабілеттерін, жас ерекшеліктерін ескере отырып, иллюстрация, техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды пайдалану. Мұғалімнің осы шығармашылық әрекеті арқылы оқушының шығармашылық қабілеті қалыптасады. Ал, көшбасшылық қабілеттер шығармашылық елес, шығармашылық ойлау арқылы жүзеге асады. Оқушыны шығармашылық ойлауға, жылдамдыққа, икемділікке, тапқырлыққа үйрету – мұғалімнің әр сабағында қалыптасып отыратыны анық. Тарих сабағын компьютерлік техникамен жабдықталған кабинетте өткізудің нәтижесінде оқушылардың сабақта белсенділіктері мен қызығушылықтары артады. Әрбір сабақты ұйымдастыру барысында, сабақтың ортасында және соңында цифрлық платформаларды және мобильді қосымшаларды тиімді пайдалану арқылы сабақ мақсатына жетуге болады.

Интерактивті тақта арқылы оқушылар жаңа материалдарды арнаулы бағдарламалар көмегімен мүмкіндігінше меңгерумен қатар функционалдық сауаттылығы да артады. Сондықтан да оқушылардың тарих сабағында функционалдық сауаттылығын арттыру үшін мынадай жұмыс жүргізуіміз керек: әр тақырып бойынша «білу, түсіну, қолдану, тұжырымдау» деңгейлік тапсырмаларымен жүйелі жұмыс істеуді күшейту. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары, олардың танымдық қабілеттері мен өзіндік іс-әрекеттерін дамыту -педагог, психолог, әдіскерлер және мұғалімдердің міндеті.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту-мәселені шешуде, оқу сапасының артуына, технологияларды ұтымды қолдануға көмек беретін негіз болып табылады.

Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалмен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бір-біріне сын айтуы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек. Ал, ел тағдыры, оның келешекте кемел ел болуы мектептің қандай негізде құрылуына байланысты болған.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Педагогтің сабақ өту шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыруы, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Ендеше, өз мамандығын шебер меңгерген жоғары деңгейдегі оқытушының алдынан шыққан оқушы-өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. «Театр-киім ілгіштен басталады» десек, мектеп бүтіндей ұрпақты тәрбиелеудің негізі. «Білімінді еңбек пен өмірдің өзінде шындап отыр.

Сонда ғана білім деп аталатын асыл тас ешқашан тот баспастан жалтырай да жарқырай да береді», – деген екен ғалым Қаныш Сәтбаев. Қазіргі сынып партасында отырған білім алушылар «Z ұрпағының» өкілдері. Олардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктері мүлдем басқа. Олар жас бола тұра, өздерінің жасаған істері мен айтқан сөздеріне жауап беруге дайын тұрады. Сондай-ақ, тәуелсіз жұмыс істеуге бейім әрі бәсекелестікке түсуден тайсалмайтын ұрпақ. Технология дамыған сайын аға буын өкілдеріне қиындықтар туындауда. Бірақ «Z ұрпағы» үшін, бұл керісінше жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Технологияның шарықтап, саналарды жаулап бара жатқан заманда баланың ойы мен зейінін жан-жаққа алаңдатушы факторлар өте көп. Әсіресе, қазіргі кезде мұғалім ХХІ ғасыр ұрпағының ерекше қабілеттері мен мүмкіндіктерін үнемі ескеріп, оқушыдан әрдайым бір адым ілгеріде жүруге тура келеді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде тарих пәнінің алатын орны ерекше. Осы ретте, оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін таныту, оларға идеялық-саяси, рухани – адамгершілік, этикалық-эстетикалық тәрбие беру, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыру тарих пәнінің басты міндеті болып табылады.

Көбінде балалар бұрын алған білімін өмірде қолдана алмайды; талдау жасап, содан нәтиже шығаруды білмейді; берген мәліметті жинақтай алмайды; сабақ мақсаттарын анықтап, сол мақсатқа

жету жолын таба алмайды. Сабақ барысында оқушылардың аз сөйлеп, өз ойын нақты жеткізе алмауы осының барлығы үлкен проблема болып табылады. Яғни оқушыларда функционалдық сауаттылық дағдылары қалыптаспаған. Тұлға құзыреттілігін дамыту – ұстаздың құзіретті тәсілдерді меңгертуі, білім беру мазмұнын жетілдіру.

Ол үшін баланы субъект ретінде қарап, оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу керек. Мақсатқа жету оқушының өзі арқылы жүзеге асады. Жоғарыда айтып кеткендей мұғалім-бағыт беруші, ұйымдастырушы. Осы мақсатта мен өз сабағымда Блум таксономиясын да қолдануға тырысамын. Себебі Блум таксономиясы бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы оқушылардың білім деңгейлерін жетілдіріп, шығармашылық деңгейге жетуді ұсынады. Оқушылардың жас ерекшелігін пайдалана отырып, сабақты бекіту кезеңдерінде LefrningApps, Onine Test Pad т.б платформаларды қолданып сабақты қызықты өткізуге болады. Сондай-ақ «Тарсия», «Адасқан әріптер», «Нөлдік шеңбер» «Семантикалық карта», «Сөйле сурет», «Тұлғаны таны», «Ақылдың алты қалпағы», «Кюар кодты тапсырма», «Бес саусақ», «Бес қадам», «Галареяны шарлау» т.б әдістерді ұтымды пайдалану арқылы оқушылардың тарих сабағында функционалдық сауаттылығын арттыруға болады.

Оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытады, белсенділігін арттырады, оқу-тәрбие процесінің қалыптасуына, материалды неғұрлым мазмұнды меңгеруге, өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын жетілдіруге, сапалы білімнің нәтижеге бағытталуына ықпал етеді. Оқушылардың танымдық белсенділігі мен пәнге деген қызығушылығын дамытуға көмектеседі.

Тұлғаның бейімділігін, қажеттілігін қанағаттандыруды, қызығушылығын, қабілетінің дамуын ескере отырып, функционалдық сауаттылығына қол жеткізуді қамтамасыз етіп, жан-жақты дамыған, мектепте алған білімін өмір бойы пайдалана алатын тұлға өсіру-білім беру мамандарына жүктелген үлкен міндет деп түсінгеніміз жөн.

Функционалдық сауаттылық-тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім,білік, дағдылардың жиынтығынан құралады.

Осы ретте, оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін таныту, оларға идеялық-саяси, рухани – адамгершілік, этикалық-эстетикалық тәрбие беру, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыру тарих пәнінің басты міндеті болып табылады.

Тұлғаның бейімділігін, қажеттілігін қанағаттандыруды, қызығушылығын, қабілетінің дамуын ескере отырып, функционалдық сауаттылығына қол жеткізуді қамтамасыз етіп, жан-жақты дамыған, мектепте алған білімін өмір бойы пайдалана алатын тұлға өсіру-білім беру мамандарына жүктелген үлкен міндет деп түсінгеніміз жөн.

Әдебиеттер

1. Қазақстан тарихы пәнін оқытуға арналған әдістемелік нұсқаулық / (құраст.А.К. Бегалиева) – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – Б. 218.
2. Жаманбаева Л.К. Тарихты оқыту әдістемесі. – Өскемен, 2024.
3. Күзембайұлы А. Тарих теориясы және методологиясы: оқу құралы / А. Күзембайұлы, Е. Әбіл. – Қостанай, 2015. – 220 бет.
4. Тарихты оқытудағы инновациялық әдістер: оқу құралдары. Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берел» баспасы, 2019. – Б. 96.
5. Білімді ел газеті 06.08.2024 «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту».

К.К. Куанбаева

Абай облысы Бесқарағай «Н. Баймұратов атындағы орта мектеп» КММ
бастауыш сынып мұғалімі

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЕСЕПТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жаңартылған бағдарламаның негізі – мұғалімнің пәнді оқытудағы әдістерін өзгертудегі жаңа бастамасы. Бұл бағдарламаның басым бөлігі сындарлы оқыту теориясының негіздерін қамтыған. Осы теория оқушылардың ойлануын дамытуда олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделген.

Әрбір адамға ойлау қабілетінің белгілі бір дағдылары мен жеке тұлғаның қасиеттері керек. Сарапатама жасай білу, салыстыра білу, негізгісін анықтай білу, мәселені шеше білу, өзін-өзі баламалы бағалай білу, жауапты болу, өз бетінше жұмыс істей білу – міне, жоғарыда аталғандардың барлығы балаға өмір жолын бастауға қажеттіліктер деп атасақ та болады. Мұғалімнің міндеті барлық ақпаратты айтып немесе көрсетіп қана қоймау керек, сонымен қатар оқушыны ойлауға үйрету керек, сол тапқан ақпараттарын практика жүзінде қолдана білуге үйрету керек.

Бастауыш мектепте есептеу дағдысының қалыптасуы маңызды рөл атқарады. Математика, физика, химия есептерін шығаруда элементарлы есеп шығару дағдысы қажет. Оқытуда байқағанымыз оқушылардың көпшілігінде есеп шығару дағдысы төмен. Оның себептері:

- оқушылардың ойлау қабілеттерінің төмендігі;
- үй тапсырмасын орындауда ата-ана тарапынан қадағалаудың бомауы;
- оқушының есте сақтау және зейінінің төмендігі;
- математика пәніне дайындықтың аздығы (жеткіліксіздігі);
- оқытуда есептеу дағдысын жүйелі түрде қалыптастырудың және оны бақылаудың болмауы.

I. Есептеу дағдысын қалыптастыру үшін ең алдымен көбейту, бөлу, қосу, азайту кестесін сұрау керек. Ол үшін кестелер, үлестірмелі қағаздар қолданылады. Екі және одан көп нұсқада болып, оқушылар жеке жауап бергені жөн. Қате жіберген оқушыларға бастауыш сыныптан кестелер беріп қайталату керек. Одан кейін өзіндік жұмыс, ауызша сұрау арқылы тексерген жөн.

II. Есеп шығару дағдысын қалыптастыруда әр сыныпқа берілген тақырыптарға кестелер дайындау қажет. Кестелер көбейтіліп әр оқушыға беріледі. Бұл кезеңде жұмыстың мына түрі қолдану керек:

1. Мұғалім не оқушы үлестірмелі қағаз бойынша (екі нұсқада) фронтальды сұрайды;
2. Дайындалған кесте бойынша жазбаша сұрау;
3. Жазбаша жұмыстарды жазып, талдау және қатемен жұмыс жасау;
4. Тақтада немесе алдыңғы партада отырып шығару;
5. Ұқсас есептерді шығару және шығару алгоритмін құру;
6. Есептеудің тиімді тәсілін қарастыру.

Ол үшін төмендегілерді есте сақтауымыз керек:

– Әр сабақта сыныппен емес әр оқушымен жұмыс істеу маңызды. Ол үшін мұғалім әр оқушы өз ісімен айналысатындай және олардың жұмыстарын бақылап отыруға жұмыстың түрі мен материалды таңдау қажет. Мысалы, бірінші партада отырған әр оқушыға өздерінің кемістіктерін жоюға болатындай тапсырма жазылған карточкалар таратылады. Ал сабаққа дайындалғанда жоспарда кімді және қандай сұрақпен сұрау керектігі көрсетіледі; бұл жағдайда жеке дәптерде әр оқушының есептеу машықтығын меңгеру есебі жүргізіледі;

– Жаңа тақырыпты өту кезінде оқушылар қай тақырыптан көп қате жіберетін материалға көңіл бөлу қажет;

– Жаңа тақырыпты алда өткен таныс материалмен салыстырып оқытқан дұрыс;

– Жаңа материалды түсіндіру кезінде оқушылардың өздері сол немесе басқа әрекетті орындау алгоритмін құру керек, осыдан кейін оқулықпен салыстырып, өздеріне оңтайлы нұсқасын тандаса дұрыс болады.

– Мұндай жұмыс оларды айқындыққа және нақтылыққа үйретеді. Әр қарай олар өздері әбігерленбей және асықпай кез-келген есепті шығара алады;

– Оқушыны кез-келген есепті шығаруға жете ұғындырып, көңіл бөлуге тәрбиелеу қажет, яғни оқушы шамаларды байланыстыратын заңдылықтарды анықтап, есептің мағынасын жете ойланып, қиын жағдайларды шешудің жолдарын тауып, содан кейін ғана есепті шығаруға кіріскені дұрыс.

Оқушыларды «қадалған көзқарас» тәсілін қолданып жұмыс істеуге үйрету керек (алғашқыда барлық тапсырманы, есеп шығарудың тәсілдерін, амалдарын, шығару жолдарын жалпы бағалайды, және әрі қарай оны шешуге кіріседі);

– Оқушыларды өзін-өзі бақылауға үйрету өте қажет, яғни есеп шығаруын, іс-әрекетін бақылау ептілігіне, ал нәтижесінде өздерінің әрекеттерін келесі өз-өзін бағалау критерийлерін қолданып бақылауға үйрету:

- а) нәтижені шындықпен байланыстыру;
- ә) нәтижені есептің шартының көрсеткіштерімен байланыстыру;
- б) кері есептеу;
- в) әр түрлі тәсілмен шығару;
- г) ақырғы жағдайларда нәтижені зерттеу;

– тек қана өз бетімен жұмыс орындағанда ғана оқылатын материал мықты меңгеріледі. Сондықтан оқушылар дайын есептер шығарумен қатар есеп құруға тартылады (әсіресе тиімді тәсілмен есептеуге арналған есептер).

Тұрақты білімді қалыптастыру үшін лайықты жаттығуларды (психологиялық тренинг) немесе төмендегідей есептерді тандаған дұрыс:

- а) есептің шешімінен қатені табындар;
- ә) дұрыс жауабын тандандар;
- б) берілген тұжырымның дұрыстығын бағаландар және т.с.с.

Мұғаліммен осы кезеңде өткізілген ағымды бақылау төмендегі белгілеулерден тұрады:

а) әр оқушының 1-минутта, 2-минутта, т.с.с дұрыс орындалған мысалдарының санынан (нәтижелер бағалардың жиынтық тізімдемесінде жазылады);

ә) мысалдардың белгілі санын қатесіз шығару үшін уақыт аралығынан;

б) әр оқушының жіберетін қателер санынан. Бақылауды өткізудің әр түрі тәсілдері қолданылады.

Соның ішінде ең ерекшесі – мұғалімнің өзінің жоспарымен өткізілетін өзіндік және бақылау жұмыстары.

Өзіндік жұмысты жиі өткізіп отырса, білімнің ерте кезеңінде кемістіктерді, меңгерудің мықтылығын анықтауға болады және әрі қарай әрекетті түзетуге және шапшаң есептеу дағдыларын қалыптастыруға болады. Бұл кезеңдегі білімнің маңызды бөлігі болып қатемен түзету жұмысы болып табылады.

Әдебиеттер

1. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика / Ж.Б. Қоянбаев, Р.М. Қоянбаев. – Алматы: Атамұра, 2000. – 218-219 б.
2. Бидосов Ә. Математиканы оқыту методикасы / Ә. Бидосов. – Алматы: Мектеп, 1989. – 56-57 б.
3. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі / А.Е. Әбілқасымова және т.б. – Алматы, 2005. – 89-90 б.
4. Жарықбаев Қ. Жалпы психология / Қ. Жарықбаев. – Алматы, 2004. – 147-148 б.
5. Болтянский В.Г. Комплекс учебногo оборудовани я по математике / В.Г. Болтянский. – М., 1971. – 105-106 с.
6. Шабажанова С.Қ. Мектептегі психологиялық диагностика / С.Қ. Шабажанова. – Алматы, 2005. – 80-81 б.
7. Аяған Б. Қазақ ұлттық энциклопедиясы / Б. Аяған. – Алматы, 2003. – 60-61 б.

К.Т. Козубаева

Абай облысы Мақаншы ауданы
«Тұрағұл Қоңыр атындағы орта мектеп-бақшасы» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні пәні мұғалімі

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАРЫТУ

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы.

Ұлттық құндылықтардың халқымыздың өмірінде алатын орны өзгеше. Қазақтың салт-санасын жаңғырту еліміздің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, төл құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу – ұлттық идеяның негізгі бағыты.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу.

Мектебіміздегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің мұғалімдері оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды үздіксіз сіңіруді жолға қойып келеміз. Қазақ тілі оқулықтарының мазмұны адамзаттық руханият пен мәдени-эстетикалық мұраны игеру мен дамыту бағдарында танып білу, халқымыздың салт-дәстүрін бағалай, өнерін құрметтей білетін жан-жақты тұлға қалыптастыру. Қазіргі жаңартылған білімге негізделген қазақ тілі оқулықтарының құрылымы дәстүрлі оқулықтардың құрылымынан өзгеше. Оқулықтарда берілген бөлімдер тақырыптарының өзі шәкірт бойына рухани және материалдық құндылықтарды дарытуға бағытталған болса, әр тақырып ішіндегі мәтіндік тапсырмалар да ұлтымыздың тарихына құрметпен қарауға, халқымыздың бірлігі мен этносаралық татулығын сақтауға, Конституциямызды қастерлей білуге, салт-дәстүрімізді сақтай білуге баулитын мәтіндермен берілген. Бірлестіктің әрбір мұғалімі оқу үдерісінде оқушылардың бойындағы түрлі ерекшеліктерді ескере отырып, осынау жаһандану уақытында білімге құштар, еңбексүйгіш, отаншыл тұлғаларды дайындауды жолға қойып келеміз.

Ұрпақ тәрбиесінде ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрі мен тағлымдарын, мәдениетін, тарихын, бұрынғы – соңғы ұлы ойшыл педагогтардың еңбектерін оқып, жетік білмей, оны жақсы меңгермей тұрып, келер буынға дұрыс тәрбие сіңіру мүмкін емес. Жас ұрпаққа ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық тәрбие үлгісін ұғындырып, оларды мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – қазіргі таңдағы өмір талабы және қоғам қажеттілігі. Ал, қазақ әдебиеті пәнін оқытудың мақсаты-оқушылардың бойында адамгершілік, ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу, көркемдік тұтастық пен көркемдік бейнені талдау, шығарма идеясын, жазушы ұстанымын бағалай білу дағдыларын қалыптастыру.

Халық ауыз әдебиеті шығармаларының ішінде оқушы бойына ұлттық құндылықтарды дарытуға өлшеусіз үлес қосып келе жатырған-батырлар жыры. Отанын сүйген, елін жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасатын Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын, Алпамыс тұлғалары. Өз халқының мүддесі, арман-тілегі, туған жері үшін жан аямаған ерлеріне деген халықтың сүйіспеншілігі, ақын-жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке, елін сүюге шақырған өлең-жырлары, шешендік сөздерін оқыта отырып та бала бойына отаншылдық сезімді қалыптастырудамыз.

Халықтың ең басты құндылығы ол-дін, тіл, туған жер, тіл. Оқушыларды оларды қастерлеп, қадірлеп ерекше құрмет тұтуға шақыру-әр мұғалімнің міндеті. Осы құндылықтарымызды қадір

тұтатын еліміздің жастарын дұрыс тәрбиелеп, салт-дәстүрлерімізді көркем шығармалар арқылы шәкірт санасына сіңіре білу де біздің парыз.

Бабадан мирас болған ұлттық құндылықтарымызды қолдау мақсатында, әр пән мұғалімі өз сабақтарында ұлттық құндылық элементтерін тиімді пайдалану керектігі іс-тәжірибе жүзінде көрсетіп келеді. Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып жиі дәріптеліп отырғаны абзал. Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру шараларының ауқымы озық тәжірибеге айналады деп сенемін.

Оқушылардың шығармашылығын дамытудың негізгі жолы – оқушыны өздігінен іздендіру, яғни өз бетімен жұмыс істеу. Бұл бағытта алдымен логикалық ойын дамытатын тапсырмалар арқылы оқушылар сөзжұмбақ, ребус, жұмбақ, мақал-мәтел, қанатты сөздер құрастыруға машықтанады. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытында мынадай жұмыс түрлерін жүргізуге болады. Мәтін өңдеу, берілген мәтіннен диалог құру, мәтін бойынша шешендік сөз құрау және өз ойынан еркін тақырыпқа берілген өлең, әңгіме, шығарма жазу. Бұл әдіс оқушының өз бетінше іздене отырып, шығармашылығын шыңдауға баулиды. Оқушылар әдеби-шығарым тапсырмалар өтілген тақырыптар бойынша жүргізіліп қоймайды. Еркін және тақырыптық шығармалар, түрлі мақалалар, өлең құрастыру және өлең мазмұнын қара сөзбен жаздырту жұмыстары арқылы орындалады. Оқушының көркем шығарманы тұрақты оқуды әдетке айналдыру, ортада сөйлеуі, ұстазбен сырласуы қажетті нәрсе болып табылмақ. Осындай бағыттарда жұмыс істеу арқылы көркемдік шығармашылық қабілеті дамыған тұлғаға қол жеткізе аламыз.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Н.Ә. Назарбаев // Егемен Қазақстан, 12 сәуір, 2017.
2. Тілеужан М. Рухани өнегелі тәрбие / М. Тілеужан // Бала тәрбиесі. – Алматы, 2006. – № 2. – 24 б.
3. Ахметова М.Т. Адамгершілік-рухани тәрбиенің маңыздылығы / М.Т. Ахметова // Өзіндік таным. – Алматы. – № 2. 18 б.
4. Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері / Б. Хасанұлы. – Алматы, 2008.
5. Тайшыбаева Г. Тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін.

ҒТАХР: 27.01.45

Д.М. Мустафина

Абай облысы Үржар ауданы «Егінсу орта мектеп-бақшасы» КММ
математика пәні мұғалімі

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА SMART ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ

Қазіргі таңда алгебра курсының көптеген есептерін шешуді компьютерлік бағдарламалардың көмегімен жеңілдетуге болады. Заманауи техниканың дамуына байланысты соңғы жылдары математика пәндерін оқытуда компьютерлік бағдарламалардың рөлі артуда. Солардың ішінде пайдалануға қолайлылығы жағынан Maple математикалық жүйесінің мүмкіншіліктерін ерекше атап өтуге болады. Бұл жүйені өмірге әкелген бағдарламашылардың айтуы бойынша негізгі мақсаты – «Математикалық есептерді шешу кезінде тек мамандар, яғни математиктер немесе инженерлер ғана емес, сонымен бірге оқушылар да жоғары математиканы оқып үйренуде қолданылатын арнайы компьютерлік жүйені меңгеруі тиіс».

Бүгінгі күннің басты талабы – маман да, белгілі бір мамандыққа білім алатын білім алушы да, мектеп оқушысы да өз бойында жоғары қабілетке негізделген логикалық пәрменді ойламды қалыптастыруы тиіс. Ол үшін ізденуші жас бірінші кезекте өз бетінше жұмыс істеуге, қате кемшіліктерін өзі табуға дағдылануы керек. Осы тұрғыдан алғанда оның жақын көмекшісі, дәл бүгінгі күндері, қажетті математикалық бағдарламамен жасақталынған компьютер болуға тиіс. Математиканың көптеген есептерін шешуді дербес компьютерде автоматтандыру арқылы жеңілдетуге болады. Соңғы жылдары математика есептерін шешуде және математика пәндерін оқытуда қолданылатын компьютерлік бағдарламалар дамуда. Бұл бағдарламалардың мысалы

ретінде символдық математикада кең қолданылатын жүйелер Maple, MatLAB, Mathematica, MathCAD, Geogebra және басқаларды айтуға болады. Компьютерлік бағдарламалардың көмегімен есептеулердің сандық және аналитикалық шешімдерін алуға болады. Сандық есептеулер: – теңдеулер жүйесін шешу; – функцияның максимум және минимум нүктесін табу; – сызықтық емес теңдеулерді шешу; – анықталған интегралды есептеу; – дифференциалдық теңдеулерді шешуді орындайтын мүмкіндіктері бар.

Математикалық есептерді жылдам шешетін бағдарламалардың бірі, қолданушыға өте ыңғайлысы – Maple жүйесі. Maple жүйесінің мүмкіншіліктерін пайдалана отырып: – бір айнымалы функцияның интегралдарын есептеу әдістерін; – анықталмаған интегралдарды есептеуді; – анықталған интегралды есептеуді жүргізуге болады. MathCad – ерекше программа. Ол PSE деп аталатын қосымшалар класына жатады (problem solution environment – есеп шығаруға арналған программалық орта). Оның жұмысы тұтынушының іс-әрекетімен біржақты анықталмайды (мысалы, мәтіндік редакторлар сияқты), ол зерттеушінің көзіне көрінбейтін кірістірілген алгоритмдердің нәтижесі болып табылады. Жүйенің аталуы екі сөзден құралған, яғни MATHeMatica (математика) және CAD (Computer Aided Desing – автоматты жобалау жүйесі немесе АЖЖ). Сондықтан MathCad-ты математикалық автоматты жобалау жүйесі деп атауға болады.

Бұл программаның көмегімен әр алуан математикалық есептерді шығарып, есептерді жоғарғы кәсіптік деңгейде рәсімдеуге болады [33]. MathCad элементар арифметикадан бастап күрделі сандық әдістерді жүзеге асыруға дейінгі әртүрлі ғылыми және инженерлік есептерді орындауға мүмкіндік беретін математикалық редактор болып табылады. MathCad тұтынушылары бұл негізінен математикалық есептер мен айналысатын білім алушылар, ғалымдар, инженерлер, әртүрлі техника мамандары. Қолданушының қарапайымдылығы, математикалық іс-әрекеттердің безендірілуінің көрнектілігі, кірістірілген функциялардың көлемділігі, символдық есептеу мүмкіндігі және нәтижелерді көрсету аппаратының ғажаптығы (әртүрлі типті графиктер мен баспа құжаттарын даярлау мүмкіндігі) MathCad-ты анағұрлым танымал математикалық қосымшалар қатарына кіргізді. MathCad құрамына өзара интеграцияланған бірнеше компонент кіреді:

1. Мәтінмен қатар математикалық өрнектерді енгізуге, өңдеуге және пішімдеуге мүмкіндік беретін қуатты мәтіндік редактор. Енгізілген формулалар бойынша кірістірілген сандық әдістерді қолдана отырып есептеуді орындай алатын есептеуіш процессор болып табылады;

2. Аналитикалық есептеулерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, жасанды интелект жүйесі деуге болатын таңбалық процессор болып табылады;

3. Интерактивті электронды оқулық түрінде рәсімделген математикалық және инженерлік анықтамалық ақпараттардың ғажайып қоймасы болып табылады. MathCad-та қандай да бір математикалық есептерді жүзеге асыру үшін арнайы программа құрып оны жүргізудің қажеттілігі жоқ. Оның орнына кірістірілген редактордың көмегімен жалпы қалыптасқан түрде математикалық өрнекті енгізсе жеткілікті, сол мезетте нәтижесін алуға болады [33].

MathCad – барлық функциялардың графиктерін көрнекі түрде, әсем көрсетумен бірге, математикалық таңбаларды, символдарды палитра көмегімен енгізуде үлкен артықшылықтары бар. Сонымен бірге MathCad-та көптеген кірістірілген қарапайым, арнайы және статистикалық функциялары бар. Математикалық функцияларды ендіруді жеңілдету үшін арнайы батырмалар қолданылады, олар терезеге математикалық бөліктеріне бөлінген функцияны толық түсіндірмесін шығарады. Сонғы уақытта өз тәжірибемізде математика сабақтарында көмекші құрал ретінде қолданатын бағдарлама – геогebra болып табылады. Оқушылар абстрактілі түсініктерді өз көздерімен «көре алады». Әсіресе жаңа тақырыпты түсіндіру барысында тиімді, әрі математикалық формулалармен шешілген есептерді көрнекі түрде графиктер салу арқылы тексеруге болады. Бұл әдіс оқушыларға ерекше қызық болып, формулаларды түсінікті түрде жеткізеді. Бұл бағдарлама мектеп бітіруші талапкерлердің математика пәні бойынша дайындалуына зор мүмкіндік береді, математиканы үйрету мен үйренуге өте тиімді «Geogebra» бағдарламасын қалай қолдану қажеттігін түсіндіретін бейнероликтер де бар.

Geogebra тегін, әрі қазақ тіліндегі жалғыз бағдарлама. ҰБТ-да кездесетін есептердің шығару жолдары да көрсетілген. Geogebra бағдарламасының басты артықшылықтары: – Геометриялық және стереометриялық сызбаларды құру және оларды анимациялау; – Екі өлшемді және үш өлшемді формадағы функциялардың графикін салу; – Браузер және ұялы телефон арқылы қолдану; – «Ойнау»

батырмасы арқылы сабаққа керек сызбаны алдын-ала сызып алып, қайталап көрсетуге болады; – Компьютерлік сауаттылық артады. Geogebra бағдарламасын қолданудың тиімділігі: – Теориялық материал бойынша алынған білімді тереңдету; – Функционалдық сауаттылықты арттыру; – Уақытты тиімді пайдалану. Geogebra бағдарламасын браузер арқылы онлайн қолдануға болады. Ол үшін іздеу батырмасына «Geogebra онлайн» жазу жеткілікті. Экран бетіне алғашқы болып тұрған «Графически калькулятор – Geogebra» сілтемесін басамыз. Содан соң жұмыс беті ашылады. Жұмыс бетінде алгебралық немесе геометриялық бөліммен жұмыс жасауға болады [41].

Қорыта келгенде, Smart технологияларды мектепте қолдану бүгінгі таңда өзекті көрініс. Бұл технологиялар оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, ақпаратты жылдам меңгеріп, оны визуалды көруге алады. Әсіресе, математика сабағында графиктердің орналасуы мен оның өзгерісін жылдам бейнелеуге мүмкіндік береді. Кеңістегі фигураларды виртуалды көру, функциялардың графиктерінің өз өсі арқылы айналдырғанда пайда болған кеңістік фигураларын жылдам анықтау сынды тапсырмаларды орындау, оқушының ойлау қабілетін дамытумен қатар, сол тақырыпты терең зерттеуге жағдай жасайды.

Әдебиеттер

1. http://www.rusnauka.com/36_NII_2016/Economics/6_217160.doc.htm
2. Куттықожаева Ш.Н. Каким должен быть курс электронного обучения для smart образования МЦНП / Ш.Н. Куттықожаева, Т.Ш. Сеитова, Р.А. Муқанова // Новая наука. – 2020. – № 34. – С 14-21. http://www.elearn-space.org/Articles/МООС_Final.pdf.154 б
3. Сұрынбаева А.С. Функционалдық сауаттылық негіздері.

ҒТАХР: 16.01.07

Г.Е. Омартаева

«Астана медицина университеті» КеАҚ
Қазақстан Республикасы, Астана қ.; e-mail: omartayeva@gmail.com

«БАУЫР» КОНЦЕПТІСІ: ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ РУХАНИ ЖАҚЫНДЫҚ ПЕН ТУЫСТЫҚТЫҢ СИМВОЛЫ

Концепт ұғымы және оның тіл біліміндегі рөлі, қазақ тіліндегі еңбектерде ғалымдардың концептілік ұғымдарға әр түрлі талдау жасап жүргенін білеміз. Концепт – лингвистикалық категория. Бірақ басқа лингвистикалық терминдермен балама қолдануға болмайды. Концепт когнитивтік тіл білімінің басты термині ретінде қарала бастағаннан-ақ мағына мен ұғым, лингвомәдени бірлік терминдерімен ауыстыра қолдану жағдайы кездесе бастады. Зерттеушілер ең алдымен осы ұғымдардың ара-жігін ажыратып көрсеткенді жөн көреді. Концепт ұғымы қазіргі тіл білімінде ХХ ғасырдан бастап белсенді қызмет атқара бастады. Ең маңызды ұғымдар тілде көрсетіледі. Концепт – идея, оның ішінде абстракты, нағыз-ассоциативті және эмоционалды-бағалы белгілер болып табылады [1]. С. Жапақов: «концепт дегеніміз индивидтің, тілдік ұжымның, лингвистикалық қоғамдастықтың ақиқат туралы білім жүйесі болып табылады» [2], – десе, А. Вежбиская концепт ұғымын «адамның әлем туралы жинақталған мәдени түсініктері бейнеленген және атаулары бар ғаламның тілдік бейнесі ретінде тану», – деп көрсетеді [3]. Осы ретте «бауыр» концептісіне тоқталар болсақ, «Бауыр» концептісі түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың мәдениетінде маңызды элемент болып саналатынын білеміз. Оның мағыналары әртүрлі, биологиялықтан символикалық мәнге дейін ауытқиды. Сондықтан «бауыр» концептісін сөз ету үшін алдымен бауырдың рухани құндылығына қатысты белгілі бір ұлт мәдениетінде көрініс берген ерекше құбылыс ретіндегі болмысына талдау жасау қажет. Қазақ халқының мәдениеті мен тілінде «бауыр» сөзі терең мағыналық реңкке ие, ол тек биологиялық туыстықты ғана емес, рухани жақындықты, адам арасындағы байланыстардың тереңдігін білдіреді. «Бауыр» концептісі қазақ халқының өмір салтында, қоғамдық құрылымында ерекше орын алып, оның ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан құндылықтарын айшықтайды. Бұл мақалада «бауыр» ұғымының мәдени-

рухани мәні, оның күнделікті өмірдегі және тілдегі қолданылуы талданады. «Бауыр» концептісі түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың мәдениетінде маңызды элемент болып саналады. Оның мағыналары әртүрлі, биологиялықтан символикалық мәнге дейін ауытқиды.

Биологиялық мағынасы: Бауыр адам ағзасында зат алмасу үдерісіне қатысатын ас қорыту мүшесі. Бауыр өзінен ас қорыту сөлдерінің бірі – өтті бөледі. Ересек адамдарда бауырдың орташа салмағы 1,5-2 килограмм болады. Бауыр іш қуысының оң жағында орналасқан. Бауыр ағзаны тазарту мен денсаулықты сақтауда маңызды қызмет атқарады.

1. Әлеуметтік және мәдени мағынасы: Тура мағынасында бір әке мен бір анадан туған балалар бір-біріне бауыр болады. Кең мағынасында, әсіресе адамдар арасындағы қарым-қатынаста, «бауыр» жақын адамды, туыстық қатынастағы ағайынды немесе апа-сіңліні білдіреді. Бұл ұғым бауырластық, бірлік, өзара көмек және сенім секілді ұғымдармен тығыз байланысты.

Эмоционалдық мағынасы: Қазақ және түркі мәдениетінде «бауыр» жақындық пен шынайылықтың белгісі. Біреуді «бауыр» деп атау – ерекше қарым-қатынасты, терең құрмет пен махаббатқа негізделген байланысты білдіреді. Бұл сөз тек туыстарға ғана емес, отбасы сияқты болып кеткен достарға да қатысты қолданылады.

Осылайша, «бауыр» концептісі түркі мәдениетінде туыстық және рухани байланыстың маңыздылығын көрсетіп, адалдық, бірлік және бауырмалдықты бейнелейді.

«Бауыр» сөзі қазақ мәдениеті мен әдебиетінде жиі кездеседі, өйткені ол жақындықты, туыстықты және бауырмалдықты бейнелейді. Бұл сөзді әртүрлі жанрдағы мәтіндерде кездестіруге болады: поэзия, проза, мақал-мәтелдер және күнделікті сөйлеу тілі. «Бауыр» сөзінің әртүрлі контексте қолданылуына бірнеше мысалдары келтірейік.

1. Қазақтың мақал-мәтелдері:

Мақал-мәтелдерде «бауыр» сөзі адамның туыстық қарым-қатынастары мен қоғамдағы орны туралы ойды бейнелейді.

- «Бауыр – бір, табыс – мың». Бұл мақалда туыстық қарым-қатынастың, яғни бауырмалдықтың құндылығы табысқа жетуден жоғары қойылады.

- «Ағайын тату болса – ат көп, абысын тату болса – ас көп». Мұнда ағайын-бауырдың татулығының отбасы мен қоғамдағы маңызды рөлін көрсетеді. Академик Ә.Т.Қайдаровтың «Бүгінгі фразеологизм, мақал-мәтел деп жүрген тұрақты тілдік бірліктердің басым көпшілігі бір замандағы күнделікті қарапайым тіршіліктің, құбылыстың, шаруашылықтың, кәсіпшіліктің, өзара қарым-қатынастың нәтижесінде қалыптасқан тілдегі көрініс» деген тұжырымы «бауыр» сөзіне қатысты екені даусыз.

2. Қазақ әдебиетіндегі шығармалар:

Көптеген қазақ ақындары мен жазушылары «бауыр» ұғымын өз шығармаларында қолданған.

Жүрегім күйіп, езілді бауыр,
Жағдайын көріп ауылдың ауыр.
Тыңдар құлақ жоқ биліктілерде,
Айтудан болды тіліміз жауыр.

Тұрсынхан Әбдірахманованың өлең жолдарының мағынасы терең әрі сезімге толы. Бұл жолдарда автор ауыл өмірінің қиындықтарын, әлеуметтік мәселелерді ашық айтады. Халықтың мұң-мұқтажын биліктегілердің елемеуі, халықтың үніне құлақ аспауы туралы көңілсіздік көрініп тұр. «Тіліміз жауыр болды» деген сөз, қоғамдағы кемшіліктер туралы айта-айта, еш нәтиже шықпай, шаршағандықты білдіреді. «Езілді бауыр» деген тіркес адамның ішкі күйзелісін, жан азабын, жүрек ауыртпалығын бейнелейді, бұл тіркес адам жанының терең қиналысын, қайғысы мен мұңын сипаттайды. Бұл туынды әлеуметтік әділетсіздікке қарсы үн ретінде қабылдануы мүмкін, ал жүректегі күйініш пен ауылдың ауыр жағдайы шынайы көрініс тапқан.

3. Әдеби проза:

Қазақ прозасында «бауыр» сөзі де кеңінен қолданылады. Бауырлар арасындағы қарым-қатынас көптеген шығармаларда негізгі тақырыптардың бірі болып табылады.

Әбіш Кекілбаев шығармаларында да «бауыр» ұғымы адамның рухани жақындығы мен туыстық қарым-қатынастың тереңдігін бейнелейді. «Аңыздың ақыры»: шығармасынан үзінді: «...Шетінен бақ құмар келетін айтулы тұқымның қызы бұның қылышының астына бір тудан соң бір

ту жапырыла құлап жатқанын көріп, өсіп-өнген өз жұртынан гөрі бұған бауыр басыңқырап кетті. Теркіндерінің кейбір пыш-пышына құлақ та аспайтын болды» [4].

Бұл үзіндіде автор «бауыр басу» тіркесін қолданады. Мұндағы «бауыр» сөзі тура мағынасында емес, ауыспалы мағынада қолданылып тұр. «Бауыр басу» дегеніміз – біреуге немесе бір нәрсеге жақын болып кету, көңілін беріп, үйренісіп кету деген мағынада. Яғни, мәтіндегі кейіпкер өз туған халқынан гөрі басқа біреуге көбірек жақын сезіне бастағанын білдіреді. Шерхан Мұртаза өзінің тарихи романдарында да бауырмалдық пен халықтық бірлікті дәріптейді.

«Қызыл жебе», үзінді: «...Сондықтан да Избайшаға бауыр басып, жалқы туған тұсаққа теліген жетім қозыдай тез иіс алысып кеткен. Тұрар болса «жетім қозы тасбауыр, түңілер де отығар» дегеннің керінде еді. Ол шешеден жетім екенін анық аңғарған. Анда-санда Қалипаның қарт әкесі Мамырбай шал келгенде бауырына тығылатыны сондықтан. Нағашы атамның ауылына барам деп әкесін мазалай беретіні де тегін емес» [5]. Осы шағын үзіндіде «бауыр» сөзі 3 рет кездеседі: бауыр басу, «жетім қозы тасбауыр, түңілер де отығар», бауырына тығылу. Жазушы Тұрардың ішкі жандүниесін осы бірнеше тіркес арқылы керемет жеткізіп отыр.

Осыған сәйкес, «жетім қозы тасбауыр, түңілер де отығар» дегенде, жетімнің басында қиындық болғанымен, уақыт өте келе тағдырына бейімделіп, қайта тіршілігін жалғастырады деген түсінік бар. Бұл адам өміріне де қатысты айтылатын метафора, яғни жетім қалған адам да бастапқыда ауыр болса да, біртіндеп өз жағдайына үйреніп, өмірін жалғастырады дегенді білдіреді.

«Бауыр» сөзі қазақ әдебиетінде ерекше орын алады. Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбаев және басқа да ақын-жазушыларымыз бауырмалдық пен жақындықты өз шығармаларында терең сипаттай отырып, қазақ мәдениетінің негізгі құндылықтарын айшықтайды.

5. Тұрақты сөзтіркестер:

«Тас бауыр» деген тіркес қазақ тілінде қатігез, мейірімсіз, сезімсіз адамды сипаттайды. Мұнда «бауыр» адамның жүрегі, ішкі жан дүниесі деген мағынада қолданылса, «тас» оның қаттылығын, ешқандай мейірім, жанашырлық жоқ екенін білдіреді. Сондықтан «тас бауыр» деп мейірімсіз, жүрегі қатты адамды айтады.

Мысалы, біреудің сезімсіздік көрсеткенін көргенде: «Ол қандай тас бауыр адам!» деп айтуға болады.

«Бауырына бұру» деген тіркес қазақ тілінде жақын тарту, қамқорлық көрсету немесе біреуді өзіне жақын көру мағынасында қолданылады. Бұл сөз тіркесі көбінесе адамның біреуге ықылас танытып, жанашырлықпен қарауын немесе өзіне жақындатып, өз қамқорлығына алуын білдіреді.

Мысалы, «Анасы баласын бауырына басты» дегенде, анасының баласына деген мейірімі, қамқорлығы көрсетіледі. Ал «Ол өзінің туыстарын бауырына тартып, қолдау көрсетті» деп, біреудің жақындарына қамқор болғаны айтылады.

«Бауыр» сөзі қазақтың тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылады. Ол туыстық, жақындық, бауырмалдық ұғымдарын білдіріп, көптеген мақал-мәтелдерде, әдеби шығармаларда және күнделікті өмірде жиі қолданылады. Бауыр концептісін тану күрделі мәселе. Соның ішінде міндетті күрделі мәселенің бірі – тіл байлығы, сөз қазынасы. Халқымыздың бағы заманнан бері көне тарихын арқалап, оның барша рухани – мәдени өмірінен сыр шертіп, ұрпақтан-ұрпаққа, атадан-балаға ауысып келе жатқан асыл мұра ана тіліміздің тұла бойында әлі де талай сыр жатыр, біз үшін беймәлім жұмбақтар аз емес [6].

Бауыр сөзіне қатысты айтылған терең қазақтың тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетінен хабар беретін ауқымды мәліметтер құнды. Қазақ тілінде «бауыр» ұғымының ауқымы кең. Әсіресе, туыстық маңыздылығының бейнелі болуына көркем сөз шеберлерінің елеулі рөл атқарғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Жалпы концепт ұғымына тән қасиеттердің бәрін «бауыр» концептісінен байқаймыз. Адамның бауыр туралы жинақталған мәдени түсініктерін жай көзбен ажыратып, тану бүгінгі күн тұрғысынан алып қарағанда жеткіліксіз.

Осындай рухани құндылықтарды тәрбиенің мазмұнына арқау ету арқылы жетілген тұлғаны қалыптастыру мәселесі жаңаша көзқарасты қажет етеді. «Бауыр» туралы тұжырымдарды жан-жақты сұрыптай келе, дүние жүзі ғалымдарының ұстанымдарын басшылыққа алып этнопсихологиялық пайымын зерттеу, оның тәлімдік ерекшелігін өзге халықтардың еңбектермен салыстыра талдау арқылы нақты бағалай білу – бүгінгі күннің күрделі де, маңызды мәселелерінің бірі екеніне көз жеткіздік.

В. Гумбольдт сөзімен айтсақ: «Тілді зерттеу адамның өзін-өзі, өзіне белгілі мен беймәлімге қатынасын зерттеумен шектелгенде ғана соңғы мақсатына жетеді» [7]. Немесе Э. Бенвенист пікіріне сүйенсек: «В мире существуют только человек с языком, человек, говорящий с другим человеком, и язык, таким образом, необходимо принадлежит самому определению человека ...именно в языке и благодаря языку человек конструируется как субъект, ибо только язык придаёт реальность, которая есть свойство быть...» [8]. Әлем бейнесін тіл арқылы тану және керісінше тіл қазынасы негізінде жеке тұлғаның ой-өрісі, дүниетанымын бағдарлау.

«Бауыр» концептісі қазақ мәдениетінің маңызды бір бөлігі ретінде рухани, туыстық және адамгершілік байланыстардың тереңдігін көрсетеді. Бұл ұғым қазақ халқының өмірлік ұстанымдарын, қоғамдық құрылымын және құндылықтарын айқындайды. Қазақтың күнделікті өмірінде және тілінде «бауыр» ұғымының маңыздылығы айқын көрініп, оның болашақ ұрпаққа да жалғаса берері сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Садықова Р. Концепт және оның зерттелуі. K<https://pps.kaznu.kz/ru>
2. Жапақов С. Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері. – канд.... дисс. – Алматы, 2003.
3. Вежбицкая А. Язык. Культура и познание / А. Вежбицкая. – М.: Русские словари, 1966.
4. Шерхан Мұртаза. <https://predmet.kz/adebiet>
5. Кекілбаев Ә. Аңыздың ақыры / Ә. Кекілбаев. – А., 2019. – 21 б., 216 б.
6. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері / Ә. Қайдар. – 1998. – Б. 288.
7. Гумбольдт В. Избранные статьи по языкознанию / В. Гумбольдт. – М., 1984. – С. 119.
8. Бенвенист Э. Общая лингвистика / Э. Бенвенист. – М., 1974. – 293 с.

ҒТАХР: 03.01.07

Д. Оразқанқызы

Абай облысы Мақаншы ауданы «Қарабұта орта мектебі» КММ
тарих пәні мұғалімі

ТАРИХ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Тарих пәнін оқытудың басты міндеті – жас ұрпақты адамзаттық шынайы тарихымен таныстыру, дүниежүзілік мәдениеттің негізгі жетістіктерімен сусындату, тарихты сын көзімен талдай отырып, келешекті бағдарлайтын, шығармашылықпен жұмыс істеп, дұрыс қорытынды жасай алатын оқушыларды тәрбиелеп шығару.

Оқыту әдістерін тиімді пайдалану тарихи дамудың заңдылықтарын түсінуді жеңілдететін жол екендігін түсіну және жетілдіру қажет. Оқытудың белсенді әдістері – технологиялары туралы тоқталғанда орынды да тиімді қолданылған жағдайда оқытудың барлық әдістерінің де белсенді әдістер бола алатынын ескеруіміз қажет. Ал сол белсенді яғни оқушылардың белсенділігін арттыратын әдістерді педагогикалық технологиялар дәрежесіне жеткізу үшін, оқыту үрдісіне оқушылардың ойлау қызметін дамытатындай зерттеушілік, ізденушілік сипат беруі және оқушыларды жоспарланған нәтижеге жетуге ынтасымен қызыға кірісетіндей шығармашылық жағдайға бағыттау керек. Бұл үшін:

– тиімді әдіс арқылы ақыл-ойды ұштау, жетілдіру.

– тұлғаның өзіндік сенімділігін, жауапкершілігін арттыру жолдарын іздестіру.

Тарих сабағында сапалы білім мен қызықтыру мақсатында сабақты өз ой пікірлерін өмірмен байланыстыра отырып, әр түрлі тарихи фактілерді бүгінгі өмірмен тығыз байланыстыруда, өткен сабақпен жаңа білім арасындағы байланысты анықтауда сыни тұрғыдан ойландыратындай тапсырмалардың тиімді екенін аңғаруға болады.

Тәжірибемде оқушының өз бетінше оқу іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға көп көңіл бөлемін. Іскерлік нәтижесінде нәтижесінде іс-әрекеттің белгілі бір тәсілін саналы түрде меңгерген оқушы оны дағдыға айналдырады. Іскерліктер мен дағдылар үшке бөлінеді.

1. Оқу еңбегін ұйымдастыру және оқу әрекеті құрылымын меңгеру.
2. Кітап және оқу ақпараттарының басқа да көздерімен жұмыс жасау.
3. Білім алушылардың ауызша және жазбаша сөз мәдениетіне көңіл бөлу.

I. Ойлау мен интеллектуалдық іскерлігі. Тарихты оқу барысында оқушыларда оқу еңбегі іскерліктері, оның ішінде ойлау және интеллектуалдық қабілеттер қалыптасады. Ол қабілеттер; тарихи мәтінді талдау, негізгі ойды ерекшелеу, тарихи құбылыстар мен фактілерді салыстыру; материалды тұжырымдау және қорытынды жасау. Осы қабілеттерге ие болған оқушылар тарихи материал мазмұнын терең игере алады.

II. Арнайы тарихи материалдарды меңгеру іскерлігі. Оқушылардың тарихи фактілерді мерзімінде шоғырландыра алуы, яғни тарихи оқиғалардың ұзақтығын, реттілігін, бірмезгілдігін байланыстыра алу. Тарихи оқиғаларды кеңістікпен шоғырландыруы, картамен жұмыс істеу іскерігі қалыптасады.

III. Оқу құралдарымен, баспасөз материалдарымен, тарихи шығармалармен жұмыс істеу іскерлігін арттыру мақсатында қарапайым және күрделі жоспар құра білу. Оқулық мәтіні мен негізгі бөлімдерін анықтау. Әр түрлі тарихи және саяси тезистерді оқу негізінде конспектілер жазу. Алған білімдерді жүйелеу және логикалық реттестіру. Оқушылармен жүргізілген жүйелі жұмыстың нәтижесінде олар теориялық білімді меңгеріп, оқиғалар мен үрдістерді түсіне алатындай дәрежеге жеткізу. Тарихты оқу барысында оқушылар теориялық білімді меңгеріп, оны оқиғалар мен үрдістерді түсіну үшін қолданады.

Бұл үшін олар тарихшылдық принципін жүзеге асыруды меңгереді:

1. Тарихи құбылыстардың даму барыстарын көре алады.
2. Құбылыстар өзгерісінің себебін түсіне алады.
3. Құбылыстардың кезеңдерін және олардың даму бағытын анықтай алады.
4. Тарихи құбылысты жеке субъектілік, топтық көзқарас тұрғысынан емес, жалпы азаматтық тұрғыдан талқылай алады.

5. Тарихи үрдістер дамуының заңдылығын бақылап, анықтай алады. Жалпы, сабақ беру барысында «Тірек белгілермен жұмыс», ал қазіргі уақытта берілген тақырыпқа байланысты «Модульдік оқыту», «Сын тұрғысынан ойлау» элементтерін пайдалану. Осы технологияларды пайдалану барысында оқушыны өздігінен оқып-үйренуге, талап етілген қажетті білім алуға, алған білімді ұтымды пайдалануға, дарынды оқушыға тақырыпты одан әрі зерттеуді, ой елегінен өткізуді ұсыну. Әр сабаққа дайындалғанда мәселелерге көңіл бөлу:

1. Білім алушы қабілеті мен қасиетін қалай дамытамын?
2. Осы тақырыптың ішіндегі маңызды мәселе не?
3. Білім алушылар осы сабақта не істей алу керек?
4. Қандай қабілетін дамыту керек?
5. Бүгінгі сабақ халықтың салт дәстүрімен байланысы бар ма?

6. Бүгінгі сабақта ұлттық құндылықтарды пайдалануға бола ма? Өзім таңдап алған тақырыпта, ең әуелі осы тақырыпты не үшін өтеміз, нақты қандай мәселені көтереміз, мақсат-міндет қандай, келешекте оны қалай зерттеу қажет, т.б. сұрақтарға жауап бере отыра, оқушыларды таныстыру әр түрлі сызбалар, кестелер, көркем шығармалар көмегімен қысқаша баяндап оқушыны келесі бөлімге дайындау.

Соңғы уақытта менің өз тәжірибиеме қосқан технологиям сатылай-кешенді талдау технологиясы. Жеке тұлғаларды, мемлекеттерді, оқиғаларды, саяси экономикалық жағдайды зерттеуде бұл технология өте жақсы әсер береді.

Оқушылар сабаққа тақырыпты меңгерудің түрлі жетекші әдістерін қолдануды табиғи түрде талап етеді. Сабақтың сапалы өтіп, мақсатына жетуі мұғалім мен оқушылардың сабақ үстінде атқаратын оқу қызметіне байланысты болмақ. Бұл міндетті мұғалім өзінің алғашқы сабағынан бастап, соңғы сабағына дейін барлық оқушының қызметімен айналысса, оң нәтижесін беріп, жетістікке жету мүмкіндігі мол.

Әдебиеттер

1. Қазақ Совет энциклопедиясы. – Алматы, 1974.
2. Қазақ тарихы. № 1-3 Алматы, 2001.

3. Қазақтың көне тарихы. – Алматы, 1993.
4. Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты. – Алматы, 1992.
5. «Елтұтқа» кітап. – Б. 95-97.
6. Қозыбаев М. Ата тарихы туралы сыр. – Б. 35-36.

МРНТИ: 06.81.23

М.А. Сагимбаева, М.Г. Алимгожина

КГКП «Семейский финансово-экономический колледж имени Рымбека Байсеитова»
Республика Казахстан, г. Семей; e-mail: m.pavlova87@mail.ru; mag2805@mail.ru

ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ ЧЕРЕЗ ВНЕДРЕНИЕ АВТОРСКОЙ ПРОГРАММЫ КУРСА ПОДГОТОВКИ К ЧЕМПИОНАТУ WORLDSKILLS ПО КОМПЕТЕНЦИИ «БУХГАЛТЕРСКИЙ УЧЕТ»

В современных условиях экономики и производства одной из главных задач системы технического и профессионального образования является соответствие специалиста требованиям рынка труда и подготовка его с ожидаемыми для работодателя компетенциями. В целях повышения качества знаний по бухгалтерскому учету наш колледж присоединился к движению Word Skills и обозначил переход с традиционного обучения в более оживленный процесс с внедрением новых практических педагогических технологий.

В современных реалиях все экономические колледжи заинтересованы в поднятии имиджа экономических специальностей и миссией является выход на республиканскую и международную арену. Поэтому площадка Word Skills является одним из главных инструментов достижения поставленной цели.

Участие в региональном чемпионате дает огромные возможности повышения уровня профессиональной подготовки студентов, возможность оценить знания и навыки, увидеть реальную квалификацию и конкурентоспособность участников конкурса.

Чемпионат Word Skills имеет особенное значение среди всех конкурсов системы технического и профессионального образования. Его результаты во многом влияют на дальнейшее развитие колледжей. В будущем результаты чемпионата Word Skills будут внесены в один из показателей, влияющих на рейтинг колледжа при его финансировании.

В связи с этим возникла необходимость интеграции стандартов WorldSkills в образовательный курс с целью подготовки участников на областном уровне для дальнейшего внедрения компетенции «Бухгалтерский учет» на межрегиональный чемпионат «WorldSkills 2024».

Участники данного чемпионата должны пройти тщательную предварительную подготовку, в ходе которой осваиваются не только все необходимые практические навыки, но и основные правила проведения чемпионата.

На данном этапе чемпионат по компетенции «Бухгалтерский учет» проводится только на областном уровне и является дополнительной компетенцией. Для выхода на межрегиональный уровень необходимо получить результаты чемпионата среди колледжей по нескольким областям.

Программа данного курса поможет студентам колледжей разных областей получить достаточный объем знаний и принять участие в чемпионате на достойном уровне. Помимо этого в данном курсе раскрыта информация по условиям организации и проведения демонстрационного экзамена, ценностям World Skills, описанных в Кодексе этики, к которым относятся совершенство, разнообразие, справедливость, инновации, честность, партнерство и прозрачность.

Видение чемпионата WorldSkills – это улучшение нашего мира с помощью навыков.

Миссия чемпионата WorldSkills – повышение репутации и признание квалифицированных людей и показ, насколько важны навыки в достижении экономического и профессионального роста, личного успеха.

Позиция – создание глобального центра для совершенствования навыков и развития [1].

Целью программы является внедрение требований стандартов WorldSkills в процесс обучения студентов учетно – экономического цикла, что позволит проводить оценку знаний, умений и навыков студентов учетно – экономического направления в виде демонстрационного экзамена и значительно повысит их шансы на успех при участии в чемпионате World Skills.

Задачи программы:

1. Внедрение стандартов международного движения WorldSkills в образовательный процесс организаций технического и профессионального образования в рамках подготовки к региональному и межрегиональному чемпионатам по компетенции «Бухгалтерский учет»;
2. Повышение престижа рабочих профессий и расширение охвата молодежи техническим и профессиональным, послесредним образованием для подготовки высококвалифицированных кадров в области учета, соответствующих требованиям современного рынка труда;
3. Реализация теоретических навыков на практике через проведение демонстрационного экзамена по стандартам World Skills;
4. Создание условий для моделирования реальных ситуаций по бухгалтерскому учету в соответствии с требованиями WorldSkills Kazakhstan, связанных с будущей профессией;
5. Оказание методической и практической помощи в подготовке будущих участников чемпионата WorldSkills Kazakhstan;
6. Формирование прочных знаний, умений и навыков бухгалтеров, необходимых для становления конкурентоспособных специалистов.

1. Место программы в учебном плане.

Данная программа включена в систему дополнительного образования в виде обязательного курса для преподавателей учетных дисциплин и студентов второго и третьего курсов по специальности «Учет и аудит», являющихся потенциальными участниками чемпионата по компетенции «Бухгалтерский учет» или желающих проводить итоговую / промежуточную аттестацию в виде демонстрационного экзамена по требованиям WorldSkills [2].

Формируемые компетенции:

1. формирование четкого представления у студентов, участвующих в демонстрационных экзаменах по требованиям WorldSkills Kazakhstan в компетенции «Бухгалтерский учет», об установленных условиях и порядке его организации и проведения, понимание оценочной стратегии;
2. формирование навыков участия в демонстрационных конкурсах и устойчивого восприятия атмосферы соперничества; умение представлять результат своей работы;
2. углубление знаний, умений и навыков по профессиональному модулю: ПМ 2 «Ведение учета по участкам учетной работы». Результаты обучения:
 - РО 2.1. Вести бухгалтерский учет по участкам учетной работы (соответствует дисциплине «Бухгалтерский учет»);
 - РО 2.2. Вести бухгалтерский учет с применением прикладных программных обеспечений (соответствует дисциплине «Автоматизация бухгалтерского учета по программе 1 С: Бухгалтерия»);
 - оформление первичных бухгалтерских документов по участкам учетной работы;
 - ведение учета операций на счетах бухгалтерского учета с применением информационных технологий;
 - методы начисления налоговых и других обязательных платежей; способы перечисления обязательств;
 - методика определения результатов хозяйственной деятельности предприятия;
 - особенности формирования финансовой отчетности организаций [3].

Навыки, развиваемые у студентов в рамках программы:

- развитие профессиональных навыков будущих бухгалтеров;
- развитие лидерских качеств и способностей;
- развитие навыков публичных выступлений;
- развитие духа соперничества;
- обучение методам эффективного решения проблем;
- развитие ответственности за свой результат.
-

2. Содержание программы.

Программа построена с учетом перехода от теоретических аспектов организации и проведения демонстрационного экзамена по требованиям WorldSkills Kazakhstan к выполнению расчетов и работе в самой программе автоматизации бухгалтерского учета, знание которых необходимы для участия в чемпионате по компетенции «Бухгалтерский учет». Курс рассчитан на 50 часов:

Раздел	Краткое содержание раздела	Часы	Форма завершения
1 раздел	Знакомство с порядком организации и проведения демонстрационного экзамена по требованиям WorldSkills Kazakhstan	6	Зачет
2 раздел	Организационная работа и подготовка информационной базы	14	Демонстрационный экзамен
3 раздел	Организация процесса ведения бухгалтерского учета	14	Демонстрационный экзамен
4 раздел	Завершение отчетного периода. Формирование финансовой отчетности	12	Демонстрационный экзамен
5 раздел	Подведение итогов и работа над ошибками	4	
	Итого	50	

Практическое содержание данных разделов отражено в авторском материале «Сборник практических заданий для подготовки к чемпионату WorldSkills Kazakhstan по компетенции «Бухгалтерский учет», в котором отражены типовые задачи и упражнения, выполнение которых нарабатывает практические навыки, позволяющие проводить демонстрационный экзамен и участвовать в чемпионате WorldSkills. Авторами данного сборника являются педагоги – исследователи Алимгожина Майнур Гапаровна и Сагимбаева Мария Александровна [4].

2, 3, 4 разделы завершаются форматом Демо-экзамена, который демонстрирует готовый продукт, защита которого предполагает демонстрацию приобретенных умений и навыков работы в программе автоматизации бухгалтерского учета 1 С:Бухгалтерия.

3. Виды учебной работы:

Формат занятий имеет характер активного обучения: занятия проводятся в аудиториях с налаженной программой автоматизации 1 С Бухгалтерии с версией 8.3.

Формы проведения занятий имеют практическую направленность на повышение навыков бухгалтеров, а именно заполнение информационных баз, составление корреспонденций счетов, ведение учета по участкам учетной работы, составление бухгалтерского баланса и отчетности.

4. Технические и программные средства обучения, ИКТ ресурсы. Занятия обеспечиваются видеоресурсами, компьютерами с установленной программой автоматизации 1 С Бухгалтерия 8.3, интерактивными досками для проведения демонстрационных экзаменов, форматы практических заданий предполагают развитие информационной грамотности.

5. Формы текущего контроля. Итогом каждого занятия является формативное оценивание, к которому относится рефлексивная беседа, самооценивание, взаимооценивание. 2, 3, 4 разделы завершаются форматом Демо-экзамена, на котором студенты представляют к защите подготовленные практические задания и информационные базы [5].

6. Ожидаемый результат. В результате реализации программы дополнительного образования курса подготовки к чемпионату WorldSkills по компетенции «Бухгалтерский учет» студенты приобретают:

- четкое представление у студентов, участвующих в демонстрационных экзаменах по требованиям WorldSkills Kazakhstan в компетенции «Бухгалтерский учет», об установленных условиях и порядке его организации и проведения, понимание оценочной стратегии;

- навыки участия в демонстрационных конкурсах и устойчивого восприятия атмосферы соперничества;

- умение представлять результат своей работы;

- прочные знания, умения и навыки бухгалтеров, необходимых для становления конкурентоспособных специалистов;

- опыт участия в чемпионате WorldSkills Kazakhstan.

Авторская образовательная программа дополнительного образования курса подготовки к чемпионату WorldSkills по компетенции «Бухгалтерский учет» предполагает проведение занятий практического направления с осуществлением расчетов, составлением корреспонденций счетов, открытием и закрытием счетов бухгалтерского учета, составлением оборотно – сальдовой ведомости, бухгалтерского баланса и отражением бухгалтерского учета в программе автоматизации 1 С: Бухгалтерия 8.3.

Данные занятия направлены на приобретения знаний, умений и навыков, необходимых студентам для успешной сдачи демонстрационного экзамена, формат проведения которого предусмотрен Типовыми правилами проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся для организаций среднего, технического и профессионального, послесреднего образования. Помимо этого данный курс оказывает помощь студентам и преподавателям в процессе подготовки к чемпионату WorldSkills.

Успех программы зависит от профессионализма и уровня подготовки преподавателя как специалиста по бухгалтерскому учету, который ведет курс, умения работать в программе 1 С: Бухгалтерия 8.3 и осуществлять работу над возможными ошибками.

Необходимо ведение мониторинга внедрения программы курса подготовки к чемпионату WorldSkills по компетенции «Бухгалтерский учет» и постоянный анализ обратной связи и рефлексии от студентов данного курса, при необходимости, своевременная коррекция программы и ресурсов.

В конце учебного года необходимо:

- проведение малого педсовета по внедрению и реализации программы;
- осуществление детального анализа, выявление сильных и слабых сторон для корректировки программы (при необходимости);
- определение приоритетов развития на следующий учебный год;
- составляются рекомендации для преподавателей – практиков бухгалтерского учета.

Литература

1. Кодекс этики и поведения WorldSkills International.
2. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 18 марта 2008 года № 125 «Об утверждении Типовых правил проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся для организаций среднего, технического и профессионального, послесреднего образования».
3. Реестр образовательных программ НАО «ТАЛАП», образовательная программа по специальности 04110100 «Учет и аудит», квалификации 3W04110101 «Бухгалтер-кассир» Сайт <https://talap.edu.kz>.
4. Сборник практических заданий для подготовки к чемпионату WorldSkills Kazakhstan по компетенции «Бухгалтерский учет».
5. Методические рекомендации по организации и проведению демонстрационного экзамена по требованиям World Skills.

ҒТАХР: 03.01.07

А.Б. Садырбаева

Абай облысы Мақаншы ауданы «Қарабұта орта мектебі» КММ
география-тарих пәні мұғалімі

ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЕГІЗІНДЕ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тарихты оқытудың маңызды міндеттерінің бірі – оқушыларға өткеннің тарихи бейнесінің бөлшектенуін жеңуге көмектесу, тарихи процесті панорамалық түрде, оның тұтастығы мен алуан түрлілігімен көре алу үшін жағдай жасау. Бұл мәселелерді шешуге сабақтарда пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға көмектеседі. Пәнаралық байланыс бойынша қосымша ақпарат сабақты шамадан тыс жүктемеуі және тарих бойынша оқу материалының мазмұнынан көңілдерін басқаға аудармайтындай болу керек.

Тарих-әдебиет. Қоғамда болып жатқан тарихи оқиғалар мен процестер көбінесе көркем шығармаларда көрініс табады. Сондықтан сабақта тарихи құжаттар, көркем шығармалардан үзінділер талданады, оларды тарих оқулықтарындағы тиісті сипаттамалармен және бағалаумен салыстыру жүргізіледі. Сабақта қолданылатын көркем әдебиеттер оқу материалын нақтылауға және оқушылардың тарихи идеяларының ажырамас бөлігі болып табылатын өткеннің жарқын бейнелерін қалыптастыруға көмектеседі. Көркем кітап оқушылардың назарын аударуға көмектеседі, пәнге деген қызығушылықтың дамуына ықпал етеді. Көркем әдебиет шығармаларында әдетте оқулықтарда жоқ – дәуірдің атмосферасы мен түсі, өмірдің нақты сипаттамалары мен элементтері, жарқын фактілер мен өткен адамдардың сыртқы келбетін сипаттау – сияқты белгілі бір материалды табамыз. Көркем әдебиет тарихтың ғылыми материалын суреттейді, оның көркем тақырыптарына түсініктеме береді, түсінуді тереңдетеді, өмір құбылыстарына қызығушылық тудырады, эмоционалды тәжірибе тудырады. Тарих сабағындағы көркем әдебиеттің орны және оны таңдау принциптері. Тарих сабақтарына арналған көркем әдебиетті таңдау кезінде екі аспектіні ескеру қажет: Біріншіден, материалдың танымдық-тәрбиелік құндылығы (яғни тарихи құбылыстардың шынайы баяндалуы). Екіншіден, оның жоғары көркемдік құндылығы.

Тарих сабақтарында қолданылатын көркем әдебиеттерден үзінділер мыналарды қамтуы керек:

- 1) мектеп бағдарламасында зерделенуі көзделген тарихи оқиғалардың жанды бейнесі;
- 2) тарихи қайраткерлердің бейнелері және халық бұқарасының бейнесі;

Тарих-География. Қазіргі қоғамның тарихы күрделі және алуан түрлі, бұл әртүрлілік аймақтың географиялық жағдайына, табиғи жағдайларына және әлеуметтік құрылымына байланысты. Шын мәнінде, география және тарих курсына әр пәннің ерекшелігін ескере отырып, бірдей процестер зерттеледі. Тарих және география курстарының пәнаралық байланыстарының әлеуетін пайдалану білім алушылардың әлемнің кеңістіктік ұйымдастырылу заңдылықтары, дамудың әртүрлі кезеңдеріндегі елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы білімдерін кеңейтеді, статистикалық, кестелік, картографиялық материалдармен жұмыс істей білуін бекітеді. Мысалы, дүниежүзілік тарих бойынша 10-11-сыныптарда өркениеттердің, экономикалық жүйелердің қалыптасу ерекшеліктері туралы мәселе зерделенеді, онда табиғи-географиялық фактордың әсері (климат, толып жатқан көптеген өзендер, әлемдік теңіз және мұхит жолдарынан қашықтығы, шекаралардың ашықтығы, Еуропа мен Азияда орналасуы және т.б.) ескеріледі. Соғыстарды зерттеу кезінде картографиялық материалға сүйену қажет.

Тарих-Биология. Тарих пәнінің мұғалімі үшін биологиямен байланысты кейбір фактілер пайдалы және қызықты болуы мүмкін. Бірақ бұл жерде биологиялық фактілер тарихи аспектіде қарастырылады. Мысалы, адамның пайда болуы мен адам эволюциясы теориялары. Тарихи уақыт ішінде, соңғы ғасырлар мен мыңжылдықтарда табиғатта болған өзгерістер "назардан тыс қалады". Мектеп тарихының курсы тек адамзат қоғамының дамуын зерттеп, табиғатта болып жатқан өзгерістерді қарастырмайды. Ал мұндай өзгерістер туралы ақпарат, біздің өркениетіміздің дамуы туралы неғұрлым дұрыс түсінік қалыптастыруға, адамзат пен табиғат арасындағы күрделі қарым-қатынасты түсінуге, экологиялық ойлауды қалыптастыруға ықпал етеді. Әр түрлі сыныптарда әртүрлі тақырыптар қозғалуы мүмкін – тарих және биология сабақтарында тақырыпқа сәйкес. Мұнда ежелгі әлем тарихын қосымша материал ретінде зерттеуде қолдануға болатын бірнеше қызықты фактілердің мысалдары келтірілген. Мысалы, біздің дәуірімізге дейін Испания, Греция, Италия, Қытай аумақтары ормандармен жамылған. Еуропаның оңтүстігінде бұл негізінен бук-емен, липа ормандары болды. Біздің дәуіріміздің басында олар кесіліп, бұталармен алмастырылды. Римдік жаулап алушылардың жорықтары Еуропаның орталығында Германияда, Францияда орман кесуге ықпал етті. Мұнда ормандар мал жайылатын шалғындарға ауыстырылды. Африканың солтүстігінде, Ливанда жуандығы 7 м жететін Ливан балқарағайының қоры жойылды. Ливан балқарағайы Библияда суреттелген, одан аты аңызға айналған Сүлеймен патшаның сарайы салынған; храмдар балқарағайдан салынды, кемелер жасалды. Осы ағаштан жасалған мысырлық перғауын Тутанхамонның саркофагының егжей-тегжейлері 3200 жылдан кейін жақсы сақталған. Папирус қағазын шығару үшін материал ретінде пайдалану ливан балқарағайының қорларын жойды және біздің дәуіріміздің басында Египеттің үлкен аумағында олар сирек болды. Қазір Ливан

балқарағайы Сирия мен Ливанның бірнеше жерінде өте аз мөлшерде қалды және қатаң қорғауға алынды.

Ежелгі әлемнің тарихы мәдени өсімдіктердің таралуымен де байланысты. Олардың көпшілігі олар пайда болған жерлерге жақын жерде өсірілді. Ең ежелгі мәдениеттер бірнеше мыңжылдықтарда кездеседі: бидай-Египетте, күріш-Қытайда, арпа Месопотамияда, бұршақ, қызылша – Еуропада, шалғам – Еуропа мен Қытайда, қырыққабат – Жерорта теңізінде, қияр – Үндістанда. Әскери жорықтар өсімдіктердің жаңа сорттарының таралуына ықпал етті. Сонымен, Александр Македонскийдің жорықтарының арқасында еуропалықтар банандармен танысты. Кіші Азиядағы Понтий патшасы Митридатқа қарсы жорықтардан шыққан римдік қолбасшы Лукулл Римге шиі әкелді. Ассирия патшасы Тигратпалассар, Саргон өздерінің жорықтарынан ағаш тұқымдарын, атап айтқанда Кіші Азияда тарала бастаған балқарағай тұқымдарын әкелді. Мәдениетте қасиетті өсімдіктер де үлкен рөл атқарды: Үндістан мен Қытайдағы лотос, Мысырдағы мысырлық лотос. Ежелгі Грецияда храмдарда емен және лавр тоғайлары қасиетті деп жарияланды. Діни нанымдардан батырларды лавр жапырақтарынан жасалған гүл шоқтарымен марапаттау дәстүрі пайда болды. Кейінірек Римде раушандар танымал болды, олардан гүл шоқтары мен гирляндалар жасалды. Букет орта ғасырларда пайда болды. Сәндік өсімдіктер ретінде раушандар Мысырда, ал лалагүлдер Персияда да танымал болды.

Тарих-информатика. Оқу процесін ақпараттандыруда ПӘН бойынша сабақтарда ақпараттық технологияларды қолдана отырып пәнаралық байланыстарды қамтамасыз ету маңызды. Сабақта ақпараттық технологияларды қолдану үшін мұғалім мен оқушылар АКТ құзыреттіліктеріне ие болуы керек.

Әдебиеттер

1. Дробышева О.В. Межпредметные связи на уроках истории и обществознания как способ формирования широкого научно-гуманитарного мировоззрения // <https://infourok.ru/mezhpredmetnie-svyazi-na-urokah-istorii-iobschestvoznaniya-1309939.htm>

ҒТАХР: 14.35.09

Н.У. Сарина, М. Жаныбекқызы, Ж.О. Кажыбаева

«№ 38 жалпы орта білім беру мектеп» КММ

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 47 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Қазақстан Республикасы, Семей қ, Павлодар қ.; e-mail: asreova_saruna@mail.ru

ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің негізгі міндеті – оқушыларды тек біліммен қаруландырып қана қоймай, оларды өмірде қолдана білуге үйрету. Бұл тұрғыда функционалдық сауаттылық ұғымы білім беру саласында ерекше маңызды орын алады. Функционалдық сауаттылық-бұл жеке тұлғаның алған білімдерін күнделікті өмірде, кәсіби қызметте тиімді пайдалану қабілеті. Бүгінгі күні әлемде жаһандану, технологиялық өзгерістер мен ақпараттық қоғамның дамуына байланысты, оқушылардан тек академиялық білім ғана емес, сонымен қатар нақты өмірлік жағдайларда шешім қабылдай алу қабілеттері талап етіледі. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мектеп қабырғасынан басталады, себебі мектеп оқушыларына олардың өмірлік дағдыларын, әлеуметтік және эмоционалдық интеллектісін дамытуға жағдай жасайтын әдіс-тәсілдер қажет. Бұл мақалада функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тиімді әдістер мен тәсілдер қарастырылады, олардың ішінде проблемалық оқыту, жобалық жұмыс және топтық оқыту сияқты заманауи педагогикалық технологиялардың рөлі ерекше.

Функционалдық сауаттылықтың түрлері

Математикалық сауаттылық дегеніміз – адамның сандық мәліметтерді түсініп, оларды күнделікті өмірде қолдана білуі. Бұл тек арифметикалық есептерді шығара білу емес, сонымен қатар

проблемаларды математикалық әдістер арқылы шешу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Мысалы, бюджетті жоспарлау, пайыздарды есептеу, диаграммалар мен графиктерді түсіну [1, 10].

Ғылыми сауаттылық адамның табиғаттағы және қоғамдағы құбылыстарды түсініп, ғылыми әдістер арқылы оларды зерттеу қабілетін қамтиды. Оқушылар ғылыми фактілерді білу ғана емес, ғылыми ойлау тәсілдерін меңгеріп, зерттеулерді өз бетімен жүргізе алуға үйренуі керек. Ғылыми сауаттылық қоршаған ортаға саналы көзқарас қалыптастырып, экология, денсаулық сақтау және жаңа технологиялар салаларында шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Ақпараттық сауаттылық қазіргі заманда аса маңызды болып табылады. Бұл адамның ақпаратты іздеу, талдау, бағалау және оны тиімді пайдалану қабілеті. Ақпараттық сауаттылық цифрлық ортада жұмыс істей алу, интернет ресурстарын дұрыс пайдалану, жалған және шынайы ақпаратты ажырату дағдыларын қамтиды.

Қаржылық сауаттылық – адамның қаржылық шешімдер қабылдау қабілеті және өзінің қаржы құралдарын тиімді басқаруы. Оған ақша жинау, инвестициялау, қаржылық тәуекелдерді басқару, несие алу және бюджетті жоспарлау кіреді. Қаржылық сауаттылық жастарға экономикалық жағдайларды дұрыс түсініп, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге көмектеседі [2, 7].

Оқылым және жазылым сауаттылығы – адамның мәтіндерді түсіну, жазу және өз ойын нақты жеткізе білу қабілеті. Бұл сауаттылық түрі оқушылардың әртүрлі ақпарат көздерінен мағлұмат алуын, оны сараптай білуін және өз ойын жазбаша түрде сауатты жеткізуін қамтамасыз етеді. Оқылым және жазылым сауаттылығы ақпаратпен жұмыс істеу, оны дұрыс түсіну және бөлісу дағдыларын дамытуға негіз болады.

Проблемалық оқыту – оқушыларға нақты өмірлік мәселелерді шешуге бағытталған тапсырмалар беру арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту әдісі. Бұл әдіс оқушыларды аналитикалық ойлауға, мәселені шешу жолдарын іздеуге, деректерді саралауға және сол мәліметтер негізінде дұрыс шешім қабылдауға үйретеді. Проблемалық оқытуда оқушы белсенді түрде мәселені зерттеп, өз көзқарасын қалыптастырады, бұл функционалдық сауаттылықтың дамуына үлкен ықпал етеді [3, 11].

Белсенді оқыту оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамытудың тиімді құралы болып табылады. Бұл әдіске дискуссиялар, пікірталастар, рөлдік ойындар, кейс-стади әдістері жатады. Белсенді оқыту барысында оқушылар бір-бірімен байланыс орнатып, өз ойларын жеткізеді, өзара талқылайды және шешім қабылдайды. Мұндай әдістер функционалдық сауаттылықты дамытуға, ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Топтық жұмыс әдісі оқушылардың ынтымақтастық дағдыларын, қарым-қатынас жасау қабілеттерін және ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Топтық тапсырмалар арқылы оқушылар өзара тәжірибе алмасып, күрделі мәселелерді шешуге бірігіп атсалысады. Бұл әдіс функционалдық сауаттылықты, әсіресе, ақпараттық және қаржылық сауаттылықты дамытуда маңызды рөл атқарады.

Оқу барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда бағалаудың рөлі маңызды. Критериалды бағалау арқылы оқушылар өз жетістіктерін және қай бағытта жұмыс істеу керектігін анықтай алады [4, 12]. Рефлексиялық талдау арқылы оқушы өз әрекеттеріне сын көзбен қарап, алған білімдерін өмірде қалай қолданатынын түсінеді. Бұл әдіс оқу үдерісін жетілдіріп, оқушылардың оқу нәтижелерін жақсартады.

Цифрлық платформалар функционалдық сауаттылықты дамытуда маңызды рөл атқарады. Оқушылар осы платформалар арқылы оқу материалдарына қол жеткізе алады, тапсырмаларды орындайды және кері байланыс алады. Мұндай платформаларда интерактивті тапсырмалар, викториналар, бейнематериалдар және басқа да құралдар арқылы оқу үдерісі оңай әрі қызықты болады. Мысалы, Google Classroom, Khan Academy, Coursera секілді платформалар функционалдық сауаттылықты арттыруға ықпал етеді.

Мобильді және веб-қосымшалар білім алуды жеңілдетіп, оны интерактивті етеді. Олар оқушылардың оқудағы белсенділігін арттырып, оқу материалын түсінуді жеңілдетеді. Мысалы, «Duolingo» тіл үйрену үшін, «Photomath» математикалық есептерді шешу үшін қолданылады. Мұндай қосымшалар оқушылардың өзіндік оқу дағдыларын жетілдіріп, олардың оқу үрдісіне жауапкершілікпен қарауын ынталандырады.

Виртуалды (VR) және толықтырылған шындық (AR) технологиялары оқушыларға оқу материалдарын визуалды түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл технологиялар арқылы оқушылар күрделі тақырыптарды тереңірек түсініп, шынайы тәжірибе жинақтайды. Мысалы, VR арқылы оқушылар ғылыми зертханаларда тәжірибелер жасай алады немесе тарихи оқиғаларды қайта зерттей алады. AR көмегімен физикалық әлемге цифрлық элементтер енгізіп, оқушылардың білімін тереңдетуге болады.

Робототехника мен бағдарламалау сабақтары оқушылардың аналитикалық және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытып, оларды проблемаларды шешуге үйретеді. Осы технологиялар оқушыларға шынайы өмірдегі техникалық міндеттерді орындауға көмектеседі. Мысалы, роботтарды құрастыру және бағдарламалау арқылы оқушылар математикалық және ғылыми сауаттылықтарын жетілдіріп, жаңа технологияларға бейімделуді үйренеді.

Функционалдық сауаттылықты дамытуда автоматтандырылған бағалау жүйелері тиімді құрал болып табылады. Онлайн тесттер мен емтихандық платформалар оқушылардың білім деңгейін бағалауға және сол білімді өмірде қолдану қабілетін тексеруге мүмкіндік береді. Мұндай жүйелер оқушының қателіктерін талдауға және нақты қай салада дамуды қажет ететінін анықтауға мүмкіндік береді.

Электронды оқулықтар, бейне сабақтар, инфографикалар және басқа да мультимедиялық материалдар оқушылардың әртүрлі форматтағы ақпаратты игеруіне ықпал етеді. Олар оқу материалын оңай түсініп, визуалды түрде көріп, тыңдап, интерактивті түрде меңгеру мүмкіндігіне ие болады. Мультимедиялық ресурстар оқушылардың ақпаратты қабылдауына және оны қолдануға оң әсерін тигізеді.

Функционалдық сауаттылықты бағалау оқу үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады, өйткені ол оқушылардың білімді өмірде қолдану қабілеттерін, ойлау дағдыларын және практикалық әрекеттерін тексеруге мүмкіндік береді. Оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін анықтау үшін бірнеше бағалау әдістері мен критерийлері қолданылады.

Топтық жұмыс кезінде оқушының басқа оқушылармен қарым-қатынас жасау және ынтымақтастық орнату қабілеттері бағаланады.

Оқушының өзінің жұмысын саралап, жетістіктері мен қателіктерін түсіну қабілеті де бағалау барысында ескеріледі [5, 9].

Функционалдық сауаттылықты бағалау үшін қолданылатын негізгі әдістер:

а) Практикалық тапсырмалар – оқушыларға нақты өмірлік жағдайларға негізделген тапсырмалар беріледі. Бұл тапсырмалар оқушылардың шынайы өмірде кездесетін проблемаларды шешуге қаншалықты дайын екенін бағалауға мүмкіндік береді. Мысалы, математикалық сауаттылықты бағалау үшін оқушыларға бюджетті жоспарлау тапсырмасы берілуі мүмкін.

В) Жобалық жұмыс – оқушылардың зерттеу және практикалық дағдыларын тексеруге арналған тиімді әдіс. Оқушылар жеке немесе топпен бір жоба аясында жұмыс істеп, өздерінің білімдерін қолдану қабілетін көрсетеді. Жобалық жұмысты қорғау барысында оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейі бағаланады.

с) Кейс-стади (Case-study): Бұл әдіс нақты өмірден алынған проблемалық жағдайларды қарастырып, оларды шешуді талап етеді. Кейс-стади тапсырмалары арқылы оқушылардың мәселені түсінуі, оны шешу жолдарын ұсынуы және өз көзқарастарын қорғау қабілеті тексеріледі. Бұл әдіс сыни ойлау мен талдау қабілеттерін бағалауға бағытталған.

д) Тест тапсырмалары: Тест тапсырмалары функционалдық сауаттылықты бағалаудың дәстүрлі әдістерінің бірі болып табылады. Мұнда оқушыларға көпнұсқалы сұрақтар, сәйкестендіру тапсырмалары және ашық сұрақтар беріледі. Бұл әдіс оқушылардың білімдерін жүйелеуге және оны қолдану қабілетін тексеруге мүмкіндік береді.

е) Өзіндік бағалау және рефлексия: Оқушылар өздерінің оқу жетістіктерін өз бетімен бағалап, талдау жасайды. Өзіндік бағалау арқылы оқушылар өздерінің білім деңгейін анықтап, жетілдіру қажет аймақтарды түсіне алады. Рефлексия арқылы олар оқу үдерісіндегі өз жетістіктері мен қиындықтарын түсініп, оларды қалай жақсарту керектігі жөнінде қорытынды жасайды.

Бағалау нәтижелері функционалдық сауаттылықты жетілдіру мақсатында бірнеше бағытта қолданылады: Бағалау нәтижелері мұғалімдерге оқушылардың қандай дағдыларды жақсарту қажет екенін көрсетеді, сол арқылы оқыту әдістерін реттеп, тиімді оқыту бағдарламаларын құрастыруға

мүмкіндік береді. Оқушылардың дамуын бақылау: Бағалау нәтижелері арқылы оқушылардың оқу барысында қалай дамып жатқаны анықталады. Бұл нәтижелер оқушылардың жеке даму картасын жасауға және әр оқушыға жеке оқу траекториясын құруға мүмкіндік береді [6, 47].

Сонымен қатар, функционалдық сауаттылықты бағалау жүйесі оқушылардың оқу жетістіктерін нақтылап, білім беру үдерісін жетілдіруге бағытталған кері байланыс береді. Осылайша, оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру арқылы оқушылардың тек академиялық жетістіктері ғана емес, өмірлік дағдылары да дамиды. Функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған әдістерді дұрыс қолдану оқушылардың заманауи қоғамда өз орындарын табуға, бәсекеге қабілетті болуға және өмірде өз білімдерін қолдана алуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Қазақстандағы функционалдық сауаттылықты дамыту стратегиясы. – Астана: ҚР БҒМ баспасы, 2017.
2. Қосанов Ж. Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың әдіс-тәсілдері / Ж. Қосанов. – Алматы: Білім баспасы, 2018.
3. Тлеуова А. Қазіргі білім беру жүйесіндегі функционалдық сауаттылық. Оқу үдерісіндегі инновациялық технологиялар мен әдістемелер / А. Тлеуова. – Алматы: Ғылым баспасы, 2020.
4. Қазақ педагогикасы және психология институты. Функционалдық сауаттылықты дамытудағы заманауи технологиялар. – Астана: Ұлттық білім беру академиясы, 2019.
5. Ильина Т. Функционалдық сауаттылық: теориясы және тәжірибесі / Т. Ильина // Ресей педагогикалық журналы. – 2015. – № 3(4). – Р. 112-118.
6. Жанабилова Қ. Оқу үдерісіндегі жобалық оқытудың рөлі / Қ. Жанабилова, // Білім журналы. – 2021. – № 5(6). – Б. 45-49.
7. Гаврилова, Т.В. Геймификация және оның функционалдық сауаттылықты дамытудағы маңызы. – Мәскеу: Білім технологиялары баспасы, 2019.

ҒТАХР: 77.29.19

Р.Р. Сейтқанов

Абай облысы Мақаншы ауданы «Қарабұта орта мектебі» КММ
дене шынықтыру пәні мұғалімі

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫС ИКЕМДІЛІГІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Дене тәрбиесі – жеке тұлғаны жан-жақты және үйлесімді дамытуға, оның денсаулығын нығайтуға бағытталған қоғам мен адамның жалпы мәдениетінің бір бөлігі.

Дене тәрбиесі жүйесі қоғамдағы экономика, саясат, ғылым және мәдениет саласындағы жүйелермен тығыз байланыста дамиды. Қоғамдық қатынастардың көрінісінің бір сферасы есебінде ол сол жүйедегі жүріп жатқан өзгерістер әсерімен эволюциялық тұрғыдан дамып, өседі. Өзінің арнайы функциясын жүзеге асыра отырып, дене тәрбиесінің жүйесі адамдардың қозғалыс белсенділігінің қажеттілігін қамтамасыз етуге, сол арқылы денесінің жетілуін және денсаулықтың жоғары деңгейге жетуін қамтамасыз етуге толық қабілетті.

Тәрбиелік-педагогикалық қызметін жүзеге асыра отырып, дене тәрбиесі адамгершілік, эстетикалық, еңбек, мәдени даму міндеттерін шешуге мүмкіндігі бар.

Дене шынықтыру сабағы кезінде оқушының ішкі позициялық көзқарасы мен бағыты айқын көрініс бере алады. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып, білім сапасы артады. Осы бағыттарда әрбір мұғалімнің оқытуға, үйретуге өз тұғырнамасы болуы қажет. Әр оқушының білім деңгейін, қабілетін, мүмкіншілігін түсіну, оның бойындағы жетістіктері мен кемшіліктерін қабылдау, қиындықтарды жеңуге, кемшіліктерден арылуға көмектесу.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған

сабаққа байланысты. Сондықтан, пәнге қызығушылықтарын арттыру мақсатында тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады.

Мұғалім сабақты тартымды етіп өткізу үшін теория мен практиканы ұштастырып, жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігіне баса назар аудару қажет. Оқушылар қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды да, оларды міндетті түрде орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады. Осылай ойын элементтерін, әдістерін деңгейлеп орындату арқылы оқушылардың тапсырмаларды орындауда жинаған ұпайларын «даму мониторингі» кестесін белгілей отырып, оқушы біліміне талдау жасап отыру қажет. Өтетін тақырыптарға байланысты қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ барысының сапасын арттыруға ықпалы көп.

Дене шынықтыру пәнінде жаңа инновациялық технологияларды қолданудың орны орасан болары хақ. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге сыныптан тыс спорттық шаралардың да маңызы зор. Соның ішінде қазақтың ұлттық ойындары мен қозғалмалы ойындарын, әртүрлі жарыс түрлерін өткізіп отыру керек. Осы жұмыстарды жүргізуде оқушылардың белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады.

Оқушылардың танымдық қабілеттерін арттырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, оқу тоқсандарында жоғары сапаға қол жеткізуге болады.

табиғи педагогикалық эксперимент барысында әзірленген және тексерілген әдістеме ұсынылады. Бұл әдістеме балалармен тәрбие жұмысының келесі негізгі кезеңдерін қамтиды.

1. Оқу-танымдық мотивтерді қалыптастыру:

а) оқушыларға қажетті теориялық білім беру мақсатында әңгімелесу;

ә) мұғалімнің көмегімен балалардың жалпы қозғалыс қабілеттерін бөлу: жылдамдық, жылдамдық-күш, күш және төзімділік. Бұл қимыл-қозғалыс әрекеттерін оқытудың негізін және қозғалыстың белгілі бір түрлерін үйретудің алғы шарттарын жасайды;

в) балалардың әрбір қозғалыс түрінің шығу тегін зерттеуі;

г) осы қимылдарды жетілдіру мақсатында ойын түрінде қайталау (осылайша оқушылардың оқытылатын қозғалыс әрекеттеріне қызығушылығы дамиды).

2. Оқыту әрекеттері мен операциялары арқылы қимыл-қозғалыс әрекеттерін меңгерудің тәрбиелік міндетін бекіту және шешу:

а) оқу тапсырмасын шешудің ең басында оқушылар нақты-практикалық қозғалыс тапсырмаларының тұтас класын шешу принципін ашады (бұл принцип күш пен қозғалыстың өзара байланысынан тұрады);

б) қозғалыстардың жалпы биомеханикалық негіздері туралы білімдерін қалыптастыру;

в) қозғалыстың белгілі бір түрін графикалық түрде модельдеу арқылы техникасын жетілдіру (қолдар мен аяқтардың қозғалыстарының графигі-схемаларын қолдану);

г) қимылдарды дамыту кезінде мұғалімнің оқушыларды бақылауы және ұжымдағы қозғалыстарды бақылау (оқушылар бір-бірінің қимылдарының дұрыстығын бақылайды, салыстырады).

Оқытуда сараланған тәсілді дұрыс ұйымдастыру нәтижесінде келесідей өседі: дене шынықтыру сабағына оң мотивация; оқу процесінің тиімділігі; оқушылардың сабақтағы шығармашылық белсенділігі, нәтижеге жету тәсілі ретінде балалардың қозғалыс техникасын үйренуге деген қызығушылығы.

Әдебиеттер

1. Методика физического воспитания школьников. – Москва «Просвещение», 1989.
2. Қасымбекова С. Дене тәрбиесі әдістемелік құрал.
3. Мырза Д. Мектептегі дене тәрбиесі / Д. Мырза. – Алматы: «Атамұра», 2002.
4. Спорттық ойындар. – Алматы, 2011 ж.

А.С. Сейілханова, А.Б. Мухамедиева, А.Б. Сергазинова
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

Қазақстан, Семей қ.; e-mail: seilhanova19@bk.ru; injuerke@mail.ru; asel.b@mail.ru

БІЛІМ БЕРУ ТҰРҒЫСЫНАН ЖАСТАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТӘРТІБІ МӘСЕЛЕЛЕРІНДЕ БІЛІМ БЕРУШІНІҢ РӨЛІ

Қазіргі уақытта тілде антропоцентрилік бағыттың жандана түсуіне байланысты, лингвистиканың және Қазақстан Республикасының бүкіл білім беру кеңістігінің өзекті мәселесі – әлемге өзіндік көзқарасы бар, сөйлеу вербалды емес әрекеттерді орындау қабілетімен жастардың тілдік тұлғасын жан-жақты талдау мәселесі.

Тіл білімінің қазіргі даму кезеңінде «лингвистикалық тұлға» ұғымы белсенді түрде қолданылады, оның көмегімен сөздің кең мағынасында коммуникатордың сөйлеу әрекетіне «өткен» әлеуметтік, этикалық және психикалық компоненттерді қамтитын жеке тұлғаны бейнелеу түрі түсініледі [1]. Бұл ұғымда тілдік тұлға ұғымы жеке және тілдік процестерді біріктіреді, сондай-ақ коммуникативтік ниеттен бастап мәтінге дейінгі сөйлеу қызметінің негізгі кезеңдерін қамтиды.

Қазіргі тілдік тұлғаның сөйлеу портретіне, тіл тасымалдаушысының лексиконына назар аудару біздің замандасымыздың әлем бейнесін, оның қоршаған ақиқатты қабылдау, келіп түсетін ақпараттың барлық алуан түрлілігін қайта өңдеу қабілетіне негізделген.

Ю.Н. Қарауылов тілдік тұлғаның құрылымын сипаттады, ол "үш деңгейден тұрады: 1) вербалды-семантикалық, тасымалдаушы үшін табиғи тілді қалыпты меңгеруді болжайтын, ал зерттеуші үшін – белгілі бір мәндерді білдірудің формальды құралдарының дәстүрлі сипаттамасы; 2) когнитивті, оның бірліктері құндылықтардың иерархиясын көрсететін, әрбір тілдік дербестікте қалыптасқан ұғымдар, идеялар, тұжырымдамалар болып табылады. Тілдік тұлға құрылымының когнитивтік деңгейі мен оны талдаудың мәнін кеңейтуді және білімге көшуді болжайды, яғни зерттеушіге тіл арқылы, сөйлеу және түсіну процестері арқылы – білімге, санаға адамды тану процестеріне шығу бере отырып, тұлғаның зияткерлік саласын қамтиды; 3) мақсаттарды, уәждерді, мүдделерді, ұстанымдарды және интенционалдықты қамтитын прагматикалық. Бұл деңгей тілдік 320 тұлғаны талдауда заңды және оның сөйлеу қызметін бағалаудан әлемдегі нақты қызметті ұғынуға көшуді қамтамасыз етеді [2, 5].

Тілдік тұлға өз ниеттеріне, ниеттеріне сәйкес қандай да бір ауызша және жазбаша сөйлеу шығармаларын жасай алады, жазбаша дереккөздерден ақпарат ала алады, басқа коммуниканнның сөйлеу қызметіне жеткілікті түрде барабар қабылдай алады және жауап бере алады.

В.И. Карасик оқыту міндеттерін ескере отырып, коммуниканттардың сөйлеу қызметінің бес аспектісін бөледі: 1) тілдік қабілеті тілдік қарым-қатынас жүргізуді үйренудің органикалық мүмкіндігі ретінде; 2) коммуникативтік қажеттілік, яғни атаулылық, коммуникативтік жағдайларға, қарым-қатынас қатысушыларына, тілдік ұжымға, мәдениет тасымалдаушыларға бағыттылық; 3) коммуникативтік құзыреттілік мақсатқа, құзыреттілікке оңтайлы қол жеткізу үшін оның әр түрлі тіркелімдерінде қарым-қатынасты жүзеге асырудың қалыптасқан іскерлігі ретінде адам меңгереді, ал адамның тілдік; 4) тілдік сана-белсенді вербалды сыртқы әлемнің ішкі әлеміндегі көрінісі; 5) тілдік мінез-құлық адамның өмір сүру сипаты мен салтын ашатын іс-әрекеттердің саналы және танылмаған жүйесі ретінде [3].

В.Г. Костомаров атап өткендей, «тілдік дәм» ұғымының маңыздылығы да арта түседі, ол қазіргі замандастардың сөйлеу мінез-құлқындағы ерекше өзгерістерді және Ресейдегі жаһандық әлеуметтік өзгерістерге тән тілдік артықшылық береді [4].

Тілдік тұлғаның көптеген сипаттамаларының көптігі, көп түрлілігі күрделі әлеуметтік – мәдени феноменде-қазіргі тілдік ахуалда анықталады. Қазіргі замандастардың сөйлеу мінез-құлқын пайдаланудың негізгі үш тобы анықтайды: 1) әдеби нормаға жауап беретін; 2) Жеке және әлеуметтік-жас шамасы кездейсоқ, бір реттік сипаттағы; 3) нормаланбаған және сонымен бірге сөйлеуде бекітілген, кейде әлеуметтік-кәсіптік тиістілік белгісі бар кең таралған.

Жастардың қазіргі сөзінде Өзін-өзі жүзеге асыру әрекеттері, тілге деген шығармашылық қарым-қатынас қырынан немесе тіпті шектен тыс жүзеге асырылады. Лексикалық деңгейде тілдік бірліктерді орынсыз, дұрыс емес немесе тиімсіз пайдаланудан туындаған коммуникативтік сәтсіздіктер лексикалық жүйе бірліктері (синтагматикалық, парадигматикалық, ассоциативті-деривациялық) сөз параметрлері болып табылатын дәстүрлі лексикалық қателер түрінде де, коммуникативтік іркілістер түрінде де көрінеді. Қазіргі орыс тілінде нақты лексикалық қателерді және адресаттың коммуникативтік ыңғайсыздық сезімін тудыратын сәтсіз лексикалық немесе стилистикалық таңдауды және өзінің Коммуникативтік салдары бойынша одан да немесе одан да аз табысты тілдік ойындарды байқауға болады.

Жастар үшін лексикалық құралдарды, атап айтқанда паронимдер мен паронимдерді, агнонимдерді, сөз тіркестерінің омонимдерін, шет тілдерін жетік меңгермейтін «қауіп аймақтары» деп қарастыруға болады. Дәл осындай құралдарды қолдану оқушының қажетті лингвистикалық және мәдени құзыреттілікке ие болуын, сөйлеуді бақылау механизмін қамтитындығын білдіреді. Егер студент немесе студент тілдік құралдарды «таңдау аймағы» деңгейінде тікелей қолданатын болса, онда «таңдау аймағы» үшін лексикалық құралдар қолданылатынын ескеріңіз. синонимдерді, сөз нұсқаларын, гипонимдерді қолданған кезде, сол лексикалық-семантикалық топтың мүшелері әрқашан сөйлеу артықшылықтарын білдіруге, сөйлеу барысында тұлғалық параметрлерін көрсетуге мүмкіндік береді (жас, жыныс, мамандық, әлеуметтік мәртебе және т.б.). Дәл осы деңгейде студент өзінің ой-ниетін толықтай орындайды және сол арқылы сөйлеу жұмысында өзінің дүниеге деген көзқарасын көрсетеді.

Біз студенттердің болашақтағы сөйлеу қателерін анықтау үшін орта тілдік тұлғаның сөйлеу әрекетіне тән ассоциативті эксперимент жүргіздік. Сөздердің нақты формаларын білмеу, дұрыс емес сөз қалыптастыру, лексикалық үйлесімділіктің бұзылуы реакцияларда жазылады: ұмтылу – жоспарларыңыз, ұялшақ – әрекет ету, жер – жанбырмен боялған, қарыз төленген, жібек сығылған, тост көтерілген. Көптеген жағдайларда реакцияларда көрінетін лексикалық үйлесімділіктің бұзылуы паронимдер тобының дұрыс таңдалмауымен байланысты.

Паронимикалық типтің ықтимал қателігі – күнделікті жексенбі – бастауға болатын реакцияларға байланысты.

Эксперименттік және бақылау топтарында жақында орыс тілді студенттердің лексикасында агнонимді сөздердің үлесінің өскенін байқаймыз. Бұл өте өкінішті, өйткені бұл мәтіннің әртүрлі түрлерін түсінуге, әртүрлі мәдениеттер мен ұрпақтардың толыққанды диалогына кедергі келтіруі мүмкін. Әрине, бұл факт білім сапасына әсер етпейді.

Қазіргі орыс тілін сипаттауда ана тілінің лексикасының көлемі мен сипаты ерекше мәнге ие. Олар жеке-жеке анықталады және көптеген жеке параметрлер бойынша анықталады (жас, жыныс, білім, мамандық, қызығушылық шеңбері, оқу, шет тілдерін білу, тұрғылықты жері және т.б.).

Қазіргі орыс тілдік тұлғасының сенімді лексикалық портретін (қазіргі студенттің портреті, студенттік аудиторияда жаппай ассоциативті эксперимент жүргізілгендіктен) жасайтын «Орысша ассоциативті сөздіктің» материалдары [5], бірнеше ынталандырушы сөздердің қарабайырлық белгілерін көрсетеді. «білмеймін» сияқты реакциялар немесе сөздің семантикасы мен оның лексикалық байланыстары туралы қате түсінікті көрсететін реакциялар). Белгілі болғандай, жартылай анонимділік анық емес, көбінесе сөздің семантикалық идеясы немесе сөздің тиесілі кең аймағын белгілеу.

Агнонимияның бұл түрі «ескі күндердегі нәрсе», «бұрынғы нәрсе», «30-жылдардағы нәрсе», «сөйлемдегі нәрсе» реакцияларымен анықталады. «Мен білмеймін» реакциясы және басқа ұқсас реакциялар оқу процесінде белгілі бір концептуалды саланы меңгерудің қиындықтарын көрсетуі мүмкін (монополия, интеграл, стресс, емле). Алайда, көбіне сәйкес реакциялар белгісіз сөздермен белгіленеді (білмеймін – авангард суретшісі, долгунецтер, пропан, қалалық зал, тарантула, станок, қолжазба, сноб, баннер, күнделікті, киіз, фрезер, доп, мен сөздерді білмеймін – сел; түсінбеймін – шовинизм, өзгермелі) Бұл материалдар әртүрлі сипаттағы лексикалық бірліктердің агнонимия аймағына түсетіндігін куәландырады: бұл тарихнамалар, арнайы лексика және стилистикалық таңбаланған сөздер.

Сонымен қатар, бұл дегеніміз – жоғары оқу орындарының студенттері білетін табиғи және қажет болып көрінетін агнонимдер (әдет-ғұрыптық, аморфты, шовинизм және т.б.). Бұл жұмыста

алға қойған негізгі міндеттеріміздің бірі – Қазақстан Республикасындағы орта мектептің оқу бағдарламасында ұсынылған ғылыми терминологияны, неологизмдерді, архаизмдерді және қарыз сөздерді білу деңгейінде Қазақстан Республикасы жастарының сөздік ерекшеліктерін анықтау. Ең жиі кездесетін және жалғыз болатын ынталандырушы сөздерге реакциялар жеке лексикалық кеңістіктің негізгі компоненттерін және негізгі сипаттамаларын көрсетуге мүмкіндік беретін лексикалық портрет.

Зерттеуге сәйкес, көп жағдайда (72%) респонденттер ұсынылған лексикалық бірліктердің мағынасын немесе жұмыс істеу жағдайларын, лексикалық парадигмалардың нақты құрамын анықтай алатындығын көрсетті. Жұмыстың келесі кезеңінде Қазақстан жастарының лексикалық портреті туралы неғұрлым айқын және шынайы көрініс беретін, бойлық зерттеулер жүргізу керек.

Қазақстан жастарының үйлесімді ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларына ие екендігі куәландырады, респонденттердің 90% төлқұжат блогында «тілді білу» деген бағанда «орыс», «қазақ» және «ағылшын» тілдерін көрсеткен. Көптілділіктің (үштілділіктің) арқасында Қазақстан жастары кең лексикаға ие.

Қазақстанның соңғы онжылдықтағы білім беру саласындағы саясаты жас ұрпақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ұмтылады – жоғары сынып оқушылары мен студенттердің ғылыми терминологияны, неологизмдерді, архаизмдерді және қарызға алынған сөздерді меңгеруінің жоғары деңгейі бұған дәлел болады. Осылайша, ұсынылған лексикалық бірліктерді терең түсінуге ықпал етеді.

Сонымен, қазіргі жастардың лексиконындағы лакундар білім беру бағыттарын игерудегі басты кедергі болып табылады. Бұл үлкен әлеуметтік маңызы бар проблема, өйткені адресаттың сөздерді білмеуі, табысты қарым-қатынас үшін қажетті лексикондардың міндетті ортақтығының болмауы сөйлеу әсерінің тиімділігіне ықпал етпейді, сайып келгенде, тілдік мінез-құлыққа барабар емес әкелуі мүмкін.

Әдебиеттер

1. Караулов Ю.Н. Орыс тілі және тілдік тұлға / Ю.Н. Караулов // ред. 4, стереотип. – М.: URSS редакциясы, 2007. – 264 б.
2. Ляпон М.В. Тілдік тұлға: үстемдікті іздеу / М.В. Ляпон // Тіл – жүйе. Тіл – мәтін. Тіл – бұл қабілет. – М.: Наука, 1995. – Б. 78-85.
3. Карасик В.И. Сөйлеу мінез-құлқы және тілдік тұлғаның түрлері / В.И. Карасик // XX-XXI ғасырлар тоғысындағы бұқаралық мәдениет: Адам және оның дискурсы. – М.: Гноз, 2008. – Б. 24-38.
4. Костомаров В.Г. Заманның тілдік талғамы / В.Г. Костомаров. – Санкт-Петербург: Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, 1999. – 241 б.
5. Орыс ассоциативті сөздігі / Ю.Н. Караулов және т.б. // Орыс институты. – М.: Помовский және серіктестер, 1994-1998.

ҒТАХР: 39.01.45

Д.Д. Смағұлова

Абай облысы, Үржар ауданық білім бөліміне қарасты
«Ер Қабанбай орта мектеп-бақшасы» КММ-нің
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ-ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Қазақстан республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2024 жылы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына сәйкес **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мазмұны** жаңартылып, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғымымен үндеседі. Бағдарлама балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық, заң мен тәртіп

құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді.

Жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, ұлттық құндылықтарын, салт-дәстүрін, тілін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Өз кезегінде оқушының білім алу кезінде шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыру үшін төмендегі құндылықтардың тигізетін ықпалы зор. Атап айтсақ: – зияткерлік-шығармашылық; – әлеуметтік-қоғамдық; – әлеуметтік-педагогикалық [3]. Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда ұлттық құндылықтарымыз бен төл мәдениетімізді дамытуға ерекше мән беруіміз қажет.

Біртұтас тәрбие – белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Адамдардың бойында қалыптасқан имандылық қадір-қасиеттер рухани құндылықтарды, ал адамдардың қолымен жасалған тұтыну заттары мен кәсіби материалдық құндылықтарды құрайды. Осылайша, ғасырлар бойы адамзат жинақтаған өмірлік тәжірибе, тәлім-тәрбие, білім мен өнер ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде беріліп отырды. ХХІ ғасыр – адамзат санасын жаңа сатыға көтеріп, үлкен жаңалықтар тасқынымен таңғалдырған дәуір болып табылады. Ақпараттық қоғам, технологиялық мәдениет ғасырында ұлттық рух, қазақы құндылықтар еліміздің қоғамдық санасы мен бүкіл болмысының өзегі болуы керек. Құнды дүниеміздің ең елеулісі ол – рухани құндылықтарымыз. Өйткені рухани құндылықтарымызды ұлықтау арқылы рухымыз көтеріліп, атабабамыздың біздің бойымызға сіңірген игі қасиеттерін санамызда жаңғыртып, жүрегіміздің түкпірінде сақталған ұлттық болмысымызды оята білуге септігі тиеді. Рухы мықты ұлт қана ұлы ұлтқа айнала алады. Жаһандану заманында өзіндік келбетімізді сақтап, алып елдердің ығында жұтылып кетпей, ұлттық негізімізді сақтаушы күш – ол ұлттық құндылықтар.

Білім беру–қоғамдық құрылымның аса күрделі әлеуметтік экономикалық саласы. Өз кезегінде Қазақстандағы білім берудің негізгі бағыты-адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоршаған ортадағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, жеке-дара даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің баюына, көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасап, мүмкіндік беру болып табылады. Еліміздегі білім беру ісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуіне байланысты халықаралық талаптарға сай білім беру жүйесін дамыту міндеті тұр. Бұл міндетті жүзеге асырудың бірден-бір жолы – орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы оқыту теориясына негізделген тәсілді кең қолданған маңызды. Аталған заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі – оқушының кез-келген ақпараттарды өздігінен түсініп, өндеп қолдануына мүмкіндік тудыру және оқушылардың алған білімдерін орынды жерде пайдалана білуіне басты назар аударуы мен ақпараттық технологияларда құзырлылық танытуы болып табылады.

Оқушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндірмесінен алмай, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде үйренеді, дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасады. Оқу-тәрбие үдерісінде мұғалім тек білім көзі ретінде ғана емес, оқутанымдық әрекеттерінің белсенді ұйымдастырушысы ретінде қызмет етеді. Біртұтас тәрбиеде оқу-тәрбие процесін жандандыру мақсатында мұғалімнің оқытудың әдіс-тәсілдерін таңдап алуы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, олардың ізденуіне, танымын арттыруына мол мүмкіндік береді. Сабақ кезінде оқушы мен мұғалімнің арасында бірегей байланыс бекіп, білім алушы жеке ізденуге, саралап нақты шешім қабылдауға, сыни ойлауға, тұжырымын дәлелдеуге, белсенділікке ұмтылуы тиіс. Осылайша, оқушы коммуникативті қарым-қатынасқа түсіп, барлық білгені мен түйгенін санасынан өткізіп, топ құрамында немесе жұптық негізде және жеке орындаған жұмысы арқылы шығармашылық қабілетін арттырады. Заман талабына сай оқу үдерісін ұйымдастыруда оқушыны өнімді әрекетке баулу арқылы оның өз мүмкіндігін сезінуге, ашуға, өз бетімен білімін толықтыруға үйрету, қабілетті балалардың танымдық мүмкіндіктеріне сай сұранысын қанағаттандыру аса қажетті жайт. Осыған байланысты баланы ғылыми-зерттеу әрекетіне дайындау, оның зерттеушілік ізденіс білігі мен дағдыларын қалыптастыру қазіргі білім беру ісінің маңызды міндеті болып есептеледі.

Әдебиеттер

1. Тоқаев Қ.К. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleketbasshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
2. Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
3. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен педагогтердің жаңашыл тәсілдері негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдары. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 24 б.
4. Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері // әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 220 б.
5. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. – 83, 75, 76, 63, 175 бб.
6. Алтынсарин Ы. Өнер-білім бар жұрттар. – Алматы: Жалын, 1991. – 3 б.
7. Абай. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1977.

IRSTI: 16.31.51

M.T. Talgatova

NJSC «Shakarim University of Semey»
Kazakhstan, Semey; e-mail: mtalgatova8@gmail.com

LECTURERS AND STUDENTS' PERSPECTIVES ON SHAKARIM UNIVERSITY'S ASSESSMENT PRACTICES

In higher education, assessment-related topics have received a lot of attention. Concerns regarding assessment procedures in higher education have been voiced by numerous important writers with an interest in assessment. According to Boud (2009), there are issues with the traditional methods of evaluation used in higher education, which center on exams, assignments, and other forms of testing. Rust, Price, and O'Donovan (2003) point out that efforts have been made to create evaluation techniques that are more understandable to all parties involved, since there is a rising recognition in higher education of the need for greater transparency in assessment processes. For instance, there are still concerns about how well learners are taught the evaluation procedure and standards.

An additional issue regarding assessment practices pertains to the excessive focus on assessment grading in higher education. Summative evaluation in higher education, according to Knight (2002), is in «disarray». He believes that the overemphasis on grades and learning outcomes in present assessment procedures has a detrimental influence on students' learning and does not always take learning processes into consideration. If feedback is not provided on time, it might potentially affect learning as part of the evaluation process. Carless (2006) raises concerns regarding feedback that is provided to students when it is too late for them to apply it to their education. Hounsell notes that there is «growing concern that the provision of feedback on assignments may be in decline» [quoted in Boud & Falchikov, 2006, p. 401]. Similarly, Baty [quoted in Boud & Falchikov, 2006] expresses worries that students may not be able to take advantage of late feedback if it is not accompanied with constructive criticism. Continuous feedback appears to support the development of a learning environment where students can learn from past assignments and get better for subsequent ones.

The idea that evaluation can improve student learning and foster self-regulated learning is the main driving force for this study. Many writers believe that evaluation can function beyond assigning grades or ranking students' achievement [e.g., Boud, 2000; Boud & Falchikov, 2005; Carless, 2009]. Assessment can encourage future learning through the use of evidence collected from tests or assignments [Boud & Falchikov et.al, 2006].

In one Scottish institution, a study was conducted to find out how lecturers felt about the methods used for assessment. Maclellan (2004) investigated instructors' views about authentic assessment using a qualitative method. In-depth interviews were conducted with twelve academics who were typical of the group, including department chairs, module leaders/course directors, lecturers/part-time tutors, and others. They obtained degrees in a variety of fields, including psychology, art, and history.

The interviews centered on how they conceptualized the ideal evaluation. Stated differently, the study examined current assessment processes as well as recommended practices for future assessments. The study's conclusions identified five major themes, including the usage of criteria, assessment methods, learning kinds to evaluate, and assessment methods. More thought can be given to each of these themes. First, ranking student success was the goal of the assessment process. In this regard, Maclellan's (2004) findings and Samuelowicz and Bain's (2002) study were comparable. Academics' predominant views of the goals of assessment were found in both of these studies to be the ranking of students' accomplishments and the assignment of grades. Second, it was decided that evaluating subject knowledge was crucial, significant, and valuable. Thirdly, there were three different types of assessment: mixed oral-practical, which included group projects, poster sessions, fieldwork experience, and case studies; oral, which involved giving presentations and group discussions; and practical, which involved creating artifacts and materials. Lastly, participants believed that students ought to receive clear evaluation criteria along with the assigned tasks.

Prior research has been conducted in Scotland, Malaysia, Australia, New Zealand, and the United Kingdom. Only developed nations have conducted those studies. The results of prior studies conducted in Malaysia, Hong Kong, and Afghanistan showed that traditional evaluation methods predominated in those university settings [Brown & Wang, 2011; Fook & Sidhu 2011; Mussawy, 2009]. Furthermore, because they could take a more passive approach to their education, many students favored traditional techniques, according to a study conducted at a Portuguese institution [Fernandes et al., 2012]. According to numerous studies alternative assessment instruments should be used in universities, [Fook & Sidhu 2011; Mussawy, 2009; Struyven et al., 2005]. According to the studies, using different evaluation instruments encourages students to learn at a deep level and critically. Because alternative assessment seems to measure traits, abilities, and competencies that are relevant in situations more than merely the urgent requirements of summative assessment, it is thought to improve the quality of learning [Cummings et al., 2008; Struyven et al., 2005].

There isn't any research on how instructors and students view evaluation procedures in Kazakhstani higher education. Thus, it appears especially pertinent in the context of Shakarim university to look into how instructors and students perceive and interact with assessment procedures.

In Shakarim university the quality of education has been strongly disputed. The problem of evaluation is only one of several pressing issues facing higher education. In Shakarim, the majority of the assessment process is examination-based. From the start of their schooling to their time in university, learners have taken quizzes, tests, revision tests, and semester exams. Course material is frequently included in the assessment activities, and students typically memorize and repeat material in order to get ready for tests or exams. For instance, in order to determine admission to universities, each higher education institution administers an entrance exam. The entrance exam, which was utilized for many years in the educational system, has been replaced with the results of the grade 12 national examinations for university admission since 2002 [Chen, Sok, & Sok, 2007]. The grades in each subject and the total grade 12 ranking are used to determine university admission. This highlights the significance of grading in the Kazakhstan educational system for academic learning. There doesn't seem to be much proof that assessment activities in Kazakhstan tertiary education are intended to foster critical thinking, self-regulation, or lifetime learning.

Data was gathered for the study in order to understand how instructors and students at this specific university conceptualize evaluation. Through the use of questionnaires, information about instructors' and students' perspectives and assessment techniques was gathered. Because two groups of respondents were surveyed regarding their opinions of present evaluation processes, this study used a cross-sectional survey methodology. More precisely, the survey's data was used to examine how instructors and students perceived the assessment procedures.

One benefit of cross-sectional research is that it allows for the quick collection of data from a wide range of individuals, including those with varying abilities, gender, age groups, and socioeconomic status [Johnson & Christensen, 2008]. Given the diverse backgrounds of the participants and the challenging time restrictions, a cross-sectional study design was determined to be the most appropriate method for this particular investigation. In order to do this, the study used a combination of semi-interviews, focus groups, and questionnaires.

The Faculty of Philology lecturers and students participated in this study. Out of the faculty's sixty-two teaching staff, forty took part in the survey. In all, 102 fourth and third- year students took part in the

poll. The demographic data collected on the lecturers included their age, gender, subject taught, educational background, and number of years of teaching experience. Table 1 illustrates lecturers' characteristics.

Table 1 – Demographic information on lecturers

Characteristics		Total %
Gender	Female	80
	Male	20
Educational qualification	PhD	7
	Master	93
Teaching experience	3-5 years	45
	6-10 years	30
	11 and above	25

The table demonstrates that there are more female teachers in this faculty than male lecturers. There are around five times as many female academics as male lecturers. The data shows that 93% percent of lecturers held a master's degree, and only 7% held a PhD.

Female students outweigh male learners, as Table 2 further demonstrates. There are nearly twice as many female students as male students (70,5% female and 29,5% male). Additionally, the chart shows that 47,3% of students were in their third year and 52,7% of students were in their fourth year when they were surveyed.

Table 2 – Demographic information on students

Characteristics		Total %
Gender	Female	70,5
	Male	20,5
Year of studying	Fourth year	47,3
	Third year	52,7

Teachers and students were asked to report on their impressions and experiences with assessment purposes in the questionnaire. Participants were asked to rate the degree to which each of the four purposes applied on a four-point Likert scale: frequently, sometimes, never, and don't know.

Four main aspects of assessment were included in the questionnaire: Motivate student learning, rank student's achievements, identify student's strength and weaknesses, reflect lecturer teaching.

Most lecturers demonstrated that it was often vital to consider all four areas of assessment. In contrast, students were less likely than lecturers to rate all four qualities as vital. Compared to just 37% of students, who thought that this goal was occasionally essential, 66% of lecturers chose motivation for learning as a significant feature of assessment. More than seventy of professors thought that ranking students' accomplishment was significant, however just 42% of students thought the same. The majority of instructors and students believed that identifying students' strengths and weaknesses is usually a crucial goal of assessments. Compared to students, instructors appear to consider the four components of assessment aims to be more significant. Nonetheless, during focus groups and interviews, they expressed a common understanding of these points. The main goals of assessment are seen to be motivation, diagnosis of strengths and shortcomings, encouragement, and performance reflection in the classroom.

Results derived from the experiences of lecturers and students indicate that tests, midterms, written assignments, individual presentations, group project presentations with formative feedback, final examinations, and exams were the most often used forms of assessment. When asked about the current mode of assessment during interviews and focus groups, the respondents did not describe any experiences or practices in relation to alternative assessment methods, such as reflective journal writing, portfolio, cooperative learning, self-and peer assessment, problem-based learning, review and case studies, and project-based learning.

This suggests that they don't appear to be conversant with these different evaluation methods. It has been established that instructors utilised the explicit marking criteria that were provided in assignments and subject summaries, but students stated they had only sometimes been graded using implicit criteria.

According to Brown (2004), assessment criteria must be unambiguous, expressed in a clear and understandable manner, and made available prior to the assessment activities. In this regard, a major obstacle to faculty assessment methods is a lack of comprehension of the precise articulation of assessment criteria. Students won't know how to meet the required standard if they don't understand the evaluation criteria or if implicit criteria have been applied [Maclellan, 2001].

